ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық КОНСЕРВАТОРИЯСЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

МАГИСТРЛІК ОҚУЛАР

«Композитор, орындаушы, зерттеуші: музыка кеңістігіндегі сұхбат»
IV Республикалық магистрлік оқулар материалдары
18 ақпан, 2022 жыл

МАГИСТЕРСКИЕ ЧТЕНИЯ

«Композитор, исполнитель, исследователь: диалог в пространстве музыкального времени»
Материалы IV Республиканских магистерских чтений
18 февраля, 2022 года

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ

МАГИСТРЛІК ОҚУЛАР

«КОМПОЗИТОР, ОРЫНДАУШЫ, ЗЕРТТЕУШІ: МУЗЫКА КЕҢІСТІГІНДЕГІ СҰХБАТ»

IV Республикалық магистрлік оқулар материалдары
18 ақпан, 2022 жыл

МАГИСТЕРСКИЕ ЧТЕНИЯ

«КОМПОЗИТОР, ИСПОЛНИТЕЛЬ, ИССЛЕДОВАТЕЛЬ: ДИАЛОГ ВПРОСТРАНСТВЕ МУЗЫКАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ»

Материалы IV Республиканских магистерских чтений *18 февраля 2022 года*

Алматы 2022

УДК 78.071.1
ББК 85.31
К63

Құрастырушы редакторлар / Редакторы-составители:
Бегембетова Г. З., Кешубаева Д. Е., Балмагамбетова Л. М.

Редакторлық алқа / Редколлегия:
Бердібай А. Р., Каирбекова А. Г., Мылтыкбаева М. Ш., Бултбаева А. З., Махмуд Д. Е.

К63 **Композитор, орындаушы, зерттеуші: музыка кеңістігіндегі сұхбат / Композитор, исполнитель, исследователь: диалог в пространстве времени.** IV Республикалық магистрлік оқулар материалдары / Материалы IV Республиканских магистерских чтений. Ред. Ғ. З. Бегембетова, Д. Е. Кешубаева, Л. М. Балмагамбетова. – Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы / Казахская национальная консерватория имени Курмангазы. – 2022 ж. / г., 329 – бет. / стр.

ISBN 978-601-7848-99-6

Жинақ Еркеғали Рахмадиевтың 90 жылдық мерейтойына арналған IV Республикалық магистрлік оқулар материалдары бойынша құрастырылған. Форумның мақсаты – жұмыстың теориялық және тәжірибелік нәтижелері мен заманауи ғылыми ақпарат алмасуды заманауи тұрғыдан қайта ойлау болып табылады. Басылым жоғары білім берудегі шығармашылық мамандықтар бойыншажас ғалымдардың магистрлік зерттеу материалдарынан тұрады.

Сборник составлен по материалам IV Республиканских Магистерских чтений, посвященных 90-летию Еркегали Рахмадиева. Целью форума является научное осмысление теоретических и практических результатов работ и обмен современной научной информацией. Издание содержит публикации материалов магистерских исследований молодых ученых творческих специальностей высших учебных заведений.

ISBN 978-601-7848-99-6

УДК 78.071.1
ББК 85.31
К63
©Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, 2022
© Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, 2022
© Авторлар ұжымы / Авторский коллектив 2022

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ИЗУЧЕНИЯ ИСПОЛНИТЕЛЬСКОГОИСКУССТВА

Бақжол АҚАЖАН
Құрманғазы атындағы ҚҰК
1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ МАГИЯЛЫҚ САЛТ-ҒҰРЫПТАР (ҚОБЫЗШЫ С.ҮМБЕТБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЫСАЛЫНДА)

Аннотация

Баяндама қазақ қобыз дәстүрінің аса көрнекті өкілі – С. Үмбетбаевтың (1948-2020) синкретті тұлға ретінде қалыптасуының маңызды бір саласы – жауырыншылық өнерін сипаттауға арналған. Алты-жеті жасында қонған бұл өнердің арқасында С. Үмбетбаев ауылдастарының жоғын тауып беріп, болашақтағы оқиғаларды болжады. Жауырыншылық, бір жағынан, бақсылықпен қатар өмір сүрген, екіншіден, бақсылықтың құрамдас бөлігі болып келе жатқан өнер. Сонымен қатар, жауырыншылық – жыраулық дәстүр қалыптасуының алғашқы сатысы болып табылады.

Тірек сөздер: жауырыншы, әскери магия, болашақты болжау, бақсы, жырау.

Аннотация

Статья посвящена одной из важных составляющих синкретического облика известного носителя казахской кобызовой традиции Сматая Умбетбаева (1948-2020) – *жауырыншылык* (искусству гадания по бараньей лопатке). Этот дар предсказания он получил в раннем детстве. Будучи 6-7 летним ребенком, будущий кобызши при помощи своего дара помогал людям найти потерянное, прогнозировал предстоящие события. Тип носителя традиции – жауырыншы функционировал параллельно с искусством

баксы, а также был составной частью этого искусства. Одновременно жауырыншы считался начальным этапом формирования типа эпического сказителя.

Ключевые слова: жауырыншы, военная магия, предсказание, бахсы, жырау.

Abstract

The report is devoted to one of the important components of the syncretic appearance of the famous bearer of the Kazakh tradition of performing on kobyz by Smatai Umbetbayev (1948-2020) – zhauyrynshylyk (the art of divination on the shoulder of mutton). The gift of prediction by divination on the shoulder of mutton was given to S. Umbetbaev in early childhood. Being a 6-7 year old child, the future kobyzist, with the help of his gift, helped people find what was lost, predicted upcoming events. Type of tradition bearer - zhauyrynshy functioned in parallel with the art of bakhshi, and was also an integral part of this art. At the same time, zhauyrynshy was considered the initial stage of the formation of the type of epic storyteller.

Keywords*:* zhauyrynshy, military magic, prediction, bakh-shi, zhyrau.

Түрлі тұрмыс-тіршілік типтеріне тәуелді магиялық салт-ғұрыптар әлем халықтары, оның ішінде қазақ мәдениетінің тарихында маңызы орасан құбылыс болғаны белгілі. Бұл дүниені тылсым дүние күштерімен байланыстыру қызметін атқаратын ұлттық мәдениетіміздегі арбаушылық жанрлар бірқатар буын ғалымдарын қызықтырып, олардың әртүрлі қырларының зерттелуі бұл құбылыстың күрделілігін дәлелдейді.

Көрнекті қобызшы С. Үмбетбаевтың (1948-2020) бойына дарыған қобызда орындаушылығы, әншілігі, сазгерлігі және музыкалық аспаптар шебері ретіндегі өнерінің өзара сабақтастығы, оның «классикалық» үлгідегі

дәстүрлі өнер иесі екенін көрсетеді. Қобызшының тұлғалық келбеті – жаңа тас дәуіріндегі ырыми дәнекершілер өнерінен басталатын жеке кісі бойындағы арбаушылық қасиеттің ХХ ғасырға дейін жалғасып, дамып, түрлі көріністерде айқындалуының жарқын көрінісі. Өткен және үстіміздегі ғасырларда қобыз күйлерінің шебері туралы өмірбаяндық сипаттағы бірқатар очерктер мен мақалалар жазылғанымен [1-3], оның бойына біткен жауырыншылық өнерінің терең мәні авторлар назарынан тыс қалды. Ұсынылып отырған баяндама тақырыбының өзектілігі сонда.

Баяндаманың мақсаты – еліміздің белгілі қобызшысы – Сматай Үмбетбаевтың синкретті шығармашылық келбетіндегі жауырыншылық өнерінің үлкен маңызын ашу. Ол мақсатқа жету үшін жауырыншылықтың басты ерекшеліктерін сипаттау, оның бақсылық және жыраулық өнермен байланысын көрсету секілді міндеттер қойылған. Тақырыпты ашуда жүйелі, дискриптивті және салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды.

С. Үмбетбаев ғұмырнамасын сипаттаған авторлардың деректеріне қарап, қобызшының өмірлік және шығармашылық жолын шартты түрде екі кезеңге бөліп қараған абзал. Оның алғашқысы – күйшінің Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында туғанынан бастап, Алматыға оқуға шақырту алғанға дейінгі кезең (1948-1970 жж.) Екіншісі – Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында оқу барысы, консерватория қабырғасындағы шеберханадағы еңбегі, Жамбыл филармониясында, Ықылас атындағы халық аспаптары мұражайында қобыз дыбысын жетілдіруші (эксперт-шебер) және Қазақконцерт ұйымы «Сазген» ансамблінің құрамында еңбек еткен жылдары және қайтыс болғанға дейінгі кезең (1980-2020). Болашақ қобызшының бойына жауырыншылық өнердің қонуы оның балалық шағымен байланысты болды. Журналист Ж. Әшімжан Сматайдың алты жасында жауырын ашып, ауылдастарына, жақын-алыс аймақтарының кісілеріне

ұрланған дүниелерді тауып бергенін, жауырыншы ретіндегі даңқы жайылып, соның нәтижесінде бір күні басына қауіп төнгенін айтады. Оны автор: «Ұрлықтары ашылып қалатын қарақшылар жауырыншы баланың көзін жоймақ көрінеді. Өзіне ашқан қара қойдың сүйегі осылай сөйледі. Сматайдың әкесі Мұқаметжаннан да маза кетті. Ауылдағы жөн білетін абыз-қарияларды жинап, баланы жауырыннан айырмақ. Жауырын қайтару әсте оңай шаруа емес, дегенмен баланы ортаға оңашалап алған ақсақалдар бар өнерлерін салды. Ақыры жауырыннан аластатылған Сматай жерге сұлық құлады. Содан он екі күн бойы төсек тартып қатты ауырған. Ақыры жасырын жауырын ашып, өзіне ем іздеді. Жауырынға түскен қан тамыр секілді иректелген іздер, «қобыз» деген сөзді түзіп шықты. Алдына бір қара салып, жетегіне бір жылқы алып Мұқаметжан шал айтулы шеберге барып қобыз шаптырып әкеліп, қасиеті бар аспапты баласының қолына ұстатты. Сматайға қобыз осылай қонған», – деп сипаттайды [4].

Осылайша жауырынмен бал ашу жас жеткіншектің тылсым әлеммен байланыс жасауының алғашқы кезеңі болса, сол өнер ерекше қасиет иесі болған баланы шығу түбі ұшқатпарлы әлеммен байланысты бақсылық өнерге сүйенген қобызшылыққа әкелді. Басқаша айтқанда, ақсақалдардың ұйғаруымен тоқтатылған жауырыншылық Қорқыт заманынан келе жатқан қобызшылыққа ұласты.

Отандық ғылымда қыл-қобыз күйлерінің бақсылықтан бастау алғаны туралы, бақсы өнерінің қыр-сыры туралы тұжырымдары бар бірқатар еңбектердің жарық көргені мәлім. Зерттеушілер арасында қыл қобызда тартылатын күйлер мен сарындар көмегімен бақсы ауруларды емдегенде, ол Жоғарғы және Төменгі әлем иелерімен қарым-қатынас жасайтыны туралы да тұрақты пікір қалыптасқан. Алайда С. Үмбетбаев бойындағы жауырыншылықтың болғаны туралы мәселені ашу үшін ол өнерді зерттеген мамандардың еңбектеріндегі тұжырымдарға жүгінуге тура

келеді. Зерттеуші Б. Хинаят «Жауырыншылық тарихы» мақаласында әртүрлі халықтардағы жауырынмен бал ашу құбылысы өткен ғасырлар ғалымдары (Гильом де Рубрук, П.С. Паллас, А.И. Левшин, Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов т.б.) назарына ілінгенін жазады. Көрнекті қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов: «Жауырынмен бал ашу және құмалақпен бал ашу қазақтар арасында ең кең тараған балгерліктің түрлері. Бал ашудың бірінші түрі – жауырынмен бал ашқанда, жауырынды отқа қыздыра бастағандағы жауырынға түскен елгі – сызықшаға негізделеді. Бақсылардың айтуынша, жауырын жеті халықтың тағдырымен қоса патшалардың өлімін, елінің өлім-жітімін, саяхатшыларының басынан кешкендерін айтып бере алады. *Бақсылардың ішіндегі мықтылары күйдірілген жауырынмен бал ашатындары болып есептеледі*... (Белгілеген А.Б.) [5, 158]

Баяндамада қарастырылып отырған мәселемен арнайы айналысқан мамандар оның қалыптасып даму тарихы туралы түрлі болжамдар айтып, пікірлерін археологиялық ескерткіштер деректерімен (Б. Хинаят), ауыз әдебиетін жасаушылар типтерінің пайда болуы тарихымен байланыстырып (Е. Тұрсынов), логикалық дискурсқа сүйеніп дәлелдейді (Б. Абылқасымов). Мысалы ғалым Б. Хинаят: «...Остеологиялық деректер зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, неолит дәуірінен басталған үй жанарларын қолға үйрету ісі қола дәуірінде қарқынды дамығандығы және түліктің құрамында да елеулі өзгерістер енгені белгілі... Көне сенім-нанымның жаңғырығы көшпелілер мәдениетінің айшықты элементтерінің бірі – қой жауырынымен бал ашу, болжау мал сүйегінің сиқырлы күшіне сыйынудан туған және ортаазиялық түп негізден, тіптен хуннулер заманынан бастау алады және ол үстіміздегі ғасырдың басына дейін жеткен», – деп жазса [6], «Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» монографиясының авторы, көрнекті зерттеуші Е. Тұрсынов жауырыншылардың бақсылардан және балшылардан

бейтарап (жеке) тип болғанын көрсетіп, олар отқа салынған жауырын көмегімен әскери магия әрекетін жасағанын, атап айтқанда, жаудың қай жақтан шабуыл жасайтынын, дұшпанды қалай жеңуге болатынын болжағанын және сөзін поэзиялық формада жеткізгенін жазады [7, 222][1].

Жауырыншылықтың пайда болғаны туралы осыған ұқсас ой Б. Абылқасымов пен А. Тойшанның еңбегінде де келтірілген. Мұнда авторлар: «...бақсының болжаушылық қызметі кейіннен пайда болды деген пікір жаңсақ. Себебі мамандалу процесі әрқашанда жалпыдан жалқыға қарай дамитыны белгілі. Әу баста бақсыға тән көп қызметтер кейіннен арнайы мамандарға көше бастайды. Соның бірі – болжаушылық міндет. Қазақта ол бірте-бірте жауырыншыға, ырымшыға, балгерге ауысқан. ... Бақсы сырқатты емдеп қана қоймайды, оның өткені мен болашағына міндетті түрде болжам жасайды... Сөйтіп, болжаушылық –бақсы атқаратын ырыми міндеттердің бірі болып табылады»,– дейді [8, 58-60]. Ғалым Б. Хинаят жауырыншылықтың екі түрінің түркі – монғол халықтарында болуы туралы дерек келтіргені де

[1] У многих народов, наряду с шаманами, занимавшимися лечением больных, а также прорицателями, обслуживающими повседневные нужды населения, существовала особая категория людей, функция которых заключалась в отправлении военных культовых церемоний и совершении магических обрядов, направленных против врага. Они исполняли роль прорицателей, которые заранее узнавали о возможном нападении противника, о том, с какой стороны следует ожидать нападение, и давали соответственно этому советы о том, как должны вести себя воины в этих условиях. В прошлом такие специализированные военные прорицатели существовали у казахов. Их называли «жауырыншы». В мирное время жаурыншы... занимались прорицательством, используя при этом свое средство: баранью лопаточную кость, которую бросали в огонь и наблюдали за трещинами на ней. Однако в военное время дружинники брали с собой в поход жауырыншы. Жауырыншы находился при предводителе дружины... Прорицания свои они высказывали в стихах. ..(Жауырыншы жырау типі қалыптасуының бастапқы кезеңі) [7, 222]

аталған өнердің көнелігін дәлелдейді. Бұл ретте автор зерттеуінше, жауырынмен бал ашудың екі түріндегі іс-әрекет пен олардың атаулары қазақ, қырғыз және монғолтектес халықтарда ұқсас екені белгілі болды. Жауырынның сакралды қызмет жасаудағы екі түрі қазақтарда "жауырын қарау" және "жауырын жағу", қырғыздарда "далы көрүү" және "далы күйгүзүү" немесе "далы жагуу", ал моңғолтілді елдерде "далаар харах", "түлсэн далны шинжилгээ" деп аталады. «Соңғылары өртегенін "қара жауырын", күйдірмегенін "ақ жауырын" атайды. Сонымен бірге бұл жұрттарда жауырынмен бал ашу тәсілдері, орындалу техникасы мен болжау тұспалдары ұқсас»,– деп жазады [6]. Сонымен қатар, жауырынға қарап бал ашу мотивінің бірқатар ауыз әдебиеті нұсқаларында кездескенін автор: «...қазақ космологиялық жұмбақ ертегісінде алыптар мен мифтік меже уақытын салыстыру үшін керуеншілер қонған жерді өгіз жауырынына балайды. "Қобыланды" жырындағы Қарабұқан, "Алпамыс" пен ноғайдың "Қарайдар мен Қазығұл" дастанындағы жауырыншылар, "Манас" дастанындағы қазақ Қайғыл, Боғал, Торуылшы, қырғыз Ағыбай жауырыншылар әрекеттері осыған мысал бола алады»,– дейді [6].

Қалыптасу дәуірлері әртүрлі болса да, қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетінің типтері – бақсылық пен жыраулықтың өзара байланысы магиялық қызмет атқаратын ғұрыптық фольклорға негізделіп, Қорқыттан келе жатқан қобыз аспабымен байланысты екені этномузыкатанушылар еңбектерінде жазылып келе жатқаны белгілі» [9, 75]. Сонымен қатар, екі тип арасындағы туыстық жауырыншылық өнерінен де байқалатынын жоғарыда келтірілген деректер дәлелдейді.

XX-XXI ғасырларды көне дәуірлер рухани мұрасымен байланыстырушы С. Үмбетбаев репертуарында қобыз күйлерімен қатар, бақсы сарыны, Арқа дәстүріндегі фольклорлық және ауызша тараған кәсіби әндер, домбыраға

арналған күйлер де болғаны белгілі. Бабаларымыздан қалған музыкалық қазынаны меңгеріп жеткізуімен қатар, қобызға арналған күйлер шығарып, олар орындалған киелі аспапты өзі жасаған Сматай Үмбетбаев мәңгілікпен ұштасқан әуен-саздардың терең құпияларының біразын өзімен бірге алып кетті. Алайда қобызшының таспаларда жазылған күйлері мен әндері, берген сұхбаттары, ол туралы жазба және ауызша деректер синкретті өнер иесі, сакралды мәні бар дәстүрлі өнер «могиканының соңы» С. Үмбетбаевтың есімі ел жадынан ешқашан кетпейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ибраим С. Сыр Перне: Эсселер мен публицистикалық мақалалар. – Алматы: «Ана тілі», 2015. – 240 б.
2. Алтай А. Сматай қобызшы // «Парасат» журналы №5 (503). – Алматы, 2000. 5 мамыр. – 8-10 бб.
3. Әсемқұлов Т. Қобызшы Сматай // «Алтын орда» газеті №19 (225), Атырау-ақпарат баспасы, Атырау, 2004 жыл,14-20 мамыр, 14-15 бб.
4. Электронды ресурс. Әшімжан Ж. Сматай қобызшы. Kazgazeta.kz. Сайтқа кіру датасы – 14.01.2022. Уақыты:22.57
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы,1985. – Б.157-161.
6. Электронды ресурс Хинаят Б. Жаурыншылық тарихы. https://abai.kz/post/7371. Сайтқа кіру датасы – 21.01.22. Уақыты: 23.39
7. Турсынов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: Фолиант, 1999. – 252 с.
8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Магиялық фольклор. – Астана: «Фолиант», 2013. – 432 б.
9. Омарова Г. Единство музыки, поэзии и магии как отражение целостности мифологического сознания в культуре кочевников// Культура кочевников на рубеже веко (XIX-XX, XX–XXI в.в.) Проблемя генезиса и трансформации. – Алматы, 1995. – С.74-76

Автор туралы мәлімет:

Ақажан Бақжол – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Бердібай Айжан Рахманқұлқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD).

Сведения об авторе:

Акажан Бакжол – магистрант 1 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Бердыбай Айжан Рахманкуловна, доцент кафедры «Музыковедения и композиции» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, доктор философии (PhD).

Айгерим АПЕНОВА
Құрманғазы атындағы ҚҰК
2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӘНШІЛІК МЕКТЕБІНДЕ КҮЙ ӨНЕРІ МЕН ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация

Мақаланың негізгі нысаны – Батыс Қазақстан мектебіне тән дәстүрлі әншілік өнер. Академиялық, классикалық, дәстүрлі түрге бөлінетін әншілік өнердің ішіндегі зерттелуі қажет өзара мәселелері де жетерлік. Мақала аясында отандық зерттеушілердің музыкалық еңбектері зерттелді. Батыс Қазақстан ән мәдениетін зерттеуші өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Тұрмағамбетованың, Айтжан Есенұлы, А.Жайымов және PhD докторы А.Күзеубайдың еңбектеріне шолу жасалды. Мақалада әншілік өнер мен күйшілік өнердің арасындағы байланыстарға, ән орындау барысындағы шеберлікті меңгеруде күйшілік өнердің алатын орнының ерекшелігіне назар аударылды. Дәстүрлі әннің негізі болып табылатын домбырада қостап тарту ерекшелігіне тоқтала отырып, қағыс қағу әдіс-тәсілдеріне мән беріледі. Талдау барысында әншілік өнерді меңгерудің алғышарттарында музыкалық-ноталық сауаттылық пен күйшілік өнердің атқаратын рөлінің маңыздылығы тұжырымдалған.

Тірек сөздер: Батыс Қазақстан ән мәдениеті, дәстүрлі ән, күй, қағыс, домбыра қостау, әдіс.

Аннотация

Основной объект статьи – традиционное певческое искусство, характерное для Западно-Казахстанской школы. Среди академических, классических, традиционных видов певческого искусства достаточно много вопросов, которые

необходимо изучить. В рамках статьи были изучены музыкальные труды отечественных исследователей. Проведен обзор работ исследователя песенной культуры Западного Казахстана кандидата искусствоведения Б.Турмагамбетовой, Айтжана Есенұлы, А.Жайымова и доктора PhD А.Кузеубай. В статье было уделено внимание связям между певческим искусством и искусством кюя, занимающих специфическое местов овладении навыками пения. Особо отмечаются приемы игры на домбре – «кагыс», которые являются отличительной особенностью традиционной песни при исполнении в сопровождении домбры. В ходе анализа сформулирована важность роли музыкальной нотной грамотности и исполнительского искусства в предпосылках овладения певческим искусством.

Ключевые слова: Западно-Казахстанская песенная культура, традиционная песня, кюй, кагыс, домбра, метод.

Abstract

The main object of the article is the traditional singing art characteristic of the West Kazakhstan school. There are quite a lot of questions among academic, classical, and traditional types of singing art that need to be studied. Within the framework of the article, the musical works of domestic researchers were studied. A review of the works of the researcher of the song culture of Western Kazakhstan, Candidate of Art history B. Turmagambetova, Aitzhan Yesenovich, A. Zhayymov and PhD doctor A. Kuzeubay. The article paid attention to the links between the singing art and the art of cui, the specifics of the place occupied in mastering singing skills. The main distinctive feature of traditional singing is the combination of playing the dombra, special attention is paid to the techniques of "kagys". In the course of the analysis, the importance of the role of musical notation literacy and performing arts in the prerequisites for mastering the singing art is formulated.

Keywords: West Kazakhstan song culture, traditional song, kui, kagys, dombra, method.

Ән өнерімузыкалық мәдениеттің кең тараған бір саласы [1]. Қазақтың халық әндері мен халық композиторларының әндері – халқымыздың тарихын, ұстанымын, тұрмыстық салт-дәстүрлерін бейнелейтін өмір айнасы. Қазақән өнерінің түпкі тамыры өте тереңде. Халық әндері мен халық композиторларының әндерін орындау әншілік өнердің дамуына септігін тигізді, көптеген шебер орындаушылар пайда болды. Әр уақытта әншілік өнер мен орындаушылар туралы өнертанушылар, жазушылар, филолог, этнограф-саяхатшылар және т.б.көптеген мәліметтердіжазған. Қазақ әнін жүйелі зерттеу жұмысы ХХ-ғасырдың алғашқыонжылдығында қолға алына бастады. Зерттеушілеріміз М.Әуезов («Қазақ әдебиеті тарихының» қазақ фольклорына арналған томдық еңбектері, «Абай жолы» атты 4 томдық роман-эпопеясы), А.Жұбанов («Қазақ халқының 1000 әні», «Замана бұлбұлдары», «Ғасырлар пернесі», «Құрманғазы» атты монографиялық туындылары), Е.Брусиловский («Қыз Жібек», «Жалбыр» операларымен бірге «250-ден астам халық әндері мен күйлерін зерттеп, жинақтаушы), Б.Ерзакович (20-дан астам монографиялар мен кітапшалар, 200-ге жуық мақалалар мен очерктер, кәсіби әнші-композиторлардың шығармаларын қамтитын 12 музыкалық-этнографиялық жинақтардың авторы), А.Затаевич («Қазақ халқының 1000 әні» 1925 ж; «Қазақтың 500 ән-күйі» 1931 ж; «Қазақ музыкасының 3 томы» жинағы т.б.), З.Қоспақов («Әнші тағдыры» 1971 ж; «Қазақ музыка фольклоры» 1982 ж; «Қазақ музыкасының тарихнамасы» 1986 ж; «Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің» 1996 ж; «Қазақ әншілік дәстүрі» 1998 жыл т.б.), Ә.Марғұлан («Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» еңбегі мен «Шоқан және Манас» монографиясы) сынды тағы басқа да ғалымдарымыздың назарына ілігіп, зерттеу жұмыстарына ие болуы арқылыән өнері өміршең болып келеді.

Дәстүрлі әншілік өнер – қазақ халқының арасында кең

қанат жайған музыканың үлкен бір саласы болып табылады. Академиялық, классикалық, дәстүрлі түрге бөлінетін әншілік өнердің ішіндегі зерттелуі қажет өзара мәселелері де жетерлік. Көне заманнан бізге жеткен қазақ өнерлерін атап айтсақ, ол шешендік өнер болмасын, жыраулық, күйшілік өнермен бірге қазақтың дәстүрлі әншілік өнері күні бүгінге дейін сарқылмас ұлт қазынасы болып келер ұрпаққа жалғасын тауып келеді. Асыл өнеріміздің күні бүгінге дейін жаңашыл сипатқа ие болып, өз кеңістігінде өміршеңдігін дәлелдеп, биік белеске көтерілуінде, ең алдымен қазақтың дарынды өнерпаздарының атқарған үлесі мол. Түрлі саз бен мақамдарға, иірімдерге, құрылымдарға бай қазақтың дәстүрлі әншілік өнері халық арасында ауызекі таралу мәдениеттік мектеп ретінде құйма-құлақ әдісі бойынша жалғасын тапқан болса, бүгінгі күні арнайы музыкалық білім беру орындарында ән тарихы, әншілік өнерді жеткізуші, насихаттаушы ірі өкілдердің өмір шығармашылықтарымен таныстыра отырып, әнді әуендік, интонациялық, гармониялық, ладтық, саздық құрылымдармен қоса терең, жетік меңгерту аясында жаңаша бағытта оқыту жүйесі қалыптасты. Заман талабына сай қалыптасқан мектептердің әндерін сақтап, кейінгі ұрпаққа насихаттап үйретуде, оқытушыларға, зерттеушілерге қолданатын нұсқаулық-әдістемелік оқулықтарды жасақтауда әр мектеп бойынша жеке зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Сан жылдық тарихы бар дәстүрлі әншілік өнер рухани даму негізінде үлкен кәсіби деңгейге жетіп, мектеп-мектептерге бөлініп, алға дамып отырды. Кәсібиліктің кемел сатысына көтерілген дәстүрлі әншілік өнергеографиялық орналасудың ықпалымен орындаушылық ерекшеліктеріне сәйкес Арқа, Батыс, Сыр, Жетісу және Алтай-Тарбағатай болып ірі мектептерге бөлінетіндігін білеміз. Аталған мектептер ішіндегі Батыс мектебі еліміздің Батыс Қазақстан аймағында қалыптасты. «Батыс әншілік мектебі қалыптасқан бұл аймақта ХХ ғасыр басына дейін бүгінгі шекарамен

бөлінген жерлер Орал, Орынбор, Ақтөбе губерниялары, Адай, Гурьев, Бөкей және т.б ойыздарына бөлініп, бүгінгі қатар жатқан облыстардың территорияларын біріктіріп тұрды» [2, 8].

Бұл аймақта Мұхит мектебімен қатар Маңғыстау өңірінің қайқылар мектебі қалыптасқан. Батыс Қазақстан ән мектебін зерттеуші Бақыт Тұрмағамбетова екі мектептен бөлек Жылой әндерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі жөнінде мәлімдейді.

«Жылыойдың лирикалық әндері өзіндік сипатқа ие. Диапазоны ауқымды, кең тынысты талап ететін биік әндері бір жағынан Мұхит мұрасының әсерімен қалыптасса, домбыра сүйемелі кербез, жай екпіндегі Маңғыстау күйлерінің, жырларының табиғатына жақын» [2, 11]. Сондай-ақ өнертану ғылымдарының кандидаты, музыкатанушы, зерттеуші Атыраулық Б.Ж.Тұрмағамбетова бұл өлкенің ән жанрын ел аузынан жинап, нотаға түсіріп, оқулықтарға енгізіп, еңбектер жариялауда соңғы жылдары өте қарқынды жұмыс жасап жатыр. Ол өзінің «Ұлттық өнер – өміршең қазына» (2013 жыл), «Қазақстанның Батыс аймағының ән мәдениеті» монографиясы (2018 жыл), қазақ және ағылшын тілдерінде «Ән қайнары – Кең Жылыой» оқу-әдістемелік құрал (2018 жыл), «Атырау өлкесінің әндері» (ХХ ғ. композиторларының шығармашылығы) 2 томдық антологиясы (2020 жыл), «Хаттар Дүйсемәлиевтің музыкалық мұрасы» атты көмекші оқу-құрал (2021 жыл) атты құнды еңбектерін жарыққа шығарды. «Соңғы он жылдықта зерттеу нысанына айналған өңірге жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында жүздеген музыкалық үлгілер нотаға түсіп, бұл аймақтың ән мәдениетін жаңа қырынан тануға мүмкіндік ашты. Сарыарқа дәстүріне ақындық лирикалық институт, ал Каспий маңы мен Ақтөбе, Орал жерлерін қамтыған Батыс аймағының мектебіне өлкенің көнеден келе жатқан жыршылық өнерінің ықпалы зор болды... Екінші жағынан, тарихта белгілі болғандай

күйшілік дәстүр өңірде бүгінге дейін сабақтастығын тауып, үзілмей, атадан балаға жалғасып келеді. Ән мәдениетін зерттеуде осы ғасырлар қойнауынан келе жатқан екі ірі жанр тоғысуын ескеруге міндеттіміз және ол ән жанрынан айқын аңғарылады» [3, 14-15]. Зерттеуші Батыс Қазақстан дәстүрлі саз өнерінің зерттелуі аталмыш өлкенің жыршылары, әсіресе әншілер мұрасы ғалымдар назарына ілінбей, күй өнерінің көлеңкесінде қалып қалғандығы туралы сөз етеді.

Батыс Қазақстан әншілік мектебінің іргетасы XIX ғасырдан бастау алған Мұхит бабамыздың есімімен тығыз байланысты. Дарынды әнші, композитор Мұхит Мерәліұлы Батыс мектебінің негізін қалап, оның орындаушылық мәнерін биік белеске көтерді. Тіпті, Батыс әншілік мектебі деген атау «Мұхит мектебі» деген ұғыммен де тең қарастырылып жүр. Алайда, бұл айтылғандар Батыс өлкесінен Мұхиттан басқа әнші, композиторлар шыққан жоқ деген сөз емес. Өмір сүрген жылдары мен шығармашылықтары әлі де толық зерттелмеген (Шайқы, Шынтас, Сақып, Көбен, Қызыл, Қиса, Бала Ораз, Сарышолақ, Ажар, Білек, Ерғали Аязбай т.б), 1-2 әні болса да халық аузында сақталып бізге жеткен өнер иелері мен тұлғаларымыздың өмір-шығармашылығын толық зерттеуден өткізу жұмыстары өзекті мәселелер қатарында.

Батыс Қазақстан әндері мазмұнына қарай орындаушыдан жігерлікті, құрылымдық күрделілігіне сай кең тынысты созылыңқы орындалуын, домбыра қостауында батыстың төкпе күйлерінде кездесетін түрліше күрделі қағыстарды меңгеруді талап етеді. Домбыра қостауында кездесетін кейбір қағыстар өңірдің кейбір күйлерінде кездеседі. Жеке орындалған ән бір бөлек болса, әнді домбырамен қостап орындау әнге басқаша дем беріп, дауыс бояуын өзгеріске ұшырататыны да бар. Домбыра үні әнге түрлі бояу беріп, жаңаша сипатта аспап үніне сай дауыс та өзіндік ерекше күйге ауысады. Батыстың төкпе күйлері жігерлі, екпінді, жалынды болатындықтан, дәстүрлі ән де

бұл сипаттан алыс кетпейді. Яғни, орындаушы ән характерін, әннің болмысын, мәнін, мектептің стилін дәл төкпе күйлерде кездесетін қағыстар, ырғақтар, штрихтар арқылы тыңдаушыға жеткізе алады. Кейбір деректерде Мұхит бабамыздың да дәулескер күйші болғандығы жөнінде ақпараттар бар. «Композитор әндерінің аспаптық сүйемеліндегі алуан түрлі қағыстар мен күрделі иірімдер оның дәулескер күйші болғандығынан хабар береді. Бұл жөнінде Ахмет Жұбанов оның Боғданың, Тазбаланың, Абыл-Қошқардың, Сәулебайдың күйлерін нақышына келтіріп орындаушыларының бірі болғандығын және өзінің күй шығарғандығын да жазады. Демек, Мұхит әндерін домбырамен сүйемелдеп айту үшін әнші домбыраны күйшіден кем меңгермеу керек» [3, 26]. Бұл жазбаларда Б.Тұрмағанбетова Мұхит мектебіне Бөкей Ордасындағы күйшілік мектебінің ықпалы болғандығын сөз етеді.

Осы орайда дәстүрлі әншілерге домбыра аспабын өз деңгейінде меңгеру үшін міндетті түрде Батыс Қазақстанның күйшілік мектебіне бет бұратынымыз белгілі. Күйшілік өнердің де өз заманында өнерпаздардың қызығушылығымен хатқа түсіретін ноталық мәдениет жоқ болса да күйшілердің жанында жүріп, орындаған күйлерін сол мезетте қағып алып, сымбатын жоғалтпай, саздық құрылымын есте сақтап, көшпенді уақытта елден елге, жерден жерге көшіп, атадан балаға мирас етіп, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырды.

«Сүргіні мол отыз жетінші жылы өнердің көбіне тыйым салынған кезде де күй тартылыпты. Себебі, бақытымызға орай, басқыншылар күйден, өнерден ешқандай тағылымы жоқ жабайы жандар еді. Ал, түсінбеген нәрсесінен олар қорықпайды. Күйді дыбыстардың жәй ғана жиынтығы деп есептеген. Сол себепті баба өнеріміз кесілуден аман қалыпты» [4, 5].

Бүгінде ән мен күйдің бірнеше түрі қалыптасып, орындаушыға тән бірнеше нұсқалары да жеткен. Әлбетте,

құм басып, шаң астына көмілген қала мен ауылдар секілді уақыт өте келе ән-күйдің де бізге жетпей қалған есебі қаншама.

Өнер мен мәдениеттің қағаз бетіне түспей халық санасы мен көкейінде сақталуының артықшылығы мен кемшілігі жөнінде белгілі зерттеуші А.Тоқтаған былай дейді:

«Артықшылығы – ол мәдениеттің актуальдылығында, күнде қайталанып отыратындығында, кемшілігі – қағазға түспеген себепті, құжатталып бекітілмеген себепті, түпнұсқа көнереді, кейінгі дәулескер күйшілердің орындаушылық талдауының арқасында басқа түрге енетіндігінде. Ал күйдің вербальдық сыңары, яғни сөзбен айтылатын хикая-түсініктемесі де осы тағдырды бастан кешіреді. Біз осы күні тартылып жүрген күйлердің о баста қандай болғандығын білмейміз». Хатқа түспеу салдарынан қаншама жүздеген орындаушылардың сүзгісінен өткен шығармалардың адам танымастай боп өзгеріске ұшырауы әбден мүмкін. Демек, жазба мәдениеттің болмау салдарынан қазіргі біз тыңдап жүрген күйлер мен әндердің түпнұсқаларының қандай болғандығы бәрімізге беймәлім. Десек те, қиын-қыстау заман мен қуғын-сүргін кезеңдерде де ел жүрегінен орын алып, бұрмаланып кетсе де ән мұрамыз өз қаймағы мен сыр-сымбатын жоймай бізге жеткен. Біздегі мақсат – қолда барды қадірлеп, келер ұрпаққа жалғаудың жолын жасау.

Дәстүрлі ән – синкреттік өнер, яғни бір өнер ішінде күйшілік, ақындық әншілік және әртістік өнер салалары қатар тоғысқан. Дәстүрлі ән өнері тікелей домбыра аспабының қостауымен орындалатын болғандықтан күйшілік өнермен үлкен сабақтастыққа ұшырайды.

Бірқатар еңбектерден күйшілік өнерде өз сара жолдарын қалдырған белгілі күйшілердің де термелетіп, толғаулар орындап, тіпті ән салып, жыршылық дәстүр мен әншілік өнерден алыс болмағандығы туралы көптеген деректерді кездестіреміз.

Белгілі зерттеуші Ахмет Жұбанов «Құрманғазы» атты еңбегінде Құрманғазы Сағырбайұлының термелетіп, термесінің соңын күйге ұластырғандығы жөнінде мына оқиғада баяндайды:

«Бір күні Махамбет Жәңгірдің он екі биімен бірге далада келе жатса керек. Сонда астындағы Қарақасқа аты алды аяңдап, арты желіп, билердің алдына оқ бойы озып отырыпты. Сонда бір би тұрып: «Ей, Махамбет! Қазақта атты адамдар қатар жүреді. Сен немене тазы итке ұқсап жұрттың алдын бермейсің!» - десе керек. Сонда Махамбет артына қарап, екі бүктеп ұстаған бұзау тіс, он алты өрім бөкейлік қамшысын тақымына тіреп, бір жағына қисайыңқырап отырып: «Е, неменесі бар, мен қарғылы қара тазы болып алдарыңда оқ бойы шығып отырсам, артымнан он екі төбет дүңкілдеп ере алмай келе жатса, дүниенің қызығы сол емес пе» - деп билердің жағын қарыстырған екен дейді. Құрманғазы: «Қайран от ауызды, орақ тісті ақыным-ай», - деп, сол арада:

Исатай мен Махамбет,

Өкіне ме екен «өлдім» деп! –

деген жолдармен басталатын өлеңін жайлап термелеп айтып келіп, аяғында бір күй тартып жіберген екен дейді...» [5, 17]

Сондай-ақ, Құрманғазының күйлерден бөлек ән шығарғандығы да осы А.Жұбановтың еңбегінде жазылған: «Құрманғазы өзін еш уақытта әншімін деп санаған жоқ. Бірақ оның шығарып кеткен кейбір өлеңдері өткір, жүрегіңе шық ете қалады. Сонымен қатар, оның шығарған әндері біраз болуы керек. Біздің қолымызда бар «Аш бөрі» әні Батыс Қазақстан әндерінің сарынында шығарылған кішкене қысқа ғана ән. Ал, «Қазижан» олай емес», - деп, «Қазижан» әні жауынгер-композитор Рамазан Елебаевтың Совет Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арналған «Жас қазақ» әні тектес автордың келбетін көз алдыңа елестететін шығарма дейді. Бұл жазбалардан да күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлының даңқты күйші бола тұра

өнерін ақындық өнермен ұштастырып, терме, әндер шығарып орындағандығын аңғарамыз.

Өмірдің соқпағы мен тоқпағын қатар көріп, қиын қыстауды басынан өткерген Құрманғазы қартайған шағында кедейлік күндерді бастан кешеді. Ел күйшісінің күйлерін сағынып үйіне ағылған достары мен туыстары, тыңдаушылары келген шақта кедейлік салдарынан қонақтарын жайлай алмағандығы Құрманғазының жанына аса қаяу түсіріп:

“Сұрасаң менің атым Құрманғазы,
Құтқармас қанша қоян құмнан тазы.
Үйіңе досың келіп құр аттанар,
Қайтейін кедейшілік малдың азы.
Күреңнің тобығынан тарттым таңба,
Бай менен бас имедім биге, ханға
Арықтап сары аурудан тұрғаныңда,
Ас тауып бере алмадым Қазижанға.
Айтайын айт дегенде өлеңімді,
Білемін бір күн барып өлерімді.
О да бір маған берген бақыт шығар,
Кетейін жайып жұртқа өнерімді.
Құрекең ұшқан құсқа мылтық атқан,
Жігітке жараспайды үйде жатқан.
Кешегі буырқанған кезеңімде,

Байларды қабан едім зар жылатқан”, - деп домбыраға қосылып әндеткендігі жөнінде, генерал-губернаторлардың қысымымен түрме босағасын көріп, түрмеден қашқан сәттерінде достарын паналап, тығылудан шаршаған Құрманғазы танысы Мақаш Бекмұхаммедов правителінің үйінде өзін ақтап алуына көмектесуін де терме-толғаулатып жеткізгендігі туралы А.Жұбановтың «Құрманғазы» атты еңбегінде ашық баяндаған. Сонымен қатар, ел арасында «Шоң» атанып кеткен Мұхиттың ұлы Мұхамеджанның да домбыра мен скрипка аспабын тартып, әншілікті қатар алып жүргендігі айтылады.

Мұхит немересі, «Шоңның» ұлы Лұқпан Мұхамеджанұлы Мұхитов А.Жұбановтың замандасы болған және 1933 жылы Алматыға келген кезінде екі жылдай ән салып, концерттер мен радиоға шығып жүрген Лұқпан – Сәулебай, Тазбала (шын аты Есбай) күйлерін Ахмет Жұбановқа орындап, жеткізген. 1944 жылы консерватория ашылған уақыттан бастап өмірінің соңына дейін домбыра сабағынан берген Лұқпан бүгінгі күнде Жайық бойының өзіне тән орындаушылық дәстүрдің өкілі, Құрманғазы күйлерін тікелей насихаттаушы және «күйші» ретінде танымал. Алайда, А.Жұбановтың жазуы бойынша өз кезінде Лұқпанды халық «Шоңның әнші, домбырашы баласы» деп атаған.

«Лұқпан да жасынан әнге, домбыраға әуес болып, атасы Мұхиттың:

“Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр,
Болады баспағымен төртеу биыл.
Мұхиттың шаруамен жұмысы жоқ,
Елдегі ойын менен жиынға үйір”, - дегені сияқты, бұ да сол малшы болып жүріп-ақ ойын-тойда ән салатын» [5, 98].

Бұл жазбалардан да күйшілік өнердің зерттелуіне қарағанда салыстырмалы түрде Мұхит өнері мен Батыс Қазақстан әншілік өнері күй өнерінің көлеңкесінде қалып, ән өнеріне насихаттың аз болып, кәсіби тұрғыда оқытылатын мамандық ретінде кенжелеп дамығанын аңғаруға болады.

Өткір, жігерлі күйлерімен танымал батыр, жауынгер Махамбет Өтемісұлының да бойында бірнеше өнер тоғысқандығы туралы тарихтан белгілі. «Мен, мен едім, мен едім», «Ереуіл атқа ер салмай», «Аспанда ұшқан бозторғай», «Әй, Махамбет жолдасым» секілді т.б. өзіндік мақамдарымен орындалатын терме-толғаулары да бүгінгі күні оқу-бағдарламаларында үйретілетін шығармалар қатарында.

Адайдың «жеті қайқыларының» ішінде Өскінбай мен Қаржау Тұрсынның да бойында жыршылық, күйшілік,

әншілік өнердің де тоғысқандығын білеміз. Өскінбайдың бүгінге дейін жеткен бірнеше толғаулары мен жиырмадан астам күйлері бар. «Көршілес жатқан түркімен елінің көрнекті өнерпаздары – Құлбай, Сапар-Мамбет, Өдеулі сияқты танымал күйшілермен араласып, көптеген қызулы өнер сайыстарына түскен. Осындай өнер алаңының ішінде бірге қайнап жүрген Өскенбай тек күй ғана орындап қоймай, сонымен бірге, ән салып та жүрген екен. Балқасым бимен айтысы кезінде жеңіске жеткен өлеңі, Ырзабек пен Бурабек байды сынға алған өлеңі, Алмағамбет байдың кемшілігін бетіне басуы сияқты, шын мәнінде оның бойында суырып салма ақындық өнерінің де бар екені көрінеді» [6, 13].

Батыс Қазақстан облыстары мен Гурьев (қазіргі Атырау) күйшілік өнерін насихаттаушы, күйлерді оркестрге лайықтаған дирижер, композитор Сейілхан Хұсайыновтың да елге танымал «Мереке» атты күйімен бірге бір топ әндерінің жарыққа шыққандығын білеміз. Өзіндік орындаушылық стилі бар, күй орындауда импровизациялық элементтермен күйді түрлентіп, құбылтып, тыңдаушыға жаңаша сипатта ұсына алатын қабілетке ие күйші, композитор Қаршыға Ахмедияров атамыз да бір топ күйлерімен қатар көптеген әндердің авторы.

Батыс Қазақстан күйшілік өнері мен әншілік өнерін байланыстыратын мәліметтерге зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Батыс мектебінде орындаушылық шеберліктері басым дәстүрлі әншілердің көпшілігі әншілікті бастамас бұрын күй мамандығында оқығандығы туралы ақпараттарға көз жеткіздік. Аталмыш оқу орындарының жетістікке ие болған, тәжірибелі мамандарының және қазіргі уақытта елге танымал дәстүрлі әнші (жыршы) өнерпаздардың домбыраны жақсы меңгергендігі назар аудартады. Мысалы, тәжірибелі ұстаз Р.Латифуллина 1969-1973 жылдары Гурьев музыка училищесін күйші Ғизат Әдепқалиұлының класынан «домбыра» мамандығы бойынша аяқтап, кейін 1979 жылы Құрманғазы атындағы

қазақ ұлттық консерваториясында Қ.Мұхитовтың класынан білім алған. Кейін дәстүрлі әнге қызығушылығы артып, күй саласынан дәстүрлі әнге ауысқан.

Батыс мектебінің ән өнерін шебер орындаушылар қатарындағы ұстазымыз С.Жанпейісова да консерваторияны Құбыш Мұхитовтың класынан күйшілікті бітірген. Бүгінгі күні дәстүрлі әнші ретінде танымал А.Ерімбетова ұстазы А.Самықов күйші болғандықтан алдымен күйлерді көп үйретіп, сосын әндер үйреткен. Н.Әбілхасан да оқушы кезінде арнайы музыкалық білімін домбырашылықтан бастаған. Осындай көптеген мысалдардан да бұл ұстаздардың домбыраны күйшідей меңгеріп үйренгендігі ерекше көңіл бөлетін жағдай. Әнші, жыршы Елдос Емілді жергілікті тыңдарман алдымен күйші ретінде таныған.

Ғарифолла Құрманғалиевтің тікелей шәкірті Сәуле Таудаеваның туған әкесі елге танымал күйші болған (ақпарат тікелей Сәуле Таудаевамен жасалған сұхбаттан алынды). Марқұм Пахаман Құттымұратов дәстүрлі әншіліктен бұрын «Домбыра-прима» мамандығы бойынша білім алған. Нотаға аса сауатты Пахаман Құттымұратов дәстүрлі әндерді нотаға түсіруді оқушыларға колледжде оқу бағдарламадан тыс «әдістеме» пәнінде үйреткен мұғалімдердің алғашқыларының бірі болды. Және Батыс Қазақстан мәдениеті бойынша әндер нотаға түсіріліп, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен «Ақ сұңқар» атты еңбегі баспаға ұсынылып, көмекші оқу-құрал ретінде жарыққа шықты. «Жинаққа 150-дей Батыс өңірінде жиі орындалатын халық әндері мен термелері, осы өңірдің өнерпаздарының әндері Пахаман Бүркітбайұлының өзі шебер орындап білетін әндері кірістірілген» [7].

Атырау облысының Исатай ауданы, Аққыстау селосындағы Шәмшиден Шәріпов атындағы балалар саз мектебінің білікті маманы, «Халық әні» класының оқытушысы Бахитова Әсем Жолдасқызы дәстүрлі әншілерді

оқытуда бірінші сыныпқа қабылданған оқушыны алғашқы екі тоқсан бойы тек домбыра аспабын меңгеріп, күйлерді ойнап үйренуге оқытады, содан соң ғана ең жеңіл деген домбырамен қостап айтылатын әндерге көшеді.

Демек, бұл ақпараттардан дәстүрлі әншіліктің шебер орындаушысы болудың қыр-сыры аспапты күйшілердің деңгейіндей меңгеруде және нота сауаты арқылы домбыраны меңгерген әншілікке икемді, дауыс бояуы бар баладан жақсы дәстүрлі әнші дайындауға болатынын ұғамыз. «Домбырамен ән салуда негізгі екі ерекшелік бар: біріншісі, дауыстың табиғи үнін әншілік аппарат қызметімен байланыстыру, яғни әндету, екіншісі, домбырада қостап тартуы (сүйемелдеу)» [8, 10].

Домбыра қағыстары арқылы әншінің дауыс бояуы түрленіп, әнге сан қилы ерекше мінез бен сипат беріп, дауыс сазындағы интонация мен дыбыс шығаруда позицияның басқа күйге ауысу мүмкіндігі туындайды. «Еліміздің барлық аймағындағы орындаушылық мектептерде, әсіресе Батыс өлкесінде домбыра сүйемелі әннің характерін беруде, тыңдаушыға жеткізуде өте үлкен рөл атқарады. Аспап сүйемелінсіз ән бір сипатта болса, домбыра партиясы шығармаға өзгеше бояу, мінез береді» [3, 64].

Әншінің өзін домбырамен шебер сүйемелдей алудың да өз алдына ерекше өнер екендігін А.Жұбанов былай деп келтіреді:

«Дауысын домбыраға қосып айтатын әнші тамағын кенеп қойып, домбырасын безілдетіп, әннің жалпы сарынын бірер қайырып алады да, дауысты көтере шырқайтын жерлерде салмақты домбыраға салыңқырап, әннің ырғағын да, әуенін де құбылтып, қос ішектің үнімен мәнерлей түседі. Кейде тіпті дарынды әнші музыка шумақтарының аралығында өз алдына дербес интермедиялық сипаты бар әуендерді де тартып жібереді» [9, 119].

Дәстүрлі ән өнерінде әнші ән орындау барысында домбырада **«ән шақыру»**қағысы, одан соң әннің бірінші

шумағы аяқталған кезде «**тыныстама» қағыс** және бунақтар арасында **«сабақтас»** қағыс орындауы міндетті. «Ән басталар алдында аспапта ойналатын қағыс маңызының ерекшелігін біле отырып, аспапта қостай тартуға байланысты **ән шақыру, сабақтас, тыныс** және **түйіндеу** қағыстарын қарастырамыз. Ән басталар алдында аспапта әуен саз ойналады, оны біз *шақыру* дейміз, яғни бұл әннің бастауы, әрі қарай шумақ арасында аспапта *тыныстама* қағыс ойналады, мұны біз *жалғасы* дейміз, үшінші, ән толық аяқталарда соңғы буын аспаппен бірге қостай тарту арқылы ән қазығына (тоника) оралады, бұл кезеңді аспап сүйемелінде түйіндеу қағыс, яғни *аяқталуы* дейміз»[10, 71-72].

Ән шақыру қағысын ойнау барысында – әнші қандай да бір әннің орындалғалы жатқанын тыңдаушыға ұғындыра алады. Яғни, әнде кіріспе қағысты ойнаудың мақсаты – тыңдарманды әнді тыңдауға дайындау болып табылады. Ән шақыруда ән ішіндегі кездесетін ең жоғарғы ноталар, әннің иірімдері, қайырымдары немесе қайырмасы домбыра аспабында орындалу арқылы әннің нақты әуені көрсетілуі керек. Бұл орындалғалы жатырған әннің қаншалықты күрделі, қандай диапазонды ән екендігін білдіреді.

Ал, *тыныстама қағыс* дегеніміз – бұл әннің бірінші бөлігінен кейін орындалатын қағыс. Қағыстың мақсаты – әншінің бірінші бөліктен кейін демалуына арналады. Бұл қағыс ойналған сәтте тыңдаушы бірінші бөлікте айтылған әннің мағынасын қорытып, бойына сіңіре алады. Сондықтан әнші бұл қағыстарды жәй ойнай салмай, әр орындайтын әніне өзіндік ән шақыру және тыныстама қағыстарды шебер түрде ән әуеніне сай қалыптастырғаны жөн.

Әнді домбырамен қостап орындаудағы процессте қағыстардың әнші дауысына әсер ету ықпалы өте көп. Мысалға, дауыс мүмкіншілігі зор, бояуы қанық, кең диапазонды әншілер болуы мүмкін. Бірақ, домбыра қостауында шеберліктің жетіспеушілігінен, яғни,

қағыстардың қолдану реті мен домбырада еркін ойнай алмау салдарынан өзінің дауыс мүмкіншілігін толық көрсете алмайтын әншілер жиі кездеседі. Домбырамен қостап ән айтуда оң қол қағыстары мен сол қол бір жерден қалт кетіп, сүрініп тоқтап қалатын болса, әншінің дауысы автоматты түрде тоқтап, ән ортасынан үзілуі де мүмкін. Сондай-ақ, қағыстардың сөз буындарынан қалыс қалып, кейбір сөздік буындарға қағыстың жетпей тұруы немесе буындардан тым артық қағыстардың ойналуы әнді өз деңгейінде еркін айтуға кедергі келтіреді. Ал, әншінің орындаушылығындағы бұндай жетіспеушіліктер алғашқы дәстүрлі ән үйрену барысында оқушының музыкалық сауаты жүйелі түрде жүрмей, домбыра аспабын меңгеруде кеткен кемшіліктер салдарынан болуы әбден мүмкін.

Сондықтан, дәстүрлі ән бағытында сауатты, шебер орындаушыны қалыптастыруда алғашқы сабақтардан бастап ноталық жазумен домбыра аспабын меңгеруге аса зейін қою қажет екендігін ұғамыз. Жоғарыда аталған «ән шақыру», «тыныстама», «сабақтас» қағыстарды еркін ойнау, батыс мектебінің стиліне тән қағыстарды жүйелі қалыптастыру үшін күйшілік өнердегі күйлерді ойнап үйрену әдістеріне сүйенеміз.

«Күні бүгінге дейін домбыра тартуды үйрету мен оқытуда Л.Хамиди мен Б.Ғизатовтың «Домбыра үйрену мектебі», Х.Тастановтың «Алғашқы домбыра үйрену мектебі» және «Домбырадан сабақ беру методикасы» атты кітаптары музыкалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары және өздігінен үйренуші талапкерлер үшін негізгі оқу құралдары болып келді. Бұл еңбектер әр кезеңде домбыра шертуді нотамен меңгеріп, музыкалық сауат ашуда алғашқы оқу құралдары ретінде үлкен роль атқарды»[11, 3].

Жиырма жыл бұрын 2001 жылы Атырау облысының Аққыстау селосында «Шәмшиден Шәріпов» атындағы балалар саз мектебінің «Халық әні» класына бірінші сынып оқушысы болып қабылданған кезден бастап ұстазым

Бахитова Әсем Жолдасқызының жетекшілігімен дәстүрлі әншіліктен бұрын жоғарыда аталған Латиф Хамидидің, А.Жайымовтың «Домбыра үйрену мектебі» оқулығы бойынша 5 ай бойы күйшілік өнерге тәрбиелендім. Мектептегі екінші сынып оқушысы үшін нота жүйесімен музыкалық сауаттылықты үйренумен қатар күйшілік өнердегі қағыс, өлшемдік есептер, ырғақтарды меңгеру оңай емес екендігі анық. Сол кезде «мен әнші болуға келген едім ғой» деп ұстазымның маған неге ноталармен күйлерді үйрететіндігін түсінбейтінмін. Уақыт өте келе ең жеңіл деген халық әндеріне көшіп, дәстүрлі әншілікті меңгере бастадым. Біраз уақыт қара қағыстағы халық әндерін меңгергеннен кейін Батыс Қазақстан дәстүрлі әншілігіне тән орама қағыстағы күрделі әндерге көше бастадық. 6 ай бойы «Домбыра үйрену мектебі» оқулығындағы домбыра ойнап үйренуге арналған жаттығулар, этюдтер мен халық күйлері «Кеңес», «Айжан қыз», «Келіншек», «Қоңыр», «Жастар биі», Құрманғазының «Кісен ашқан», «Балбырауын», А.Жұбановтың «Би күйі», Тәттімбеттің күйі «Қосбасар», Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйі, Динаның күйі «Тойбастар», С.Құсайыновтың «Мереке» күйлерін үйрену арқылы дәстүрлі ән орындаудағы домбыра сүйемелінде кездесетін орама, ілме аралас қағыстарды меңгеру қиынға соқпады. Сол кездегі ұстазымның қолданған әдісінің дәстүрлі ән үйретудегі басты мақсаты Батыс әншілік мектебіне тән қағыстарды еркін меңгертуі екендігін енді түсінгендеймін.

«Аймақтың ән қағыстарының өзгешеліктері төкпе дәстүрінде кездесетін тастап қағу, орама қағыс, ілме қағыс, қара қағыс, алма кезек қағыс, түйдек қағыс, сүйретпе қағыс, біртіндеп, екпіндетіп, т.б белгілермен ерекшеленетін едәуір күрделі қағыстар үлкен орындаушылық шеберлікті қажет етеді»[3, 64]. Әндерді кәсіби оқытуда күйлерде кездесетін түрлі қағыстар мен жиі өзгеріске ұшырайтын ырғақтарты күйлерді меңгеру арқылы дәстүрлі әнші мектепке тән аталған қағыстарды (орама, алма-кезек, тентек, аралас, қара,

ілме, түйдек, адай қағыстарды) еркін ойнай алады, әуеннің сан алуан құрылымдарын сезіну арқылы әнге ерекше дем береді. Мысалы, Дина анамыз өз күйлерінде оң мен сол қолды ойнату тәсілдерін шебер пайдалана білген. Сондай-ақ, оның күйлерінде тыңдарман көңілін өзіне аударту үшін күйді оқыстан тоқтатып, қайта жалғайтын қағыстары секілді өзіне тән ерекшеліктері бар. Батыс әншілік өнеріне тән қағыстарды көптеген төкпе күйлерде кездестіреміз. Мысалы: Құрманғазының «Байжұма», «Жима» күйлеріндегі П V V секілді ілме қағыстар мен П V П V төмен жоғары алма кезек қағыстар, «Төремұрат» күйінде кездесетін П V П секілді түйдек қағыстар, «Балбырауын» күйіндегі П П V П V қағыстары батыс әншілігінде жиі қолданатын қағыстар қатарына жатады.

Батыс мектебінің күйлеріне тән өлшемдердің жиі ауысуы, бір күйде 2/4, 3/4, 4/4; 5/8, 6/8, 7/8 9/8 секілді әр түрлі өлшемдердің қолданылуы, төрттік, сегіздік, он алтылық ноталардың кездесуі, сондай-ақ лига, фаршлаг, нахшлаг секілді әдістердің алынуы мен оң қолдың сілтеп қағылуы, сол қолдың жүйріктігі тәрізді әдістер жиі кездеседі. Сондықтан Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Махамбет, Дина Нұрпейісовалардың күйлерін нақышына келтіріп орындап, күй өнеріндегі әдістерді қолдану – дәстүрлі әншіге аса қажет. Ән орындау барысы тікелей домбыра қостауымен орындалатындықтан күй ойнаудағы тәсілдерді жиі қолдануға тура келеді. Өзімізге таныс емес әнді меңгеру үшін әннен бұрын домбыра сүйемеліндегі әуенге сай қандай ырғақты қағыстарды алатынымызды ойланып, ойнап көріп, содан соң бір тұтас әнді орындап шығып, әрі қарай пысықтап болған соң ғана әнді толық орындау мүмкіндігі туатынын білеміз. Әншінің әнді шарықтау шегіне жеткізіп, кең тынысты әндерді орындауда әнді домбыра қағыстарымен байытып, құбылтып отыруының бірден-бір қыр сыры оның домбыра ойнаудағы әдістерді жақсы меңгере алғандығында.

Д. Нұрпейісова атындағы музыкалық колледжде дәстүрлі әнге оқып жүрген уақытта ұстаздарымыздың «жалпы домбыра» пәні мұғалімімен жиі байланыс жасап, оқушының ән орындауда аспап сүйемеліндегі жетіспейтін тұстармен пікір алмасатындығын байқайтынбыз. Және «домбыра» пәнінен басқа мамандық оқушылары арасында (домбыра-прима, бас домбырашы, қобызшы және дәстүрлі әншілер) жылына бір рет домбыра аспабында ойналатын күйлер мен композитор шығармалары бойынша сайыс ұйымдастырылатын. Осы сайысқа қатысу барысында көптеген оқушы өзін домбырашы деңгейінде сезініп, күйшілікті меңгеруге ерекше дайындық үстінде болатын. Бұндай жағдайларды ұстаздарымыздың оқушыға домбыра аспабын өз деңгейінде шебер орындап, жақсы меңгертуге қолданған әдістерінің бірі десек болады.

Ән салу сабағы мен домбыра сабағының арасындағы өзара тығыз байланысы туралы тәжірибелі ұстаз А.Ерімбетова былай дейді: «белгілі бір әнді оқушыға үйрету үшін домбыра сабағының оқытушысына барып, Динаның белгілі бір күйлерін немесе Қазанғаптың триольдық қағыстары бар күйлерін үйретуді сұраймын. Осылай болғанда ғана оқушы қағысты жақсы меңгеріп, мен күткен нәтижеге қол жеткізеді».[2]

Ал, көп орта оқу орындарда қосымша сабақ ретінде өтетін «Жалпы домбыра» пәнінің ұстаздары дәстүрлі әншіге «күйші емес қой» деген жаңсақ пікірмен студентке жеңіл күйлерді беріп, одан күйшілікке тән орындаушылықты аса талап етпейтіндігін білеміз. Мектепке тән әндерді шебер орындау үшін аспап сүйемелін ажарландырып, кемел орындаушылық дәрежеге жеткізу – осы қосымша «домбыра» пәнінің атқаратын қызметі. Әншілік орындаушылықтың сипаттарын, мәнерін мінездеу үшін күйшілік формаға тән

[2] ҚР Мәдеиет қайраткері, әнші А.Ерімбетовамен жүргізген сұхбаттан (2021).

қағидаларды меңгеру қажет. Қазір дәстүрлі әнге оқушы студенттерден күй ойнап беруін сұрай қалсақ 2-3 күйдің басын қосып жатқа орындап беруі екіталай. Оқу жүйесінде «Жалпы домбыра» пәнінен мамандық пәнімен қатар аралық бақылау мен тоқсандық қорыту барысында «домбыра» пәнінен емтихан жиі қабылданса оқушылардың дайындығы артып, аспап меңгеруі жақсара түсуіне жағдай жасалар еді. Оқу соңында түлектердің мамандық пәнінен мемлекеттік емтихан тапсыратындай «домбыра» пәнінен де мемлекеттік емтихан тапсыруы талапқа қойылса, жоғарыда айтылған Батыс мектебінің әндерін домбырамен сүйемелдеп айту үшін дәстүрлі әнші домбыра ойнауды күйшіден кем меңгермеу керек деген ұсыныстың нақты шешімі болар еді.

Біз мақалада әншілік өнердің күй өнерімен байланысы бары жайында біршама мәліметтер келтірдік. Осыған орай болашақта келесі мәселелер қарастырылуы қажет:

1. Күйлердегі қағыс үлгілері қандай әндерді орындағанда жиі кездеседі;
2. Күйлер мен әншілердің қағыстарындағы музыкалық форманың ортақ тұстарын анықтау;
3. «Ән шақыруда» кездесетін музыкалық форманың ауқымы, қағыс түрлерінің ерекшеліктері;
4. Домбыра қостауды дамытуда әнтектес күйлердің алатын орны;
5. Әнші Ғ.Құрманғалиевтің домбыра қостауында кездесетін қағыс үлгілеріне назар аудару.

Қорыта келгенде, жаңадан дәстүрлі ән үйренуге келген жас буындарды тәрбиелеуде жоғарыда аталған «Домбыра үйрету мектебі» оқулықтары секілді «Дәстүрлі ән үйрету мектебі» атты Батыс Қазақстан мектебінің дәстүрлі әндеріне лайықталған жаттығулар, әндерде қолданылатын қағыстар, әр түрлі ырғақты күйлер, арнайы ноталық жүйемен жазылған әндерді қамтып, оқулықтарды жарыққа шығару қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қожахметова А. «Әншілік дауыс тәрбиесі»: Оқу әдістемелік құралы. –Алматы, 2007. – 92 бет.
2. Тұрмағамбетова Б.Ж. ӘН ҚАЙНАРЫ – КЕҢ ЖЫЛЫОЙ. SONGS OF ZHYLYOI: Оқу-әдістемелік құрал (қазақ және ағылшын тілдерінде). –Алматы: Service Press, 2018. – 224 б.
3. Тұрмағамбетова Б. Ұлттық өнер – өміршең қазына: Ғылыми зерттемелер мен мақалалар. –Алматы, 2013. – 360+8 түрлі-түсті жапсырма бет.
4. Айтжан Есенұлы. Күй – Тәңірдің күбірі. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1996. – 208 бет.
5. Жұбанов А. Құрманғазы. Алматы «Өлке», 2006 ж. – 416 бет.
6. Қойысова Мөлдір Аманжолқызы. Маңғыстаудың күй және жыраулық дәстүрлерінің сабақтасуы. Алматы,2021.
7. Құттымұратов П.Б. Ақсұңқар (көмекші оқу құралы) Алматы 2016.
8. Күзеубай А.Ұ. Домбырамен ән салу: Оқу-әдістемелік құрал(бастаушы және орта буын орындарына арналған). – 2 басылым, өңделген және толықтырылған. –Алматы, 2018. – 152 б.
9. Ән-күй сапары.Жұбанов А.Қ. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976.
10. Күзейбай А.Ұ. Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша) Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2016.
11. Жайымов А. ж.б. Ж 19 Домбыра үйрену мектебі (А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов.) – Алматы: Өнер, 1992. – 240 бет.

Автор туралы мәлімет:

Апенова Айгерім – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Күзеубай Аманкелді Ұзақбайұлы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық әні» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының докторы (PhD).

Сведения об авторе:

Апенова Айгерим – магистрант 2 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Кузеубай Аманкелди Узакбайулы, старший преподаватель кафедры «Народное пение» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, доктор искусствоведческих наук (PhD).

Марал АХМЕТБЕКОВА
Құрманғазы атындағы ҚҰК
1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ВОКАЛДЫҚ ӨНЕРДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Вокалдық өнердегі музыка туындыларын түсіндіру мәселелерінде интерпретация үлкен орын алады. Себебі шығармашылық интерпретация мәселесі орындаушылық өнердегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті бір шығарманың бірнеше интерпретациясы туралы еңбектердегі (мақалалар, сұхбаттар, тәуелсіз зерттеулер) тұжырымдардың қай-қайсысы болса да, орындаушы үшін қызықты. Кез-келген интерпретация музыка зерттеушісінің жеке көзқарасын қамтиды, бұл ретте композитордың ой-пікірлері орындаушының жеке басының, оның ішкі еркіндігінің призмасы арқылы жүзеге асады.

Шығарманың орындалуын оның интерпретациясы ретінде қабылдау идеясы пайда болғанына аса көп уақыт болған жоқ. Музыкалық шығармаларды интерпретациялау арқылы вокал өнеріне қадам басқан жас ұрпақ шығарманы вокал өнері тұрғысынан түсіндіру мәселелерін зерттейді. Интерпретацияның көркемдік көрінісі музыканттың психологиялық және кәсіби қасиеттеріне байланысты: оның музыкалық қабілеті мен есту қабілеті, интеллектісі, темпераменті, эмоционалды сезімталдығы, музыкалық тәжірибесі, орындаушылық төзімділігі, зейіні, ойынды басқару қабілеті.

Сондықтан музыкалық орындаушылық – кез келген кәсіпке тән өзіндік қайталанбас ерекшеліктері бар өте

күрделі шығармашылық процесс екенін ұмытпаған жөн. Жалпы вокалдық орындау өнеріндегі ерекшелікке тек орындаушылықты байланыстыру ғана емес, сонымен қатар, музыка туындысының шығармашылық сипатын жетілдіру және образды көрсету, мәтіннің ерекшелігін көрсететін музыкалық-гармониялық байланыс, музыканың теориялық бағыты: ырғақ, бейне, динамикалық ерекшелігі, шығарманың берілу тәртібі жатады.

Тірек сөздер: Интерпретация, ноталық мәтін, музыкалық орындаушылық.

Аннотация

В вопросах исполнения и изучения музыкальных произведений в вокальном искусстве важное значение придается интерпретации. Потому что проблема творческой интерпретации является одной из актуальных в исполнительском искусстве. В этой связи большой интерес вызывают разные исследовательские жанры с анализом нескольких интерпретаций одного и того же произведения, то есть статьи, интервью, самостоятельные исследования и др.Любая интерпретация предполагает индивидуальный подход к исполняемой музыке.

В данном случае идеи композитора реализуются через призму личности исполнителя, его внутренней свободы. Идея воспринимать исполнение произведения как его интерпретацию возникла сравнительно недавно. Молодое поколение, шагнувшее в будущее вокального искусства через интерпретацию музыкальных произведений, изучает проблемы интерпретации произведения с точки зрения вокального искусства. Художественное выражение интерпретации зависит от психологических и профессиональных качеств музыканта: его музыкальности и слуха, интеллекта, темперамента, эмоциональной отзывчивости, музыкального опыта, исполнительской выносливости, внимания, умения контролировать игру.

Поэтому важно не забывать, что музыкальное исполнительство – это очень сложный творческий процесс, который имеет свои неповторимые особенности, присущие любой профессии. К особенностям в общем вокальном исполнительском искусстве можно отнести не только связывание исполнения, но и совершенствование творческих способностей произведения и демонстрацию образа, музыкально-гармоническую связь, отражающую специфику текста, теоретическую направленность музыки: ритм, образ, динамические особенности, порядок передачи произведения.

***Ключевые слова*:** Интерпретация, нотный текст, музыкальное исполнительство.

Abstract

In matters of performance and study of musical works in vocal art, interpretation is of great importance. Because the problem of creative interpretation is one of the most urgent in the performing arts. In this regard, different research genres are of great interest with the analysis of several interpretations of the same work, that is, articles, interviews, independent studies, etc. Any interpretation implies an individual approach to the music being performed.

In this case, the composer's ideas are realized through the prism of the performer's personality, his inner freedom. The idea to perceive the performance of a work as its interpretation arose relatively recently. The younger generation, who stepped into the future of vocal art through the interpretation of musical works, is studying the problems of interpreting a work from the point of view of vocal art. The artistic expression of the interpretation depends on the psychological and professional qualities of the musician: his musicality and hearing, intelligence, temperament, emotional responsiveness, musical experience, performance endurance, attention, ability to control the game.

Therefore, it is important not to forget that musical performance is a very complex creative process that has its own

unique features inherent in any profession. The features in the general vocal performing art include not only the linking of the performance, but also the improvement of the creative abilities of the work and the demonstration of the image, the musical-harmonic connection, reflecting the specifics of the text, the theoretical orientation of the music: rhythm, image, dynamic features, the order of transmission of the work.

Keywords: Interpretation, musical text, musical performance.

Шығармашылық интерпретация мәселесі орындаушылық өнердегі өзекті мәселелердің бірі. Шығармалардың авторлары бізден қаншалықты алыс болса, соғұрлым бұл мәселе өткір болады, өйткені шығармаларды жазу шарттарының, тілінің, стилінің жазылу жағдайларының жаңа ерекшеліктері ашылып, орындаушылардың өздері осы ерекшеліктерге қатысты басқа да көріністерді ұсынады. Мұндай бақылаулардың көлемі айтарлықтай, оның нәтижелері оқуларға, конференцияларға, арнайы семинарларға, ғылыми зерттеулерге алып келеді.

Бір шығармаға берілген бірнеше түсіндірменің әрқайсысының талдау үлгілері де қызықты (мақалалар, сұхбаттар, тәуелсіз зерттеулер). Бұл – «тірі» құрал және орындаушылардың шығармашылық рухына ең жақыны. Ол композитор мен орындаушының сезімдерімен әрі эмоцияларынан «тыныс алады», ол арқылы бірлескен авторлардың рухани әлемі айқын көрінеді.

Атақты музыка педагогы, композитор-пианист С. Е. Фейнберг еңбегінде: «Композитордың орындаушылық ерекшелігінен қалған құндылық – ол шығарманың мәтіні» ,– деп жазады [1, 362]. Бұл маңызды пікір музыканттардың музыкалық шығарманы оқуда басшылыққа алатын тәсілдерінің бірі.

Әйтсе де, шығарманың тек мәтіні ғана емес, сонымен қатар,ноталық жазуға бейім бола бермейтін ерекше көңіл-күйді беретін ішкі мәтіні де болатыны белгілі. Дәл осы күйге «түсу» орындаушының әр нәрсенің көркем бейнесін түсінуіне жол ашады. Дәл осы көңіл-күйді «ұғыну» орындаушыға бүкіл шығарманың көркемдік бейнесін жеткілікті түсінуге мүмкіндік береді.

Музыка өнеріндегі көркем бейнені анықтау мәселесінің әркелкі болуы – авторлық ниеттің «дұрыстығы» мен орындаушының шығармашылық бастамасы арасындағы тепе-теңдікті сақтауды әрқашан қажет етеді.

Жақсы орындаушылық– «шығармашылық» сөзінің синонимі. Бұл тек орындаушыға байланысты, ол музыкалық шығарманы рухтандырады немесе керісінше, құлдыратып төмендетеді. Атап айтқанда, шығарманы жеке интерпретациялау орындаушылық қызметті шығармашылық деңгейге көтереді. Тіпті ең егжей-тегжейлі және ескертулерге толы жазба салыстырмалы болып табылады. Музыкант оны оқып қана қоймай, оған «жан бітіруі» керек, яғни, орындаушы авторлық жазбаның «шығармашылық аудармасын» – нақты дыбыстық бейнелер тізбегін жасауы қажет. Бірақ бұған қалай қол жеткізуге болады? Музыкалық мәтінді және автордың ескертулерін мұқият бақылау жеткілікті ме?

Бір жағынан, партитура авторлық құқықпен бірдей орындалуына кепілдік береді, ал екінші жағынан – бұл автордың жұмысын схемалық түрде көбейту. Композитор жасаған ноталық мәтіннің кез келген орындалуы субъективті болып табылады және орындаушылық интерпретацияны білдіреді. Алайда, тарихи қалыптасқан арнайы кәсіби орта түсінігінде музыкалық мәтіннің кез-келген көшірмесі – орындаушылық интерпретация деп саналмайды.

Интерпретация –ол абстарктілі түсінік, яғни, негізгі музыкалық терминологияға сәйкес латын тілінен аударғанда – талқылау, түсіндіру, мағынасын ашу деген ұғымға ие.

Сонымен қатар, интерперетация процесі объективті мағынаны анықтаумен ғана емес, мазмұны пайымдалатын объектілердің жеке мағынасын ашумен де байланысты. Музыкалық өнер саласында интерпретация дегеніміз – оның идеялық-бейнелі мазмұнын, жаңа мағыналарын ашатын музыкалық шығарманы жеке оқу мен ойнаудың көптүрлілігін айтады [4, 289].

Шығарманы интерпретациялауды көркем түрде жүзеге асыру орындаушының біліктілігіне, оның ойлау формасына, қабілеттеріне, тәжірибесіне және зейініне байланысты. Музыканттың шығармаға жеке көзқарасы оның қайталанбас дыбыстар шығаруына әсер етеді. Дарынды музыкант автордың ойын қабылдау арқылы автордың ниетін ашып қана қоймай, сонымен қатар, оны жүзеге асырудың өзіндік шығармашылық идеясын көрсетеді.

Шығарманы интерпретациялау ерекшеліктеріне қарай, музыкатанушылар бұл құбылысты екі түрге бөлінеді. Егер музыкант музыкалық мәтінді мүмкіндігінше дәлме-дәл қайталаса, мұндай интерпретациялық қатынас атрибуция деп аталады.

Егер музыкант музыкалық мәтінде аталған ескертулердің нақты орындалуынан ауытқып кетсе, онда бұл композицияның мазмұнының өзгеруіне және музыкалық туындыны кәсіби емес түсінуге әкеп соғады. Сонымен қандай интерпретация дұрыс болады? Бұл мәселе бойынша әртүрлі пікірлер бар. Біреулер: «іс жүзінде көптеген интерпретациялар бар, өйткені оларды орындаушылар жүзеге асырады» десе, басқалары музыкада интерпретацияның дұрыс және бұрыс деген тек екі түрі ғана бар дейді. Ал дұрыс интерпретация тек автордың идеясымен бірдей болады. Сонымен музыкадағы интерпретацияда музыкант не істеуі керек? Автор өз шығармасы арқылы, әсіресе, егер ол біздің заманымызда жазылмаса, не айтқысы келетінін қалай білуге болады?

Композиция жазылғаннан кейін ол енді автордың меншігі емес, орындаушының меншігі болады деген пікір бар. Сонымен қатар, мұндай сенім музыканттардың белгілі бір бөлігіне ғана емес, сонымен қатар, кейбір авторларға да тән. ұлы композитор Рихард Штраус солардың бірі ғана. Дирижер қызметін атқара отырып, ол ешқашан орындаушыға өзінің нақты қателіктерін көрсетпей, әрқашан дыбыстың жалпы әсеріне назар аударды.

Әрине, барлық ұлы композиторлар мұндай көзқараста болмаған. Олардың кейбіреулері орындаушылардан музыкалық шығарманы оқуда дәлме-дәлдікті қатаң талап еткен. Мысалы, Джузеппе Верди, әсіресе өмірінің соңғы жылдарында музыкалық мәтінді анық ұстанбаған әншілерді тіпті жұмыстан да шығарған.

Орындаушының мақсаты–авторы жазған шығарма уақытын кәсіби тұрғыда және тура салыстыру. Музыкалық интерпретация –бұл шығармашылықтың өте күрделі және алуан түрлі кезеңі. Бұл кезең музыкантты қиял, музыкалық есте сақтау, есту, табандылық, мақсаттылық, музыканы қабылдау сияқты қасиеттерді дамытуға итермелейді. Әртүрлі техникалық әдістер мен орындаушылық тәжірибе музыкантқа өзі түсіндірген шығарманы абсолютті дәлдікпен ашуға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес Бах, Шопен, Моцарт, Шуберт шығармашылығында да осындай ерекшеліктер кездесіп тұратын. Сондай-ақ,авторлық құқық дәстүрлері пайда болды. Мұндай музыкант-аудармашылар қатарында Ф. Лист, А. Г. Рубинштейн, С. В. Рахманинов болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, орындаушылық мектептердің алуан түрлілігін, интерпретацияның эстетикалық принциптерін зерттейтін музыкалық интерпретация теориясы қалыптаса бастады.

Жалпы теория саласын музыкалық жолға қою XX ғасырда басталды. Шығармамен жұмыс жасау барысы, гармония, әуендік ерекшелік, шығармашылық жұмыс бағыты сол кезеңнен бастап тереңінен орнай бастады. Бұл

ерекшеліктердің ішінде шығарманың автор нұсқасымен орындау ғана емес, сонымен қатар, ішкі жан дүниенің сипаты ерекше көрініс тапты. Кез-келген интерпретация орындалатын музыкаға жеке көзқарасты көрсетеді, бұл жағдайда композитордың идеялары орындаушының жеке басының призмасы, оның ішкі бостандығы арқылы жүзеге асырылады. Алайда өнердегі еркіндік ішкі тәртіппен де күшейтілуі керек [3, 28]. Қазіргі музыкологиядағы интерпретация түрлері орындаушылардың шығарманы пайымдау тәсілдері бойынша жіктеледі. Негізі музыкалық шығармаларды меңгеруде интерпретацияның мәні –ол музыкант-орындаушының кәсіби деңгейінде: ол шығарманың стилистикасы мен тақырыптық мазмұнын аша алуы керек. Вокалист интерпретатордың негізгі ерекшеліктерін атап өту керек. Олар: дауыс түрі және оның тембрі, сонымен қатар әнші мен актердің қасиеттерін біріктіру мүмкіндігі. Тембр жалпы дыбыс сапасы ретінде және жеке стиль әдісі ретінде адамның психофизикалық табиғатымен байланысты экспрессивтіліктің маңызды құралы болып табылады. Бұл тембрде орындаушының эмоционалды жағдайы, ассоциативті байланыстардың байлығы көрінеді, бұл – бейнені айтарлықтай өзгерте алатын тембр, дауыс ерекшелігі болып табылады. Музыкалық психология, яғни, түйсікті дамыту мәселесі бойынша шығармаларды орындау бағыты орындаушының темпераментіне байланысты екені белгілі. Себебі әрбір орындаушының бейнені көруі немесе ол шығарма арқылы музыканының терең және философиялық мағынасы орындай алу ерекшелігі зерттеледі [2, 169].

Дегенмен, қандай интерпретация дұрыс деп саналады? Музыкологияда бұл туралы әртүрлі пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер түсіндірмелер әртүрлі болуы мүмкін дейді, өйткені оларды көптеген орындаушылар жүзеге асырады. Басқалары, ғылыми, көркемдік интерпретация сияқты, дұрыс немесе бұрыс болуы мүмкін, ал дұрысы– тек

авторлық құқыққа сәйкес келеді дейді. Жоғарыда айтылғандай, интерпретация құбылысы Қайта өрлеу дәуірінде пайда болды. Бұл кезде автордан бөлініп, автономия алған музыкалық шығарманы орындауға үміткер «екінші тұлға», белгілі бір «дос» қажет болды. Автор мен орындаушы арасындағы жасырын антагонизм XVIII ғасырдың соңында, арнайы мамандық пайда болған кезде күшейе түсті.

«Интерпретация» сөзі XIX ғасырдағы музыканттардың лексикасына енеді, ал ғасырдың соңғы онжылдықтарында бұл ұғым музыкалық сөздіктерде пайда болады. Сонымен қатар, музыкалық санада интерпретацияның «объективті» және «субъективті» секілді екі түрінің қарама-қайшылығы пайда болады: Олардың ішіндегі бірінші түрі «орындау», екіншісі – «интерпретация» деп аталды. Ғалым Н. Корыхалова «интерпретация» мәселесінкөп зерттеген. Автор еңбектерінде осы музыкалық интерпретация мағынасының мәнін айқындайтын көптеген пікірлер XIX ғасырдағы композиторлар шығармашылығымен байланысты болды [1, 19]. Зерттеуші Е. В. Круглова заманауи орындаушылық практикаға сәйкес, интепретация ерекшеліктерінің негізгі үш үрдісін атап көрсетеді. Олар:

–музыкалық материалдың көптеген қосымшаларының болуы– бұл оны орындауға стилистикалық еркін көзқарасын білдіреді;

–композиторлар бекіткен мәтіндердің артықшылығы болғанынан, классицизм және романтизм стилистикасы тұрғысынан барокко музыкасын орындаушылық интерпретациялау;

–стилистикалық тұрғыдан орындалған туындының ерекшелігінің бір түрін білдіреді. [4, 364].

Вокалды шығармамен жұмыс музыкалық, ауызша сөйлеу және бейнелеу тілдерін синтездейтін вокалды-орындаушылық әрекеттің күрделі сипатына сәйкес келетін арнайы зерттеу әдістерін қажет етеді. Вокалдық шығарманы

талдау вокалдық музыканың синтетикалық табиғатын, музыкалық-поэтикалық синтездің ерекшелігін және музыка мен сөздің өзара әрекеттесу тәсілдерінің алуан түрлілігін ескере отырып, бірқатар қиындықтарды меңзейді. Барлық мамандықтағы орындаушылармен жұмыс істеудің негізгі әдістерімен қатар, вокалистер музыкалық-поэтикалық және музыкалық-сөйлеу әдістерін меңгеруі керек. Олардың көмегімен вокалдық шығарманы оның өнерінің құрамдас бөліктерінің бірігуінде, сондай-ақ,өлеңтану және лингвистика әдістерін қарастыруға болады [5, 87]. Вокалды шығармаға мәтінін, әуенін, дауысын бөлек оқшаулап емес, тұтас көзқарас –әдіснамалық тұрғыдан маңызды. Әншілер үшін вокалдық шығарманы композиторлық, поэтикалық, орындаушылық мәтіннің призмасы арқылы тұтас көру өте маңызды. Мұнда теориялық білімнің практикалық қызметпен байланысы тікелей жүзеге асырылады [5, 88].

Интерпретациялардың көптүрлілігіне назар аудару вокалдық шығармадағы жұмыстың мазмұндық бағытымен байланысты. Осы тәсілмен вокалдық шығарманы семантикалық түсінудің әр қадамы орындаушылардың интонациялық есту қабілетінің семантикалық дәлдігін арттыруға, шығарманың қабылдауы үшін қажетті мазмұнды бөлім-тарауларын егжей-тегжейлі анықтауға арналған. Бұл вокалдық шығарманың түрлі қырларын тереңдетіп зерделеуге, демек, композитордың идеялық шығармашылық ниетін анағұрлым толық түсінуге ықпал етеді. Осылайша, композитордың ойлары оның сезімдері мен идеяларының музыкалық символизмінде бейнеленеді. Орындаушы музыкалық шығарманы алған арнайы біліміне, жалпы мәдениетінің терең деңгейіне, музыкалық қабілеттердің дамуына және есту белсенділігіне негізделген шығармашылық қиялдың ерекшеліктерінің арқасында пайымдай алады. Музыкалық бейнені өзінің жеке тұлғалық экспрессивті құралдарымен аша отырып, орындаушы музыкалық шығарманы оқудың өзіндік нұсқасын жасайды.

Жұмыс формаларының ерекшеліктеріне сәйкес, орындаушының музыкалық шығарманы меңгеру үдерісін музыканатушылар бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезеңде туындымен алдын ала танысқан кезде оның ладтық, әуендік, гармониялық, ырғақтық, құрылымдық, стильдік және жанрлық ерекшеліктерінің негізінде тарихы зерделеніп, басқа да орындаушылық нұсқаларды тыңдау нәтижесінде орындаушы санасында сол шығарманың өзіндік психологиялық көркем бейнесі қалыптасады. Сонымен және ақпараттық талдаумен қатар, орындаушы техникалық қиындықтарды да анықтайды. Екінші кезеңде музыкалық мәтінге тән техникалық қиындықтар жеңілдетіледі. Осы кезеңде оқытылатын музыканың барлық техникалық, ырғақты, интонациялық және экспрессивті компоненттері ұзақ және күрделі егжей-тегжейлі зерттеледі, сонымен қатар, идеалды музыкалық образ түзіледі. Үшінші кезеңде музыкалық шығарманы концерттік орындауға дайындығы қалыптасады.

Вокалдық орындаушылар үшін шығармада интерпретациялық өзгерістерді жасау барысы – ол шығармашылық еркіндік, көркемдік ерекшелігі және шығармада жазылған бейнені ашу мақсатында жүзеге асады. Динамикалық көрсеткіштер – ең жақын және музыкалық мәтіннің өзгермелі аймақтары. Өйткені, *forte* немесе *piano* секілді динамикалық реңктер вокалдық орындаушылықта өзгерістер енгізеді. Дыбысты күшейту және әлсірету нұсқаулары: *crescendo, diminuendo,* кейде *poco* немесе *molto* қосылған дыбыстың қарқындылығы, ерекшелігіне байланысты өзгерістер келтіреді. Осылайша динамикалық ерекшеліктердің орындаушының қиялына және музыкалық мәтінді түсінгеніне байланысты екенін көрсете аламыз. Әнші вокалды-көркемдік бейнені, интонацияны жасай отырып, шығармаға оның орындаушылық шеберлігіне сай келетін ерекше колорит қабылдауға тырысады. Динамикалық реңктер әрдайым жаңа дыбыстың шығуына

әсер етеді, оның шығармашылық ниетін көрсететін жаңа нұсқасы – ол интерпретацияның шыңы. Вокалды-көркем туындыны жасаудағы ең маңызды мән туындылары болады, сондай-ақ айқын қозғалыс (қимылмен, мінез-құлық, дене тұрысы) әншінің ішкі күйінен туындайтын, ол дауыспен нығайтылады. Ой мен сезімнен туған ым-ишара мінез-құлқын композитор орнатпайды.Сондықтан әншінің алдында шығармашылық қиялдың ұшуы үшін кең перспективалар ашылады. Бүгінгі таңда классиктерді қайта құру кезінде көптеген проблемалар туындайды. Кейбір әншілер орындау кезінде көне музыка өзін-өзі сақтап қалған орындаушылық дәстүрлерді ұстанады. Ескі музыканың рухын сақтай отырып, орындаушы шығармашылық түрде жинақталған дәстүрлерді жеткізе білуі керек. Шығарманың орындаушысы мен композитордың идеясы сақталуы қажет. Бірақ әншінің композитормен диалогы да болуы керек және бүгінгі орындаушы үшін диалог маңызды.

К. С. Станиславскийдің шығармашылық қиялын дамытуға арналған монографиялық еңбектерінде интонация, эмоциялық ерекшеліктерді вокалдық орындаушылық жайында көптеген тақырыптарды қозғайды [6, 138]. Музыкалық орындаушылық ол әрбір орындаушының ой-қиялына байланысты және де шығармашылық орындаушылық бейнесін дамытуға ерекше ықпал тигізетін көрініс. Әрбір орындаушы шығарманы түсініп орындау, оған өзіндік реңк қосу, көркемдік және әуендік ерекшеліктерді көрсету секілді интерптерациялық ойнау ерекшелігін қалыптастыра алған жағдайда өзінің шығармашылық еңбегінде шыңға жететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фейнберг С. Е. Пианизм как искусство. - 2-е изд. - М.: Музыка, 1969. - 608 с.
2. Холопова В. Н. Музыка как вид искусства: учеб. пособие. - СПб.: Лань, 2000. - 320 с.
3. Шаляпин Ф. И. Маска и душа. Мои сорок лет на театрах. - Париж: Современные записки, 1932. - 357 с.
4. Круглова Е. В. Современные интерпретационные вокальное исполнительство. Международные чтения и научные конференции. 2009г. Издательство Адам. 744с. 363-375б.
5. Корыхалова Н. П. Интерпретация музыки. – Л.: Музыка, 1979.- 206 с.
6. Станиславский К. С. Собрание сочинений: монография в 9-ти т. - М.: Искусство, 1991. - 4 т. - 400 с.

Автор туралы мәлімет:

Ахметбекова Марал – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Бегембетова Ғалия Зайнакуловна, өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, ғылыми шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор.

Сведения об авторе:

Ахметбекова Марал **–** магистрант 1 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Бегембетова Галия Зайнакуловна, кандидат искусствоведения, ассоциированный профессор ККСОН МОН РК, проректор по научно-творческой деятельности и международному сотрудничеству.

Мұhаммедбатыр БАЛТАБАЙҰЛЫ
Құрманғазы атындағы ҚҰК
1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ЭММАНУЭЛЬ СЕЖУРНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аннотация

Эммануэль Сежурне – композитор, солист,ұстаз, Страсбург консерваториясының ұрмалы аспаптар ансамблінің жетекшісі, ұрмалы аспаптар музыкасын жаңа әлемдік деңгейге танымал еткен тұлғалардыңбірі. Оның көптеген шығармалары, әсіресе концерттері дүние жүзіндегі ұрмалы аспаптарда ойнайтын музыканттардың негізгі репертуарына енді. Зерттеудің мақсаты – Эммануэль Сежурненің өмірі мен шығармашылығын, оның әлемдік музыка мәдениетіндегі маңызын анықтай отырып, композитор өз шығармаларында бет бұрып көңіл бөлген әдіс-тәсілдерін, жанрлары мен стильдерін жан-жақты зерттеу. Мақалада композитордың кейбір шығармалары есепке алынып, олардың жазылу тарихы зерттеліп, шығармалардың шығуына түрткі болған оқиғалар мен ойлар жан-жақты қарастырылып,сипатталған. Композитор өз шығармашылығында концерт жанрына көп көңіл бөлгендігі байқалады. Зерттеуде композитормен бірге жұмыс жасаған, оның шығармаларының танымал болуына үлес қосқан музыканттар мен ұжымдар туралы ақпарат қоса беріледі. Зерттеу жұмысын жазу барысында туындаған басты қиындық – ақпараттың аздығы. Мақалада композитормен сұхбат алу арқылы эмпирикалық, музыкалық талдау және тарихи әдіс қолданылды. Зерттеу нәтижесінде композитордың шығармалары мен қызметі туралы деректер жинақталып, жан-жақты сипатталды. Композитордың өмірі

мен шығармашылығының толыққанды зерттелмегендігі тақырыптың өзектілігін анықтап,одан әрі зерделеуді талап ететіні анық.

Тірек сөздер: композитор, ұрмалы аспаптар, концерт.

Аннотация

Эммануэль Сежурне – композитор, солист, педагог, руководитель группы перкуссии в Страсбургской консерватории; один из тех, кто вывел музыку для ударных инструментов на новый мировой уровень. Его многие произведения, особенно концерты, вошли в основной репертуар перкуссионистов всего мира. Целью исследования является подробное изучение жизни и творчества Эммануэля Сежурне: его методов, стиля и жанров, к которым обращается композитор в своих произведениях, а также, определение значимости его творчества в мировой музыкальной культуре. В статье приводятся работы композитора и изучена история их создания, подробно описаны события и идеи, подтолкнувшие к созданию произведений. Значительное внимание уделяется жанру концерта в творчестве композитора. В статье также изучается творчество музыкантов и коллективов, с кем сотрудничает композитор, и которые внесли свой вклад в популяризацию его произведений. Основной проблемой исследования является отсутствие информации о маэстро. Все приведенные в статье данные появились в результате личного общения с композитором: собраны и описаны сочинения и деятельность Сежурне. В ходе исследования использованы исторический метод, метод музыкального анализа и эмпирический метод. Избранная тема является перспективной и требует дальнейшего исследования, так как творчество данного композитора практически не изучено.

Ключевые слова: композитор, ударные инструменты, концерт.

Abstract

Emmanuel Sejourne is a composer, soloist, teacher, head of the percussion group at the Strasbourg Conservatory, one of those who brought percussion music to a new level. Many of his works, especially concertos, have entered the main repertoire of percussionists around the world. The purpose of the study is a detailed study of the life and work of Emmanuel Sejourne, his methods, genres and styles, which the composer refers to in his works, determining his significance in the world musical culture. The article lists some of the composer's works and studies the history of their creation, describes in detail the events and ideas that prompted the creation of works. Considerable attention is paid to the concert genre in the composer's work. This work is also supplemented by consideration of the musicians and groups with whom the composer worked, and contributed to the popularization of the composer's works. The main problem of the study is the small amount of information. The article uses the historical method, the method of musical analysis and the empirical method through interviews with the composer. As a result of the study, the works and activities of the composer are collected and described in detail. It has prospects for further research, since the life and work of the composer has been little studied.

Keywords: *composer, percussion instruments, concerto.*

Эммануэль Сежурне –француз композиторы және орындаушы-перкуссионист. Ол 1961 жылы 16 шілдеде

Лимож қаласында (Франция) дүниеге келген. Страсбург консерваториясында классикалық фортепиано, скрипка, музыка тарихы,

акустика және музыкалық талдауды оқығаннан кейін Сежурне сол жерде білімін жалғастырып, 1976 жылы «Les Percussions de Strasbourg» тобының негізін қалаушы және директоры Жан Батинніңұрмалы аспаптар сыныбына түсті[3].

Ұстазының жетекшілігімен Эммануэль Сежурне заманауи және импровизациялық музыкаға қызығушылық танытып, 1980 жылы ұрмалы аспаптар бойынша алтын медалін жеңіп алып, кейінірек ұрмалы аспаптарға арналған таяқтарға көңіл бөледі.

Шығармаларының әуендері және гармониялық тілі музыканттың шеберлігінің ерекшелігі мен көркемділігін айқындайды. Симфониялық оркестрге «Кетсана», Париж операсы мен «Contrastes» дуэтінің тапсырысы бойынша камералық музыка жәнеЕуропалық хор институтының

---

[3]Жан Батинь, 1933 жылы 31 желтоқсанда Буа-Коломб қаласында дүниеге келген.Музыканттар отбасынан шыққан.Оның анасы– опера әншісі, ал әкесі – көрнекті техник болған. Композитор Париж опера әлемінде өсті.
1947 жылы Париждегі Ұлттық консерваторияның студенті атанып, 1951 жылы ұйымдастырылған сайыстамузыка теориясы мен соқпалы аспаптар бойынша бірінші сыйлықты иеленді. 1952 жылы Страсбург филармониясының оркестрінде дауылпазшы, солист және Страсбург аймақтық консерваториясының профессоры болды.
1959 жылы Пьер Булезбен шешуші кездесуден кейін Жан Батинь Страсбург муниципалдық оркестрінің перкуссияшыларымен бірге 1961 жылы «Percussions de Strasbourg» тобының негізін қалады. Ол бұл топты 1982 жылға дейін басқарды және соқпалы аспаптарға арналған жүздеген пьесалардың шығуына атсалысты.
1983 жылы ол жас музыканттармен бірге «Alsace Percussions» жаңа тобын құрып, этникалық, дәстүрлі және джаз музыкасына бет бұрды.
Жан Батинь соқпалы аспаптарға, үрмелі аспаптар мен синтезаторларға арналған бірнеше шығармалар, сондай-ақ симфониялық шығармалар мен концерттер жазды. Ол Страсбург қаласының тапсырысы бойынша 1988 жылы қаланың 2000 жылдығына орай балет және 1991 жылы Страсбург шіркеуі үшін «Games» және «Lumières» балетін жазды..
Жан Батинь 1994 жылы зейнетке шығып, Францияның оңтүстігінде тұрақтады. 2015 жылы 2 желтоқсанда Монпельеде (Лангедок-Руссильон) 82 жасында дүниеден өтті.

тапсырысы бойынша хорға арналған көптеген шығармалар жазды.

Көркем өнердің әртүрлі формаларының өзара байланысына қызығушылық танытып, ол театр мен теледидарға арнап музыка жазды. Олардың ішінде: Страсбург қаласының 2000 жылдық мерейтойында орындалған «Les envahisseurs» балетінің музыкасы және 2004 жылы Люксембург Ұлттық театрының тапсырысы бойынша «School Boulevard» музыкалық комедиясы болды.

Композитордың шығармалары Radio Sinfonie Orchester-Штутгарт, Нагоя филармониясы, Осака филармониясы, Торонто симфониялық оркестрі, Хорват радиосы мен теледидарының симфониялық оркестрі, Люксембург филармониясының оркестрі, Лозанна камералық оркестрі, Швейцариялық симфониялық оркестр, Ницца, Пау, Мюлхаус, Бочумер, Вюртемберг камералық оркестрі, Париж үрмелі аспаптар оркестрі және т.б.секілді көптеген оркестрлердің репертуарына енгізілген.

«Фортепианомен салыстырғанда, тарихы жоқ аспаптарға шығармалар жазған өте жақсы» деп айтқан композитор[4] алғашқы шығармаларын театрға, теледидарға және радиоға арнап жазған. 1990 жылдан бастап ол симфониялық оркестр мен камералық оркестрдің сүйемелдеуімен ұрмалы аспаптарға арналған шығармалар сериясынң авторы болды.

Соқпалы аспаптар қауымдастығының мүшелері оның еңбегін мойындап, шығармалырына көптеген орындаушылар тапсырыс берген, соның ішінде: Богдан Бакану және Wave Quartet ансамблі, Кристоф Ситцен, Алексей Герасимес, Гари Кук, Ju percussion group болды

Композитордың импровизацияланған заманауи музыканы және танымал классикалық музыка жанрын

[4]Мақалада келтірілген деректер композитордың тікелей өзінен, жеке хабарласу нәтижесінде алынды.

біріктіру қабілеті оны ұрмалы аспаптар әлемінің маңызды тұлғасына айналдырды.

Сежурне жеке орындаудағы шығармаларды көп жазды. Олардың қатарына: пьесалар,концерттер, этюдтар. Олардың ішінде ең танымалдары: маримбаға арналған «африкалық әндер»; «Катамия». 5 октавалық маримбаға арналған «Нэнси»; «Чандигарх»; Гай Фриштің тапсырысы бойынша «Романтика»; Богдан Баканудың тапсырысы бойынша жазылған «Прелюдия»жатады.

Бірақ композитордың айтуы бойынша, оның өзінің сүйікті жанры – ұрмалы аспаптарға арналған камералық музыка. Ұрмалы аспаптардың түрлі тембрлерінің үйлесуі оған ерекшерахат сыйлайды. Мұндай тәжірибелер: маримба мен виброфонға арналған дуэт «Losa»; Амстердам перкуссиялық тобының тапсырысы бойынша, фортепиано мен төрт ұрмалы аспаптарға арналған «Фамим»; Лоран Мариустың тапсырысы бойынша, маримба және ұрмалы аспаптар квартетіне арналған сюита; Богдан Баканудың құрған Wave Percussion тобының тапсырысы бойынша маримба квартеті мен оркестрге арналған «Gotan» концерті, т.б. шығармаларынан байқалады.

Э. Сежурненің ұрмалы аспаптарға арналған концерттері де өте сәтті шыққан. Әр концертінде композиторжаңа әдістерді қолданған. 1999 жылы жарық көрген виброфон мен ішекті аспаптар оркестріне арналған концерті жарық көргеннен бері Болгарияда, одан кейін Қытайда, Швейцарияда, Германияда, Польшада, Бразилияда, Түркияда, Латвия, Корея және Францияда елдерінде орындалды. Бұл концерт Клод Джионың тапсырысы бойынша Франциядағы бірінші халықаралық виброфондар байқауына (1999) жазылған.

Виброфон мен ішекті аспаптар оркестріне арналған концертінебірінші бөлімін жазуға Равелдің фортепианолық концертінің екінші бөлімі шабыттандырды, концерттің музыкасынтыңдаушылар фантастикалық сипаттағы

музыкадеп санайды.

Бұл концертте ішекті аспаптар Хабанера биінің бірқалыпты және баяу ырғағының тұрақты сүйемелдеуінің рөлін атқарады, ал виброфон – оркестрге қарамастан, көптеген еркін музыкалық фразаларды ойнайды.

Екінші бөлімге композиторды Бела Барток музыкасы шабыттандырды. Ырғақты, виртуоздылыққа толы бұл музыка әрқашан «грув» әдісін сақтайды. Қозғалыстың орталық бөлігінде қоршаған ортаның көңіл-күйі бар. Ол виброфонның үнінің шығуының әртүрлі әдістерін пайдаланады (смычок, глиссандо, гармоникалық тондар, күңгірт ноталар). Сол себептен виброфон әр кезде «жаңа» аспап болып табылады, ал оны зерттеу тыңдарманның да, зерттеушінің де қызығушылығын тудырып, ләззат ала отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Э. Сежурненің Богдан Баканудың тапсырысы бойынша жазылған маримба және ішекті аспаптар оркестріне арналған концертінің 1-ші және 2-ші бөлімдері 2004 жылышықты. Сол жылдан бері концерт бүкіл әлем бойынша әртүрлі оркестрлермен 300-ден астам рет орындалған. 2015 жылы оған бірінші бөлім ретінде орналастырылған тағы бір бөлім қосылғаннан кейін, ол қазір 25 минуттық 3 бөлімнен тұратын концерттің толық классикалық түрін құрайды. Толық нұсқасы шыққаннан бері, аталған шығарма маримба репертуарының негізгі туындысына айналды.

1-ші бөлім – солист пен оркестр арасындағы қызу диалог. Жеке орындаушының орындауынан барлық экспрессивтілік пен бар жалындылықты сезінуге болады.

Бұл концерттің 2-ші бөлімін шабыттандырған– лирикалы бейне. Бұлбөлім бірде ұзақ, байсалды және мұңды, ал бірде – қысқа және көңілді болып келеді. Музыкасы құбылып тұрады.

3-ші бөлімде джаз-рок, фламенко мәдениеті басым. Ол жылдам, агрессивті және ырғақты келеді. Ортаңғы бөлімі солистің қалауынша, іс жүзінде импровизациялауға

мүмкіндік береді.

Оркестрмен 600-ден астам рет орындалған виброфон мен ішекті аспаптарға арналған концерт (1999) пен маримба мен ішекті аспаптарға арналған концертті (2004) жазғаннан кейін композитор осы екі аспапты біріктіріп, 2 солист пен оркестрге арнап шығарма жазғысы келді.

Аталған аспаптардың жеке репертуары, әсіресе концерттік формадағы шығармалары өте аз. Дегенмен, ол екі жеке аспап пен оркестрдің арасындағы қосымша диалогта көптеген мүмкіндіктер береді.

Формасы классикалық түрде жазылған бұл концертте 3 бөлімнен құралған. Э. Сежурне шығармаларын жазғанда классикалық музыка, кино музыкасы, джаз және танымал музыкадан шабыттанып отырады, сол себептен туындыларының мазмұны, мінездемесі, бейнесі жиі ауысады. «Әдеттегіден бөлек, Балқан халықтарының музыкасынан шабыт алдым», –дейді композитор. Әрине, музыкасы өмірге толы жігерлі және ырғақты.

Маримба және соқпалы аспаптар саласында танылған виртуоз, жан-жақты және жаңашыл орындаушы Татьяна Колева өзінің жеке және ансамбльдік жобалары үшін арнайы жазылған 100-ден астам шығарманы ұсынды. Болгарияда дүниеге келген Колева қазіргі уақытта Нидерландыда тұрады және өзінің қарқынды концерттік қызметін өзінің білім беру қызметімен ұштастырады, Принц Клаус консерваториясында, Ханс университетінде, Гронинген, Нидерландыда оқытушылық қызмет атқарады. 2012 жылы Болгарияда өткен «Russia» фестиваліне Татьяна Колева Арнайы таспырыспен Э. Сежурнеге маримба мен виброфонға арналған қосарланғанконцерт жазуын сұрайды. Sophia Soloist оркестрімен бірге Татьяна Колева –маримба, Эммануэль ал Сежурне –виброфон партиясын орындады. Виброфон бөлігін композитор өзінің қалауынша өзіне арнап жазды.

Содан бері ол Қытай, Жапония, Корея, Латвия,

Франция, Германия және АҚШ-та орындалды.

«Alfonce Production» шығарған бұл концерттің:

- Симфониялық оркестр;
- ішекті аспаптар оркестрі және соқпалы аспаптар;
- Фортепианоға арналған нұсқасы;
- Үрмелі аспаптар оркестрі;
- Ұрмалы аспаптар оркестрі

секілді әртүрлі аспаптық құрамдардағы көптеген нұсқалары бар.

Э. Сежурне шығармашылығының дамуына дарынды орындаушылардың өнері ерекше серпін бергені жоғарыда аталып өтті. Сондай музыканттардың бірі Б. Бакану болды. Богдан Бакану белгілі маримба орындаушыларының бірі ретінде, дыбыс мәдениеті мен музыканы терең сезу қабілеті үшін жоғары бағаланды. Ол 23 жасынан бастап Линц (Австрия) қаласындағы Антон Брукнер университетінде маримба профессоры болды және осылайша әлемдегі ең жас маримбаның профессоры болып табылады. 1998 жылы ол Австралияның «Жыл музыканты» атағына ие болды, ал 2010 жылы Сечуан университетінің (Қытай) Құрметті профессоры атанды. Ол сонымен қатар Вена музыка және орындаушылық өнер университетінде оқытушы болды.

2008 жылдан бастап Богдан Бакану орындаушылық қызметін өзі құрған «Wave Percussion» квартетіне бағыттады. Маримба ансамблі өзінің алғашқы концертінБерлин концерт залындаберіп, төрт маримбада екі клавесинге арналған C-dur, BWV1061a, концертін орындады. Спектакль көпшіліктің және сыншылардың жақсы пікірлеріне бөленіп, содан бері квартеттің негізі –барокко музыкасы болды.

Маримба мен оркестрге арналған концерттің әлемге әйгілі болуына серпін берген Богдан Бакану Эммануэль Сежурнеге «Gotan», маримба квартетіне арналған шығармаға тапсырыс берді.2017 жылдың басында Линцтегі Брукнерхауста Эммануэль Сежурненің маримба квартеті

мен оркестрге арналған «Gotan» концертінің әлемдік тұсаукесері өтті, бұл «Wave Quartet» тобына арналған туынды. Бұл жұмыс 2016 жылдың соңында шыққан «Lauda Concertata» альбомына енді.

Квартетке арналған шығарма классикалық үш бөлімді формадан ауытқымай, 25 минутта орындалады. «Wave Quartet»[5] тобының жігері мен талғампаздығын біле отырып, композитор бірінші бөлімнің негізіне– танго, екінші бөлімге – кино музыкасы және соңғы бөлімге – әлем музыкасы стильдерін алып пайдаланды.

Сондай-ақ, Э. Сежурне екі солистке арналған, яғни, виброфон мен маримба концертінің нұсқасын жазды. Бұл дуэт нұсқасын 2017 жылы 27 тамызда Theatre d'Arras театрында Les Inouïes фестивалі аясында композитор солист Сильви Рейнартпен орындады.

«Готан» концерті танго энергиясына негізделіп, тәттілік, меланхолия, күш пен нәзіктік әлемін суреттейді.

Композиторлық өнерімен қатар, Эммануэль Сежурне орындаушы ретінде де танымал.

Солист ретінде, сондай-ақ «Accroche-Note» ансамблінің мүшесі ретінде ол жүзден астам музыкалық шығармаларды орындады. Оның ішінде концерттер, камералық музыка және жеке орындаудағы шығармалар болды.

Эммануэль Сежурне Страсбургтегі Музыка және өнер академиясының ұрмалы аспаптар кафедрасының

---

[5]Бұл Роберт Э. Браунның термині, 1980 жылдары танымал болды. Әлемдік музыканың бірнеше қарама-қайшы анықтамалары бар. Біріншіден, ол «әлемнің барлық музыкасынан» тұрады, дегенмен мұндай кең анықтама терминді іс жүзінде мағынасыз етеді. Екіншіден, батыстық танымал музыкалық стильдерді батыстық емес музыканың көптеген жанрларының бірімен үйлестіретін музыка классификациясы ретінде қолданылады.Алайда әлем музыкасы тек дәстүрлі халық музыкасы емес. Ол сондай-ақ заманауи поп-музыка стильдерін қамтуы мүмкін. Қысқаша оны «жергілікті музыка» деп сипаттауға болады.

меңгерушісі және Лозаннадағы «HEMU» университетінің доценті. Оның шеберлік сабақтары үлкен жетістікке ие болып, бүкіл әлемге тараған. Сонымен қатар, композитор-орындаушы көптеген халықаралық байқауларға қазылар алқасының төрағасы ретінде жиі шақырылады. Көптеген атқарған қызметтерінің арқасында Эммануэль Сежурне Болгарияның Ұлттық музыка академиясының «DOCTOR HONORIS CAUSA» атағын алды.

Эммануэль Сежурненің музыкасы әсем әуенге толы. Шығармалары әлемнің көптеген мектептерінің, жоғарғы оқу орындарының, байқаулардың бағдарламаларына кірген. Композитор ұстаздық қызметін жүргізе отыра, көптеген шеберлік сабақтарын өткізіп, ұрмалы аспаптардың деңгейін жаңартуда. Шығармаларының үндестігінің молдығы, әуенді өрнектеудің алуан түрлілігі, ырғақтың күрделілігі, лирикалық мотивтерді шебер қолдануы кез келген тыңдарманды композитордың шығармаларына бей-жай қалдырмайтыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. http://www.emmanuelsejourne.com/
2. emmanuelsejourne@me.com
3. http://le-guide-de-la-percussion.com/interviews/790-jean-batigne
4. http://bogdanbacanu.com/en/biography/
5. https://www.tatianakoleva.com/media/#presspics
6. https://www.conservatoire.strasbourg.eu/
7. https://www.youtube.com/watch?v=oO1rRyuzJ8k&list=PLi6FwmbQKLJ1z4xy43uEk8JR_Kv1qP3bl&index=4

Автор туралы мәлімет:

Балтабайұлы Мұхаммедбатыр – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Бұлтбаева Айзада Зекеновна –

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент).

Сведения об авторе:

Балтабайулы Мухаммедбатыр – магистрант 1 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Бултбаева Айзада Зекеновна, доцент кафедры «Музыковедения и композиции» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, канд.иск., ассоц.профессор (доцент).

Сакен ЖАМБЫЛБАЙ
Құрманғазы атындағы ҚҰК
2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

«QAZAQ»КВАРТЕТІНІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНДАҒЫ А.САГИМБАЕВТЫҢ «ЕЛІМ-АЙ» АТТЫ КВАРТЕТТІК ШЫҒАРМАСЫНА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация

Мақалада республикамыздың жетекші камералық ұжымдарының бірі – Ғ.Жұбанова атындағы мемлекеттік квартеттің интерпретациясындағы жас композитор, дирижер және этномузыкатанушы Абылхайыр Сагимбаевтың «Елім-ай» атты квартеттік шығармасына орындаушылық талдау жасалған. Квартет 1723-1727 ж.ж. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихта қалған қазақ халқының қиын-қыстау оқиғасына арналған «Елім-ай» атты қайғылы мұң-зар әні бір бөлімді фантазияда құралған.Жүргізілген талдау барысында автор квартеттік шығарманы орындаудың техникалық және көркемдік ерекшеліктерін, сондай-ақ «Qazaq» мемлекеттік квартеті жасаған жазба негізінде осы туындының штрихтік және ансамбльдік күрделілігін егжей-тегжейлі анықтайды. Зерттеу қорытындысы бойынша автор «"Елім-ай" квартеті – халық әнінің көмегімен композитор фольклорлық әуеннің мазмұндылығын да, орындаушылардың асқан шеберлігін де аша алған жарқын, сенімді және аяқталған шығарма болып табылады», – деген қорытындыға келеді. Бұл өнер туындысы аспаптық музыканы танушыларының көңілінен шығады және Қазақстанның заманауи квартеттік музыка үлгілерінде өз орнын алады. Зерттеу нәтижелері камералық-аспаптық музыканың, атап айтқанда, Қазақстандағы Ішекті аспаптар

квартеттерінің дамуын зерделеу жөніндегі зерттеу жұмысының негізін қалауға көмектеседі. Сондай-ақ, жоғары және орта буындағы музыкалық пәндер курсында пайдаланылуы мүмкін.

Тірек сөздер: музыка, орындаушылық өнер, квартет, композитор, орындаушылық талдау, қазақ халық музыкасы, музыкалық жанр

Аннотация.

Статья посвящена исполнительскому анализу квартета «Елім-ай» молодого композитора, дирижера и этно-музыковеда Абылхайыра Сагимбаева в интерпретации одного из ведущих камерных коллективов нашей Республики – Государственного квартета имени Г.Жубановой. Квартет представляет собой одночастную фантазию на тему великой и трагической песни-плача «Елім-ай», посвящённой горестным событиям казахского народа, которые известны как «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» («Годы великого бедствия») 1723-1727 гг. В ходе проведенного анализа автором детально выявлены технические и художественные особенности исполнения, а также штриховые и ансамблевые сложности данного произведения на основе записи, сделанной Госквартетом. По итогам исследования, автор приходит к выводу, что квартет «Елім-ай» является ярким, убедительным и завершенным произведением, в котором при помощи народной песни композитор смог раскрыть как содержательность фольклорной мелодии, так и блестящую виртуозность исполнителей. Произведение придется по вкусу всем ценителям инструментальной музыки, и займет свое место в многообразии образцов квартетной музыки современного Казахстана. Результаты исследования помогут заложить основу исследовательской работы по изучению развития камерно-инструментальной музыки, в частности струнных квартетов в Казахстане и могут быть использованы в курсе музыкальных дисциплин высшего и среднего звена.

Ключевые слова: музыка, исполнительское искусство, квартет, композитор, исполнительский анализ, казахская народная музыка, музыкальный жанр.

Abstract.

The article is devoted to the performance analysis of the quartet «Elim-ay» by the young composer, conductor and ethnomusicologist Abulkhair Sagimbayev in the interpretation of one of the leading chamber ensembles of our Republic – the State Quartet named after G. Zhubanova. The quartet is a one-part fantasy on the theme of the great and tragic song-lament «Elim-ai», dedicated to the sad events of the Kazakh people, which are known as «Aktaban shubyryndy, Alqakol sulama» («Years of great disaster») 1723-1727. In the course of the analysis, the author revealed in detail the technical and artistic features of the performance, as well as the line and ensemble complexities of this work, based on the recording made by the State Quartet. Based on the results of the study, the author comes to the conclusion that the «Elim-ai» quartet is a bright, convincing and complete work in which, with the help of a folk song, the composer was able to reveal both the richness of the folklore melody and the brilliant virtuosity of the performers. The work will appeal to all connoisseurs of instrumental music, and will take its place in the variety of samples of quartet music of modern Kazakhstan. The results of the study will help lay the foundation for research work on the development of chamber instrumental music, in particular string quartets in Kazakhstan, and can be used in the course of musical disciplines of the highest and middle levels.

***Keywords**:* music, performing arts, quartet, composer, performing analysis, Kazakh folk music, musical genre.

Абылхайыр Сагимбаев – жас композитор, дирижер және этномузыкатанушы. Ол Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының этномузыкатану және опералық-симфониялық дирижерлеу мамандықтары бойынша білім алған түлегі. Сондай-ақ бүгінгі таңда Абылхайыр Сагимбаев аранжировка мен және қазақ халық әндерінің транскрипциясымен айналысады. Жас композитор өзінің бойындағы музыкатанушы мен дирижердің ең үздік

қасиеттерін синтездей отырып, бүгінде уақыт өтекеле ұмытылып кеткен ұлы даланың барлық құндылықтарын жандандыруға талпынуда. Қазақ фольклорын әлемге танытуда жаңаша өңдеу жасай отырып, шығарманың жаңа тынысын ашады [1].

Квартеттің таныстырылымы еліміздің 3 қаласында өтті: 2021жылдың 23 қазанында Қарағанды қаласында, 29 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында, 31 қазан күні Алматы қаласында. Оны Ғ. Жұбанова атындағы мемлекеттік квартеті орындады. Бүгінгі таңда Ғ. Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті жоғары орындаушылық шеберлігімен, мінсіз ойнау техникасымен және ансамбльді сезіне алу қасиетімен ерекшеленетін Қазақстанның үздік камералық ұжымдарының бірі болып табылады. Квартеттің бүгінгі құрамында музыканттардың төртінші буыны ойнауда.

I скрипкада – Айдар Тоқталиев, II скрипкада– Алексей Лебедев, альтта– Бекзат Сайлаубайұлы, виолончельде – Ернар Мыңтаев ойнайды (сұхбат).

«Жаңа туындыны талдау кезінде біз бірінші кезекте қолымызға қарындаш пен өшіргішті аламыз да, әрқайсысымыз партитурамен отырып, алғашқы екі дайындықта аспаптарсыз жұмыс істейміз, – дейді Е. Мыңтаев. – Шығармаға гармониялық, музыкалық талдау жасаймыз.Өзара осы шығарманың тарихын талқылаймыз. Біз авторды, шығарманың жазылу кезеңін және оның өмірінде қандай оқиғалар болғанын, қандай тарихи оқиғалар орын алғанын зерттейміз. Мұның бәрі айтылған соң, оған талдау жасалғаннан кейін әркім өз партиясын көруі керек, содан кейін ғана біз шығарманы ойнаймыз» [1].

«Елім-ай» квартеті – Қожаберген Жыраудың нұсқасы бойынша бүгінгі күнге жеткен «Елім-ай» атты мұң мен зарға толы қайғылы тарихи оқиға тақырыбына арналған шығармасының бір бөлімі. Бұл ән қазақ халқының 1723-1727 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл

сұлама»оқиғасына арналған, жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңіндегі қазақ халқының басына төнген қауіп-қатер кезінде елдің мұң-зарын толғайтын тарихи сазды өлең. Академик, ғалым Салық Зиманов: «... Қожаберген жырау – қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресінің бастауында тұрған ең жарқын тұлғалардың бірі. Қожаберген – ұлт ерлігінің символы» – деп өз пікірін білдірген еді.

«Елім-ай» шығармасынан үзінді:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Елім-ай, елім-ай.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді,
Елім-ай, елім-ай.

Бір бөлімді форма болғанына қарамастан, квартеттің құрылымы дәстүрлі түрде полифониялық және полиметриялық құралдарды қолдана отырып, 3 бөлімге бөлінеді. Қазақ фольклорлық тақырыбын еуропалық музыкалық аспаптардың көмегіменорганикалық тұрғыда жеткізу үшін Григориан хорының танымал тақырыбы – «Елім-ай» квартетінің басты тақырыбымен салыстырылатын «Dies irae» секвенциясы енгізіледі [1].

Квартет басқа дауыстардың тремолосы аясында виолончельдегі тақырып әуені түрінде ұсынылған кіріспеден басталады. Автор *Moderato espressivo* деп белгіленген жылдамдықты көрсетеді. Кіріспе виолончельде әннің қайғылы сипатында орындалады. Композитор бұл мұңлы зарды ұзақ уақыт орындау арқылы берген. Бұл орындауда біз виолончелисттің терең және мәнерлі дірілді қалай қолданатынын, әр нотаға айрықша тоқталатынын анық естиміз. Тақырып мұңлы әрі қайғылы естіледі, виолончелист ысқыштың бірқалыпты күйде қозғалатынына, дұрыс орналасуына назар аударады.



Әріқарай, 1-цифрда көрсетілгендей бірінші скрипкада басталатын квартеттік қадамның қозғалысы түрінде көрсетілетін белгілі бір байланыс бар, содан кейін оны басқа дауыстар іліп алып кетеді. Бұл эпизод үлкеннен кішіге біртіндеп ұзақтықты өзгерту арқылы бейнеленетін жігерге толы *stringendo* болып табылады.*Crescendo* нюансында автор бұл жеделдету арқылы тыңдаушыларға энергияға толы *Allegroconbrio*-ға айналдырып ұсынады. Мемлекеттік квартеттің орындауында бұл эпизод ұжымның ырғақты ұйымдастырылуы мен үйлесімділігіне байланысты өте сенімді және органикалық түрде қабылданады.

Allegroconbrio-да шығарманың сипаты түбегейлі өзгереді. Егер кіріспе мұң-зар әні болса, бұл жерде квартет жігерлі сипатты таңдайды. Шығарманың ойы мен сипатын көрсету үшін композитор акцентті көрсете отырып, ұшпалы *staccato* және *spiccato* штрихтарын пайдаланады. Бұл штрихтар негізінен білек, оң қолдың саусақтарының көмегімен ысқыштың төменгі жартысында орындалады. Қозғалыс жылдам қарқынмен орындалады, сондықтан *staccato*-ны сәл жеңілдетіп, екпінді ноталарға сүйену керек. Шығарманың қажетті сипатын жеткізу үшін автордың

штрихты және ырғақты нұсқауларын нақты және дәл орындау маңызды. Көріп отырғанымыздай, екінші скрипка тақырыпты бастап, содан кейін оны бірінші скрипка іліп алатындай етіп жазылған. Бұл жерде әуеннің дауыстан дауысқа білдіртпей ауысуына мүмкіндік беру үшін штрихті орындау барлық аспаптарда бірдей болуы маңызды.



Жалпы, композитор әуенді бір дауыстан екінші дауысқа ауыстыру техникасын жиі қолданады, сондықтан ауысу бірқалыпты болуы керек, әрі ол тыңдаушыға білінбеуі керек. Осы эпизодтағы штрих-техниканың дәлдігі мен нақтылығы үшін бұл штрихтің бір нотада алдымен унисонда барлық дауыстармен бірге, содан кейін кезекпен, бір-бірін іліп алып орындалуы керек. Штрихтың сипаты мен орындалуында толық бірлікке қол жеткізгеннен кейін мәтіннің орындалуына көшкен дұрыс.

Осы квартеттің негізгі қиындықтарының бірі –

шығарманың қазақ күйлеріне тән ырғақтық жағы екенін атап өткім келеді. Квартет орындаушыларының ансамбльдегі ырғақты жәнетактідегі үлестерінің дәл уақытында орындау тізбегін бірдей сезінуімен тығыз байланысты. Бұл сезімдердің дамуы салыстырмалы түрде созылмалы дыбыстарды қысқа дыбыстарға ойша бөлуге ықпал етеді. Жалпы алар болсақ, музыканттар ішкі ырғақсезімін үнемі дамытып отыру керек. Көркем интерпретацияның негізі«жанды» ырғақ болуы керек. Бірақ тұрақты ырғаққа қол жеткізу барысында «объективті» метроном ойынын елемеуге болмайды. Сонымен қатар, жұмыстың соңғы кезеңдерінде метрономмен ойнаған жөн [3,187]. А. Сагимбаев бір дауыстың ішінде де, әр түрлі дауыстардың арасында да ырғақты суреттердің әртүрлі комбинацияларын қолданады. Мысалы, 127 тактіде біз виолончельдегі триольдар мен дуольдардың тіркесімінде бірінші дауыстың квартольдардақабаттасаорналасқанын көреміз, ал екінші скрипкада мүлдем басқа ырғақты аккордтарды байқаймыз. Мұндай эпизодтарды орындау оңай емес және музыканттардан бірлескен дайындықтар кезінде ерекше назар аударуды талап етеді. Әрдайым автордың идеяларыннақты жеткізуге тырысу керек. Мемлекеттік квартеттің орындауында мұндай эпизодтар өте әсерлі естіледі.



Техникалық тұрғыдан квартеттің шеткі бөліктерінде оң

қолдағы виртуозды штрих техникадан басқа қосарланған ноталар техникасы мен аккорд техникасы да орындалады. Сондай-ақ, бірінші скрипкада тақырып орындалып жатқан кезде, альт пен екінші скрипкада және виолончельде пассажды техника кездеседі. Мемлекеттік квартеттің орындауындағы мұндай эпизодтарда біз нақтылық пен үйлесімділікті, әр дауыстың өз функциясын орындауда нақты ырғақты ұйымдастырушылықты естиміз.



Айта кету керек, А. Сагимбаевтың «Елім-ай» квартетінде барлық дауыстар өз функциялары бойынша тең. Бұл тақырып тек бірінші дауыста өтеді деп айтуға болмайды, керісінше, халық әнінің әуені барлық аспаптарда және композитордың музыкалық және экспрессивті құралдардың бай палитрасын қолдануының арқасында мүлдем басқа вариацияларда өтетінін көреміз. Бұл Абылхайыр Сагимбаевтың шебер аранжировщик ретіндегі дарынын көрсетеді. Сондай-ақ, тақырыпты бір-біріне қабаттастыру бар, мысалы, оны 93 тактіден көре аламыз. Мұнда виолончель тақырыбы 1-скрипкаға қабаттаса орындалады. Бұл эпизод Мемлекеттік квартеттің орындауында қаншалықты үйлесімді әрі тиімді

орындалғанын айтып өткеніміз жөн.



165 тактіде квартеттің мүлдем басқа – қарама-қарсы бөлігі басталады. Егер бұған дейін біз жігерлі және қарқынды тақырыпты естіген болсақ, ал мұнда, керісінше, композитор кантиленді, созылған әуенді енгізеді. Мұнда композитор тыңдаушыларды мүлдем басқа өлшемге – шығыстық нәзік әсем әуенге жетелейді. Сол «Елім-ай» халық әнінің негізінде композитор шығыс музыкасына тән альтерацияның көмегімен шығармаға жаңа үн қосады. Осы тақырыпты тыңдай отырып, композитордың әуенді әртүрлі дауыстар арқылы жеткізу барысында материал мен қаншалықты нәзік жұмыс істегенін тағы да атап өткім келеді. Сонымен қатар, бұл бөлімде композитор екі дауыстың белгілі бір дуэтін бейнелейтінін көруге болады. Яғни, негізгі бір дауыс жоқ, екі бірдей маңызды дауыстың «әңгімесі» үнемі басқа екі аспаптың сүйемелдеуімен жүреді. Сонымен қатар, дуэтке қатысушылар әртүрлі болады, біржерде 1 және 2 скрипка, бір жерде екінші скрипка мен

виолончель, ал кейбір жерлерде бірінші немесе екінші скрипка мен альт үндеседі.



Мемлекеттік квартеттің орындауындағы осындай эпизодтарда біз орындаушылардың бір-бірін қаншалықты жақсы сезінетінін көреміз. Бұл көпжылдық бірлескен музыканың нәтижесі және квартетті орындаудағы басты басымдықтардың бірі.

Жалпы, екінші бөлім кантиленді және әуезді әуенге құрылған. Мемлекеттік квартеттің орындауында музыканттардың фразамен қалай жұмыс істейтініне назар аудару керек. Тақырып бір ойдан екіншісіне ауысып, үздіксіз естіледі. Музыканттар нәзік әуеннің сұлулығын жеткізу үшін белсенді және мәнерлі дірілді пайдаланады. Бұл бөлімдегі әр нота музыканттар арқылы «ән болып шырқалады» және «өмір сүреді». Бұл эпизодтағы қиындықтардың бірі–интонациялық дәлдік, өйткені лад өзгереді және қарсы белгілер көптеп кездеседі.Квартеттегі дайындық уақытының едәуір бөлігі интонациямен жұмыс істеуге арналады. Ансамбль мүшелерінің бірдей дыбыстың биіктігін әр түрлі сезінуі интонациялық тұрғыдан таза орындау үшін үлкен қиындықтар туғызады. Көп жылдық

бірлескен жұмыстың нәтижесінде квартеттің интонациялық бірлігі біртіндеп қалыптасады. Алайда, тіпті тәжірибелі ансамбльдерде де интонацияның тазалығын дамыту жаңа шығарманы үйрену кезеңінде де, бұрын сахнада орындалған туындыны қайталау кезінде де өте өткір проблема болып қала береді. Квартеттегі таза интонацияны дамыту сабақтарында гаммаларды унисонда немесе октавада, жоғары және төмен қозғалыстарда ойнау тәжірибесі жиі кездеседі. Мұндай жаттығулар квартет мүшелерінің интонациялық сезімдерін жақындастыруға, бір-біріне тез бейімделу дағдыларын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар дайындық алдында бұл жаттығулар есту жаттығуларының бір түрі болып табылады [3,170].

Тыныш және әуезді эпизодтан кейін композитор біртіндеп тыңдаушыны тез және жігерлі тақырыптың әуеніне қайта жетелейді, содан кейін салтанатты жағдайда (мажорда) керемет кода естіледі. Мемлекеттік квартеттің түсіндірмесін зерттей отырып, музыканттардың композитор көрсеткен нюанстарға қалай назар аударатынын айтпау мүмкін емес. Олардың орындауында абыржулы күйдегі *pianissimo*-дан бастап, ең қуатты *fortissimo*-ға дейін әртүрлі түстер палитрасын тыңдай аламыз. Әр эпизодтың өзіндік сипаты мен мазмұны бар, оны квартет музыканттары өз орындауында дәл жеткізеді.

Көріп отырғанымыздай, А. Сагимбаевтың «Елім-ай» квартеті халық әнінің көмегімен композитор фольклорлық әуеннің мазмұндылығын да, орындаушылардың асқан шеберлігін де аша алған жарқын, нанымды және аяқталған шығарма болып табылады. Орындаушылық жоспарда туындының барлық техникалық құрамдас бөліктері бар: әр түрлі штрихтік және аккордтық техника,қосарланған нота техникасы, пассажды техника. Сондай-ақ квартет асқан шеберлікпен техникалық жабдықталумен қатар орындаушылардан бай әрі сан алуан дыбыс шығаруды, зейіннің шоғырлануы мен ырғақты жиналуын талап етеді.

Бұл шығарма аспаптық музыканы бағалай білетін жандар үшін жаңа әрі жарқын туынды екенін, Қазақстанның заманауи квартеттік әдебиетінің сан алуандығынан өз орнын алатын туынды боларын сеніммен айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. А. Сагимбаев «Елім-ай» тақырыбына арналған квартет (Ғ.Жұбанова атындағы Мем. квартет) youtube.com сайты (https://www.youtube.com/watch?v=KwdT4rRjms0)
2. Мыңтаев Е. Алматы қаласындағы сұхбат, 2020 ж.
3. Р. Давидян – Квартеттік өнер. Орындаушылық мәселелері – теориялық негіздер, практикалық тәжірибе, 1994 ж.

Автор туралы мәлімет:

Жамбылбай Сакен – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Махмуд Диана Ерболатқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD).

Сведения об авторе:

Жамбылбай Сакен – магистрант 2 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Махмуд Диана Ерболатовна, доцент кафедры «Струнных инструментов» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, доктор философии (PhD).

Тоғжан ҚЫДЫРСИХОВА
Құрманғазы атындағы ҚҰК
1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

БАҚЫТ ҚАРАБАЛИНАНЫҢ РЕПЕРТУАРЫН ТАЛДАУ ТӘЖІРИБИЕСІ

Аннотация

Бұл мақалада Батыс Қазақстан күйшілік дәстүріндегі орындаушы, күйшілердің ішінде «екінші Дина» атанған, домбыраның фортепианомен сүйемелдеуімен шығармаларды өнер сүйер қауымға ұсынған ардақты ұстаз, бірнеше әдістемелік еңбектің авторы («Домбыраға арналған пьесалар жинағы»), «Қазақфильм» киностудиясы түсірген әйгілі Дина Нұрпейісованың өмірін бейнелейтін «Қайран шешем» екі сериялы кинофильміндегі басты Дина рөлін сомдаушы, домбырашы Бақыт Қарабалинаның өнерге келуінен тың деректер берілді. Б. Қарабалинаның орындауындағы Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйіне Қали Жантілеуовтың нұсқасымен салыстыра отырып, орындаушылық талдау жасалып, сонымен қатар Б. Қарабалинаның орындау ерекшеліктеріне тоқталып өтілді. Зерттеуде салыстырмалы орындаушылық талдау әдісі қолданылды. Мақаланы жазу барысында күйшінің ұлы Алимбаев Даурен мырзамен тығыз байланыста болып, отбасылық жеке мұрағаттары қолданылды. Мақала А. Жұбанов, Қ. Ахмедияров, К. Сахарбаева, А. Райымбергенов, А. Тоқтаған, С. Өтеғалиева т.б. өнер зерттеушілерінің еңбектері негізінде жасақталып, жазылды.

Тірек сөздер: домбыра, күй, дәстүрлі өнер, күй құрылымы, Бақыт Қарабалина, репертуар, музыкалық талдау, аппликатура т.б.

Аннотация

В данной статье были представлены новые факты творческого пути известной домбристки Бахыт Карабалиной, получившей при жизни почетное звание «второй Дины», первой исполнительницы сочинений в сопровождении фортепиано, автора нескольких методических трудов, а также исполнительницы главной роли Дины в двухсерийном кинофильме «Қайран шешем», снятом киностудией «Казахфильм». В статье предпринят исполнительский анализ кюя Даулеткерея «Салық өлген» в исполнении Б. Қарабалиной в сравнении с исполнительским вариантом Кали Жантлеуова. В результате раскрыты некоторые особенности исполнительской манеры Б. Карабалиной. В статье использовался метод сравнительного исполнительского анализа. При написании статьи автор тесно сотрудничал с сыном кюйши — г-ном Алимбаевым Дауреном, в статье использованы фото и фоно документы из личных, семейных архивов домбристки. В статье автор опирался на методологические принципы исполнительского анализа, предпринятого в трудах домбристов-исследователей и кюеведов А. Жубанова, К. Ахмедиярова, К. Сахарбаевой, А. Райымбергенова, А. Токанова, С. Утегалиевой и др.

Ключевые слова: домбра, кюй, традиционное искусство, структура кюя, Бахыт Карабалина, репертуар, музыкальный анализ, аппликатура и др.

Abstract

This article presents new facts of the creative path of the famous dombrist Bakhyt Karabalina, who received the honorary title of "second Dina" during her lifetime, the first performer of compositions accompanied by piano, the author of several methodological works, as well as the performer of the main role of Dina in the two-part movie "Kayran Sheshem", filmed by the Kazakhfilm studio. The article undertakes a performance

analysis of the kuy Dauletkerei "Salyk olgen" performed by B.Karabalina in comparison with the performance version of Kali Zhantleuov. As a result , some features of B. Karabalina 's performing manner are revealed .. The article used the method of comparative performance analysis. When writing the article, the author worked closely with Kuishi's son, Mr. Alimbayev Dauren, the article uses photos and phono documents from the B. Karabalina 's personal, family archives. In the article, the author relied on the methodological principles of performance analysis undertaken in the works of dombra researchers A. Zhubanov, K. Akhmediyarov, K. Sakharbayeva, A. Rayimbergenov, A. Tokta-gano, S. Utegalieva and others.

Keywords: dombra, kui, traditional art, kui structure, Bakhyt Karabalina, repertoire, musical analysis, fingering, etc.

Бұл мақалада күйші, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, КСРО-ның «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, ұлағатты ұстаз, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық академиялық халық-аспаптар оркестрінің солисі, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина т.б күйлерін шебер орындаушы және домбыраға алғаш классикалық шығармаларды лайықтаған орындаушылардың бірі ретінде танымал болған Бақыт Қарабалинаның орындаушылық және шығармашылық келбеті ашылып, оның орындаушылық нұсқасындағы Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйіне, сонымен қатар күйшінің домбыра ойнау ерекшеліктеріне тоқталып өтеміз.

Бүгінгі таңда күйтану тарихы мен XIX ғасыр күйшілері Құдайберген және Ахмет Жұбановтардан бастау алып зерттелсе де, әрбір орындаушының өзіндік мәнері толығымен айқындалмағандқтан, дәстүрлі күйшілердің айрықша орындаушылық стильдік ерекшеліктерін талдау мәселесі бүгінгі ғылымда **өзекті**. Ұсынылып отырған

мақаланың **мақсаты** — Бақыт Қарабалинаның орындауындағы күйлеріне музыкалық талдау жасау арқылы, оның өзіндік орындаушылық тәсілдерін анықтау және шеберлігіне баға беру. Бақыт Қарабалинаның қысқаша өнер-өмірбаянына тоқтала отырып, орындауындағы аппликатуралық ерекшелігін Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйіне орындаушылық талдау жасау арқылы айқындау міндеттеледі.

Мақаланың ғылыми әдістемесі күйші-зерттеушілер мен күйтанушылардың еңбектеріне сүйене отырып, салыстырмалы-теориялық зерттеу әдісі қолданылды.

Ғасырға ғасыр жалғап қазақ даласында өмір сүрген небір дүлдүл күйшілер халық арасында кеңінен танымал. Солардың бірі және бірегейі ретінде бүгінгі мақаламызда Нарын құмына аунап өскен, батыстың қатқыл табиғатын бойына алып, он саусағына күй қонған қазақтың қаршадай дарынды қызы Бақыт Қарабалина жайлы болмақ.

Бақыт Тоқсанбайқызы 1937 жылы 2 ақпанда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қошалақ ауылында дүниеге келген. Оның өз тұқымында күй шалып, домбыра шерткен ешкім болмады. Әкесі Қарабала қайратты, қара күштің иесі, ал анасы Рахима ісмер болған.

Бақыт Қарабалина өнерге келуі туралы өзі былай деген екен:

«Менің әкем де, шешем де домбырашы емес-ті, үлкен апам Фазиланың аздап домбыра тартатыны бар еді. Бірақ ол менің кішкентай кезімде тұрмысқа шығып кетті. Менің есімде қалғаны Фазила домбыра тартқан кезде, мен домбыра үйренуге өте құмартатын едім. Сол кезде үйде патефон да болатын. Мен үнемі патефонды ойнатып, сонда тартылған күйлерді домбыраға салуға әуреленіп отыратынымды анық білемін. Содан әдет алғаннан болу керек, мен қазір де күйлерді радиодан, не патефоннан әуелі сазын жаттап алып, содан кейін домбыраға түсіремін» [1, 1] – дейді Бақыт Қарабалина.

Бақыт Қарабалина мектеп жанындағы домбырашылар үйірмесінде небәрі екі ай уақыт ішінде нота сауатын ашып, қатарластарынан суырылып өзінің алғырлығымен көзге түседі. Орта мектепті бітіріп, халық арасында «күйші қыз» атанып, ел көзіне ілініп жүрген Бақыт Карабалинаны белгілі өнер зерттеушісі, академик Ахмет Жұбанов ел аралап, кезекті халық жәдігерлерін жинақтау сапарында тыңдап талантына тәнті болады. Оны Алматы мемелекеттік консерваториясына шақырады, 1965 жылы консерваторияны ойдағыдай аяқтап, Құрманғазы атындағы академиялық оркестр артисі және жеке орындаушы болып қалдырылады. Студенттік кезден домбырашылығымен халқына күй өнерін сусындатқан Бақыт Қарабалина өзінің ерекше орындаушылық өнерімен «екінші Дина» деген атаққа ие болды.

Бақыт Қарабалина халық аспаптар оркестрінде қызмет ете жүріп, 1976 жылдан бастап өзі түлеп ұшқан консерваторияда ұстаздық қызмет атқарып, көптеген дарынды шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Шәкірттері: Орақ Жауыров, Нұрайым Еркешева, Тлеуғали Қышқашбаев, Қалдыгүл Рақышева, Ақсанеш Есбергенова, Қайырбек Әділов, Жанас Бекентұров, Мақсұтхан Әшімов, Ермұрат Үсенов, Талап Қараш т.б. Оның ұстаздық қызметін шәкірттері толқи еске алады. Солардың бірі күйші-домбырашы, ұстаз, фольклор танушы, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері Айтжан Тоқтаған ұстазы жөнінде былай дейді: «Бақыт күйші ұстаз ретінде өзінің қарапайымдылығымен, әр шәкіртіне жаңа құбылыс ретінде таңырқай қарай алу қабілетіменен ерекшеленді. Сондықтан, өнер дүниесіне оларды қызықтыра тартып әкетер қасиеті бар ұстаздар өте сирек кездеседі. Сондай байсалды, жарқын бейнесі кімнің де болмасын есінен кетпес ұстаздардың бірі Бақыт апайымыз еді! Өзінің әр шәкіртіне аса жоғары құрметпен қарап, олардың өздеріне ғана тән табиғи ерекшеліктерін жіті танып, ұстаздық мақсатын осыған

сәйкес үйлестіре икемдей алатын қасиетімен тәнті ететін» [2, 1].

Бақыт Қарабалина «Қайран шешем» атты Қазақфильм киностудиясы түсірген көркемфильмде басты рольде қазақтың ұлы күйшісі, күй анасы Дина Нұрпейісованың бейнесін сомдайды. Бұл фильм 1983 жылы түсіріліп, екі сериядан тұрған. Қазіргі уақытты алғашқы сериясын ғаламтор желісіндегі youtube видео платформасынан көруге болады, ал екінші сериясы теледидар архивтерінде. Күйшінің жеке концерті Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы. Сондай-ақ күйші Бақыт Қарабалина 7 күйтабақтың авторы.

Бақыт Қарабалинаның репертуарына шолу жасау мақсатында қолымызда бар өз күйтабақтарының көмегімен төмендегідей кесте құрылды:

1 кесте

Күйтабақ тың шыққан жылы:	*Күйтабақты жарыққа шығарушы:*	*Б. Қарабалинаның орындауындағы музыкалық шығармалар:*
1968 жыл	ВФГ(RCF Союзная фирма грампластинок) «Мелодия» дыбыс жазушы компаниясы, Т.Ташмұхамедова атындағы Ташкент грампластинка заводы.	Күйлер: • Мәмен «Ақшолпан», «Қайғылы қара»; • Дина «Бұлбұл», «Байжұма»; • Түркеш «Көңілаш ар»; • Т. Ахметов «Жетім бала» • Шығармалар: (домбырада алғаш орындаушы ретінде) • И. Гайдн

		«Венгерское рондо» • орыстың халық әні «Коробейники», • М. Әубакиров «Жас екпін», • А. Яньшинов «Концертино». • Концертмейстер лер: С. Коган, В. Ясюнас.
1977 жыл	ВФГ(RCFСоюз ная фирма грампластинок) «Мелодия» дыбыс жазушы компаниясы, Т.Ташмұхамедо ва атындағы Ташкент грампластинка заводы.	Күйлер: • Абыл «Абыл»; • Дина «16жыл»; • Құрманғазы «Машина», «Ілме», «Түрмеден қашқан»; • Дәулеткерей «Көроғлы»; • Т. Култумиев «Комсомол»; Шығармалар: (домбырада алғаш орындаушы ретінде) • Ф. Лист «Венгерская распсодия»; • С. Рахманинов «Полька»; • А. Доброходов «Фантазия»; • В. Калинкин «Фантазия на темы двух украинских

		песен»
1984 жылы	Алматы грамзапись студиясында жазылып, 1985 жылы Т.Ташмұхамедова атындағы Ташкент грампластинка заводында шықты.	Шығармалар: (домбырада алғаш орындаушы ретінде) • Орыстың халық әні «Калинка», • И. Брамс «Венгерский танец №1», • «Румынский наигрыш» Концертмейстер: Татьяна Сулейменова. • В. Тихоновтың «Финская полька» Концертмейстер: ұлы Даурен Алимбаев.

Бақыт Қарабалина жеке және оркестр құрамында жүріп Жапония, Ұлыбритания, Дания, Чехославакия, Италия, Мажарстан, Франция, Финляндия және т.б. елдерде гастрольдік сапарларда болды. Дәулескер күйші өзінің 30 жылға жуық өмірін күйге арнады. Өнерге сіңірген еңбегінің арқасында профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі атағын алып, «Құрмет» орденімен марапатталған. Күйші өмірі қысқа болды. Ол 1991 жылдың көктемінде 54 - ке қараған шағында ұзаққа созылған науқастан дүниеден озды.

Бақыт Қарабалина Дәулеткерей күйлерін шебер орындаушы. Оның «Қазақстан» телеарнасы қорында сақталған бейнежазбаларынан Бақыт Қарабалинаның орындауында Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйін тыңдап тамашалауға болады. Осы жұмыста Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйіне Б. Қарабалинаның орындауында бейнежазба

бойынша күй талдауын жасауды жөн көрдік.

Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйінің шығу тарихы: Салық Бабажанов Дәулеткерейдің өз жиені екен. Оның мезгілсіз өліміне арнап сол кездегі ұлы күйшілер Құрманғазы, Түркеш, Дәулеткерейлер өздерінің «Салық өлген» күйін арнаған. С.Бабажанов жас кезінен орыстар мен қазақтар арасындағы ұлт араздығын тудыратын мәселелерге араша шыққан. Ол Орал казактары мен Бөкей Ордасы қазақтарының арасындағы жер дауы, су дауы мәселелеріне бірнеше рет қарсы шыққан. Сол кездегі заң тәртібі бойынша патша шенеуліктері заңға қарсы шықты деген айыппен, оның ішіп отырған сусынына у қосып әдейі өлтірді, деген әңгімелер де бар. Салық Бабажанов тым жас кезінде қыршын кеткен [3, 95].

«Салық өлген» күйі арнау, жоқтау күйлер қатарына еніп, құрылымы бойынша буындық формаға жатады. Күй бас буын, негізгі буын, орта буын, бірінші және екінші саға, қосалқы буындардан тұрады, ырғағы жәй, асықпай, қайғылы көңілді жеткізе орындалады.

Күйдің ырғағын Қ. Ахмедьяровтың хаттауымен Дәулеткерейдің «Жігер» күйлер жинағына енген. Қали Жантілеуовтың нұсқасымен салыстырсақ, Б.Қарабалина «Салық өлген» күйін орындауда 1 төрттік және 3 сегіздік ноталарды қолданып ритмді өзгерткен. Ал Қ.Жантілеуов бұл күйді 1 төрттік, 1 оналтылық және төрттік ритмдерін қолданып орындаған.



Сурет 1 – *Қ.Жантілеуов нұсқасы.[3,13]*



Сурет 2 – *Б.Қарабалина нұсқасы.*

Күй a-moll үндестігінде жүреді. Қали Жантілеуовтың орындауында күй басынан аяқғына дайін 5/8 өлшемінде жүріп отырса, Бақыт Қарабалинаның нұсқасында бас буыннан кейін естілген негізгі буында жаңадан қосылған қосалқы буын күйді 2/4 өлшемдерімен алмастырып отырады. Күйде ыдырату, жинақтау, бөлшектеу және триоль ырғақтары, сонымен қатар квартоль ырғақтық тобы, лига, фермата, хроматикалық дыбыстар кездеседі. Күйдің өне бойындағы ладтық тіректер: $\frac{a}{d}$, **d**-e-f-g-**a,** болып дамиды.

Б. Қарабалинаның нұсқасында кездесетін қосалқы буын 20-23 такт аралығында көрсетілген; Бұл қосалқы буын триоль көмегімен біркелкі ырғақпен ойналады. Ал Қ. Жантілеуовтың нұсқасында бұл қосалқы буын мүлдем кездеспейді.



Сурет 3 -*20-23 такт қосалқы буын.*

Күйдің 35-ші тактісінде орта буын элементтері байқалып, күй байыппен негізгі буын әуенін қайталайды. Осылайша жетілмеген орта буын, 45 тактіден бастап Құрманғазы күйлерінде кездесетін секвенция әдісі қолданылып, орта буын $\boldsymbol{a^1}$ дыбысына дамиды. Ладтық тірек$\frac{d}{d}$, **d**-e-g-a-h-c-**d**-e-f-g-a.

Ортабуыннан соң күйдің басында кездесетін негізгі буынды қайталап, күй кіші сағаға ұласады. Сағада ладтық тірек ***d -g*** . Бұл буында негізгі буын әуені орта буын дыбыстарында транспозиция жасалып, бастапқы формула бойынша қайталанады.

Құрманғазы күйлерінде дыбыс кеңістігінің ауқымдылығы байқалады, оның күйлерінің құрылымдық формуласында транспозицияның пайдалануы, 2-ші сағада жаңа бөлімнің пайда болуы, одан соң бас буын және орта буын қайталанып, 1-ші және 2-ші саға ойналуы қалыпты жағдай. Кейде 1-ші саға бөлімі төмен түсіп дамып екінші сағаны қамтып кетеді. Бұл Құрманғазының «Адай» күйінде бейнеленген. Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйі Б.Қарабалинаның нұсқасында 1-ші және 2-ші сағаның бірге ойналуы Дәулеткерей мен Құрманғазы күйлерінің құрылымдық формасы жағынан ұқсастығын көрсетеді.

Күйдің үлкен сағасында хроматикалық **es** дыбысы қолданылып, транспозицияланған орта буын элементтерінен құралған.

Күй үлкен сағадан кейін бастапқы формула бойынша негізгі буынды қайталап барып аяқтайды.

Жасалынған зерттеудің нәтижесінде Б. Қарабалинаның орындауындағы «Салық өлген» күйіне құрылымдық талдау графигін ұсынамыз:



Сурет 4 – *күйдің құрылымдық талдау графигі.*

А – бас буын + негізгі буын, **Б** - жетілмеген орта буын, **В** – орта буын, **С** – кіші саға, **Д** – үлкен саға.

Бақыт Қарабалинаның күй орындаудағы үлкен ерекшелігі — оның ***сол қол аппликатурасындағы, және күйлерде кездестін позицияларды алуында саусақ қоюдағы өзгешелік.*** Домбыра аспабының саусақ кестесі басқа аспаптарға қарағанда өзгешелеу болып келгенмен, негізгі принциптерді нысанға аламыз. Мысалы: әр саусақтың перне басуда тепе-тең күшін реттеу; дәстүрлі, қалыптасқан саусақ кестесі заңдылықтарын сақтау; аппппликатураның позициядағы қалпын жете меңгеру т.б. [3, 85].

Осы айтылған маңызды қағидаларды ұстануда Бақыт Қарабалина кейбір заңдылықтарды бұзған. Бұны біз интернет желісіндегі youtube браузеріндегі жүктелген бейнежазбада, «Күй аманат» бағдарламасының қонағы болған Бақыт Қарабалинаның орындауындағы: Даулеткерейдің «Құдаша», Абылдың «Абыл», Құрманғазының «Байжұма», Дәулеткерейдің «Салық өлген» күйін орындау сәтінен байқаймыз [4, 1].



Сурет 5 – *Абылдың күйі «Абыл» Бақыт Қарабалинаның саусақ басу кестесі.*

Яғни, суретте белгіленген саусақ кестесінде дәстүрлі саусақ алу заңдылығы бойынша 4-ші саусақ алынудың орынына, бұл жерде үстіңгі шекте ***б*** (бармақ), астыңғы

шекте ***d*** дыбысына 3-ші саусақ басылып тұр. Осындай мысалдарды Б. Қарабалина орындауындағы бейнежазбалардан анық байқауға болады. Орындау шының аппликатураны бұлай өзгертуінің басты себебі, сол қолдағы төртінші саусақтың белгілі бір себептерге байланысты қисаюында екен. Демек, Б. Қарабалина сол қолдың төртінші саусағының күші аз, және перне басуда ыңғайсыздық тудырғаннан соң күйдің кейбір жерлерінде дәстүрлі аппликатурадан ауытқуға мәжбүр болған деген шешімге келеміз. Алайда, мұндай қиындықтар оның орындаушылығына еш кедергі тудыра қойған жоқ. Керісінше, оның орындаушылық ерекшелігіне айналып, орындаған шығармалары жаңа нұсқада жаңғырғандай көрінеді.

Жасалған күй талдаудың нәтижесінде Б. Қарабалина Дәулеткерейдің «Салық өлген күйін орындауда өз интерпретациясын қолданғаны анықталды. Қали Жантілеуовтың нұсқасында күй ырғағы марш екпінін еске түсірсе, салыстырмалы түрде қарасақ, Бақыт Қарабалина ырғақты өзгертуінің нәтижесінде күй дыбысының бірыңғай үзілмеуін қамтамасыз етіп, әуеннің бірінен соң бірі жалғанып кеткенін аңғартады. Б. Қараблинаның нұсқасынан байқаған жаңа қосалқы буынның болуы, күйшінің суырып салмалық қырының жақсы дамығанын көрсетеді. Жаңа қосалқы буын күйді көркемдеп, ерекше дем береді. Б. Қараблинаның нұсқасы Қ. Ахмедияровтың «Дәулеткерей. Жігер» кітабындағы «Салық өлген» күйінің ноталық жазбасымен салыстырғанда сәйкес келмейді. Сондықтан Б. Қарабалинаның аудиожазбасы бойынша күй нотаға түсіріліп, салыстырмалы орындаушылық тұрығыдан талданды.

Әдебиеттер тізімі

1. Айымбетов Н. «Қазақ әдебиеті мен искусствосының Москвадағы онкүндігі алдында // Социалистік құрылыс. – Алматы, 1958. - 19 февраль.- 1 б.
2. https://www.youtube.com/watch?v=Cmqjdj0igc8
3. Дәулеткерей. Жігер. (құраст. Ахмедияров Қ.). Алматы: Өнер, 1996. -13, 95 б.
4. Сахарбаева К. Домбыра үйрену әдістемесі. Алматы: Мектеп, 2002.- 85 б.
5. https://www.youtube.com/watch?v=E6pnZBKy9NM

Автор туралы мәлімет:

Қыдырсихова Тоғжан **–** Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Сабырова Алия Сұлтанмұратқызы, өнертану кандидаты (PhD), қауымдастырылған профессор (БҒБК).

Сведения об авторе:

Кыдырсихова Тогжан – магистрант 1 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Сабырова Алия Султанмуратовна, кандидат искусствоведения (PhD), ассоциированный профессор (ККСОН).

Шахнур МАРСАЛИ
Магистрант 1 курса
КНК имени Курмангазы
Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРПРЕТАЦИИ КОНЦЕРТА ДЛЯ ФАГОТА С ОРКЕСТРОМ F-DUROP.75 КАРЛА МАРИИ ФОН ВЕБЕРА

Аннотация

Концерт для фагота с оркестром Вебера – это образец высокой мировой классики, он украшает репертуар фаготистов в течении почти двух столетий. Статья посвящена исполнительской интерпретации и музыкального анализа этого концерта. Особое значение приобретает изучение стилистических особенностей и выявление проблематики исполнительской интерпретации. Концерт для фагота с оркестром является до настоящего времени основополагающим в профессиональной практике у фаготистов, полностью сохраняя несравненные по богатству и точности использования качества инструмента, и редкостную ясность, непосредственность музыкально-художественного воздействия. Музыковед и фаготист Уильям Уотерхаус утверждает: «Концерт для фагота Вебера занимает второе место по важности после концерта Моцарта» [1]. С точки зрения значимости данная статья имеет одновременно теоретическую и практическую направленность.

Ключевые слова: интерпретация концерта, музыкальный анализ, профессиональная практика музыкантов-духовиков, инструментализм, духовые инструменты.

Аннотация

Вебердің фагот пен оркестрге арналған концерті-жоғары әлемдік классиканың үлгісі, ол екі ғасырға жуық уақыт бойы фаготистердің репертуарын безендіреді. Мақала фагот пен оркестрге арналған Карл Мария фон Вебердің концертінің орындаушылық интерпретациясы мен музыкалық талдауына арналған. Стилистикалық ерекшеліктерді зерттеу және орындаушылық интерпретация проблемаларын анықтау ерекше маңызға ие. Фагот пен оркестрге арналған Концерт бүгінгі күнге дейін фаготисттердің кәсіби тәжірибесінде негіз қалаушы болып табылады. Кереметтілігін сақтай отырып, аспаптың байлығы мен сапасын пайдалану дәлдігін, сирек айқындығын, музыкалық және көркемдік әсердің жеделдігін толығымен сақтайды.Уильям Уотерхаус былай дейді: «Вебердің фаготқа арналған концерті, маңыздылығы жағынан Моцарттан кейінгі екінші орында» [1]. Маңыздылығы тұрғысынан, бұл мақала теориялық және практикалық бағытқа ие.

Тірек сөздер: концерттің интерпретациясы, музыканы талдау, музыкант-духовиктердің кәсіби тәжірибесі, инструментализм, үрлемелі аспаптар.

Abstract

Weber's concerto for bassoon and orchestra is an example of high world classics; it graced the repertoire of bassoonists for nearly two centuries. The article is devoted to the performance interpretation and musical analysis of the concerto for bassoon and orchestra by Carl Maria von Weber. Of particular importance is the study of stylistic features and the identification of problems of performing interpretation. The concerto for bassoon and orchestra still remains fundamental in the professional practice of bassoonists, fully preserving the qualities of the instrument, incomparable in richness and accuracy of use, rare clarity, and immediacy of musical and artistic impact. William Waterhouse states: «Weber's Bassoon Concerto ranks second in importance to Mozart's concerto» [1]. In terms of

significance, this article has both a theoretical and a practical focus.

Keywords: interpretation of the concert, music analysis, professional practice of brass musicians, instrumentalism, wind instruments.

Карл Мария фон Вебер является выдающимся немецким композитором, музыкальным критиком, литератором, публицистом, общественным деятелем начала XIX века. Он был основоположником немецкой национальной оперы. Вебер является первым романтиком, именно его творчество заложило основы романтизма в музыке.

Самыми ранними образцами музыкального творчества, являются концертные произведения для духовых инструментов, написанные в 1811 году. Эти произведения (для кларнета, фагота и отчасти валторны) являются до настоящего времени основополагающими в профессиональной практике музыкантов-духовиков. Концерт для фагота с оркестром Карла Марии фон Вебера был написан в 1811 году для мюнхенского придворного музыканта Георга Фридриха Брандта, а затем отредактирован в 1822 году. В концерте Вебер использует трехчастный цикл, в котором первая чать представляет собой одночастную сонатную форму, вторая часть – трехчастную форму, а последняя часть-форма рондо.

Часть первая *Allegro ma* ***Ошибка! Закладка не определена.****non troppo***Ошибка! Закладка не определена.** в классической сонатной форме и написана в тональности *F-dur* и имеет размер 4/4. Есть оркестровое вступление, в котором основное внимание уделяется тоникам и доминантам *F-dur*.

Мелодический материал взят из первой и второй темы, эти темыпозже появляются вдвижении. Можно утверждать, что маршеобразное вступление является драматическим

наращиванием перед вступлением солиста. Восемь торжественных ударов литавр предвещают вступление солиста, сначала *F-dur*, а затем в контрастномg-moll. Следовательно, фагот торжественновступает с главной темой (*пример 1*).



Пример 1

Первая часть в военном стиле оркестровой экспозиции, раскрывает две контрастные темы. Первая тема главной партии- бетховенское боевое заявление, полное пунктирных ритмов и бегущих гамм.Воинственный характер темы вступления, стремительныештрихи с интенсивной атакой требуют от исполнителя внимательного отношения к артикуляции, ибо от нее зависит как подача звуков и ихосмысленные построения, так и образные характеристики. Для исполнителя в 55-ом такте, техническая сложность заключается в использовании двойного стаккато *(пример 2).*



Пример 2

Последовательно в связующей партии появляется

лиричность, тема подготавливает побочную партию *(пример 3)*.

Пример 3

Вторая тема - это побочная партия. Характерна плавная, спокойная мелодия, которая сильно отличается от первой темы.Частые смены настроения пронизывают движение, с отметками «brillant», «dolce», «con fuoco», «dolce again» и «brillante» для драматической концовки. Начало предполагает использование мягкой атаки, плавное соединение на одном выдохе, чтобы показать фразу *(пример 4)*.



Пример 4

После завершения, оркестр повторяет тему, в то время как фагот исполняет гаммаобразные пассажи, чтобы закрыть ее. Развитие сосредоточено на теме, сбыстрым пассажем солиста, который торжественно завершается заключительной партией. Техника языка, четкая артикуляция играет большую роль в этой теме*(пример 5)*.

Пример 5

Разработка начинается с темы главной партии, ноуже в параллельной тональности*d-moll*. В этой тональности звучит более сдержанно и сосредоточенно. Тема солиста, особенно триольная фигура,дает ощущениебеспокойности *(пример 6)*.



Пример 6

Следующий раздел – реприза. Полностью без изменений звучат вступительные интонации первой темы.

Напористый пунктирно-ритмический вступительный жест, напоминает первую часть, хотяво второй части - лирического*Adagio*присутствует легкость. Вторая частьне содержит в себе даже намека на безверие в жизнь, она имеет в основном светлый характер, поэтому излишняя правильность,тем более, надрывность в её трактовке неуместны. Здесьисполнитель показываетпростоту, естественность мелодики Вебера. Главная тема демонстрирует лиризм фагота, как и везде в духовых концертах Вебера. Открывается с оркестрового вступления на «*forte»* и очень нежно на высоком регистре начинается соло фагота*(пример 7)*.



Пример 7

Оперный лиризм насыщает эту часть, которая находится в субдоминанте *b-moll*. Медленная часть сильно напоминает итальянскую оперу. Мелодию легко спеть, и это пожалуй, одна из интересных темнаписанных для соло-фагота. Вебер также умел экспериментировать с тембром в своей оркестровке. Большой скачок от первой октавы ноты «с», до большой октавы ноты «с», исполнитель должен на одном дыхании провести этот скачок и при этом не теряя легкость*(пример 8).*

Пример 8

Движение завершается единственной каденцией произведения. Каденция показывает всю широту диапозона инструмента. Гаммаобразный пассаж, триольный ритм с фермата,создает ощущения воспоминанийо прошлом и предстоящем,светлом будущем*(пример 9).*

Пример 9

Третья часть ***Ошибка! Закладка не определена.****Allegro* - подвижное рондо, которое позволяет фаготу проявиться в техническом плане, демонстрируя свое мастерство с помощью быстрого пассажа, охватывающего крайности диапазона инструмента. Заключительное *Rondo Allegro* обнаруживает, что фагот сам вводитглавную тему, затем преследует ее и комментирует ее через промежуточные эпизоды. Основная тема - яркая и запоминающаяся, что позволяет легко определить, когда она появляется много кратно в движении. Начинается в высоком регистре, очень важна четкая атака, чтобы переход на легато было непрерывным.Все гаммаобразные фигуры играются на двойном стаккато, чтобы показать ясную артикуляциюи характер произведения. Мы возвращаемся к переменчивым колебаниям настроения в первой части, чередуя «*dolce*» и «*con fuoco*», но с новыми отметками «*espressivo*» и «*scherzando*»*(пример 10).*



Пример 10

Последняя часть очень виртуозная, основана на пассажах, на постоянных скачках. Неоднократночередуются быстрые восходящие и нисходящие фигуры с переходами на лиричность.

В середине произведения оркестр играет главную тему, подготавливая тему фагота, которая будет звучать в среднем регистре, также не теряя свою содержательность. Все пассажи звучат на легато, и в данной фразировке очень важно артикуляция пальцев и техника языка солиста*(пример*

11).

Пример 11

После двух контрастных эпизодов, начинается суматошная кода с оркестрового переформулирования темы Рондо. После финального изложения темы, солист исполняет шквал гамм и арпеджио.

Динамические взлеты и падения точно следуют мелодическому движению. В коде, как и в среднем разделе разработки, появляются прерывистые аккорды. Они также исполняются с большой силой, темпераментом и масштабом. Заключительная виртуозная часть пассажей в ритме шестнадцатых, представляет собой последнюю волну наращивания. Переходы должны быть свободными, быстрыми. Яркая, виртуозная кода органично завершает весь концерт.

Концерт Вебера — это образец высокой мировой классики, он украшает репертуар фаготистов в течении почти двух столетий. Концерт технический сложен, но простоту и певучесть мелодий, может передать только зрелый музыкант, который должен не только обладатькрасивым звуком, и в совершенстве владеть техникой.

Все это свидетельствует о глубоком понимании автора жанровых особенностей произведения. Таким образом, музыка Вебера своей гениальной простотой и жизнеутверждающим характером созвучна нашей эпохе.

Список литературы

1. Уотерхаус, Уильям. «Концерт Вебера для фагота соч. 75: Сравнение рукописи и печатных источников ». Журнал Международного общества двойного тростника, (1986),https://web.archive.org/web/20150419135137/http://www.idrs.org/publications/controlled/Journal/JNL14/JNL14
2. Уоррак, Джон (1976). Карл Мария фон Вебер (2-е изд.). Кембридж: Издательство Кембриджского университета. Стр. 356-362. ISBN 978-0-521-29121-7.
3. Хендерсон, Дональд Г. и Элис Х. Хендерсон (1990) Карл Мария фон Вебер: Руководство по исследованиям, Руководства по ресурсам композитора Гарланда 24, Нью-Йорк; Лондон: Гарланд, ISBN 0-8240-4118-6.

Сведения об авторе:

Марсали Шахнур **–** магистрант 1 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Мусагулова Гульмира Жаксыбековна, профессор, кандидат искусствоведения.

Автор туралы мәлімет:

Марсали Шахнур– Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Мұсағұлова Гүлмира Жақсыбековна, профессор, өнер ғылымдарының кандидаты.

Салтанат МУСТАФИНА
Магистрант 2 курса
КНК имени Курмангазы
Алматы, Казахстан

СОНАТЫ ДЛЯ КЛАРНЕТА И ФОРТЕПИАНО ИОГАННЕСА БРАМСА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ ИСПОЛНИТЕЛЬСКОЙ ПРАКТИКИ

Аннотация

Целью статьи является изучение истории создания двух сонат для кларнета и фортепиано Иоганнеса Брамса, их место и значение в камерно-инструментальной музыке как самого композитора, так и в современной исполнительской практике. Сонаты Брамса входят в классический репертуар кларнетистов, и их исполнение служит свидетельством высокого уровня профессионального мастерства. Рост профессиональной исполнительской кларнетовой школы связан, в том числе, с постижением величайших образцов камерно-инструментальных сочинений Иоганнеса Брамса. Сонаты для кларнета и фортепиано отражают черты позднего стиля автора, они созданы в тесном сотрудничестве с выдающимся исполнителем-кларнетистом Рихардом Мюльфельдом. Их концертная судьба связана с деятельностью многих выдающихся исполнителей. В процессе работы над темой автор использует историко-стилевой подход, и анализирует особенности исполнения сонат для кларнета и фортепиано зарубежных кларнетистов — Ричарда Штольцмана, Карла Лейстера, Мартина Фроста. Исполнительские интерпретации сонат для кларнета и фортепиано И. Брамса отличаются в зависимости от индивидуальных особенностей стиля кларнетистов различных исполнительских школ. В статье прослеживаются основные исполнительские традиции в подходе к камерным

произведениям И.Брамса.

Ключевые слова: *Иоганнес Брамс, романтизм, кларнет, исполнительские особенности.*

Аннотация

Мақаланың мақсаты – Иоганнес Брамстың кларнет пен фортепианоға арналған екі сонатасының шығу тарихын, олардың композитордың камералық аспаптық музыкасындағы және қазіргі орындаушылық тәжірибесіндегі орны мен маңызын зерттеу. И.Брамс сонаталары кларнет орындаушыларының классикалық репертуарына енген және олардың орындалуы –кәсіби шеберліктің жоғары деңгейінің дәлелі болып табылады. Кәсіби орындаушылық кларнет мектебінің өсуі Иоганнес Брамстың камералық-аспаптық композицияларының ең кемел үлгілерін меңгерумен байланысты. Кларнет және фортепианоға арналған сонаталар көрнекті кларнет орындаушысы Рихард Мюлдьфелдпен тығыз ынтымақтастықта жасалып, автор шығармашылығы стилінің кейінгі кезең ерекшеліктерін көрсетеді. Олардың концерттік тағдыры көптеген көрнекті орындаушылар шығармашылығымен байланысты. Мақала тақырыбын ашу барысында автор тарихи-стильдік әдісті қолданып, шетелдік орындаушылар – Ричард Штольцманның, Карл Лейстердің, Мартин Фросттың кларнет пен фортепианоға арналған сонаталарының орындаушылық нұсқаларына талдау жасайды. И.Брамстың кларнет және фортепианоға арналған сонаталарын орындау интерпретациялары әртүрлі орындаушылық мектептер кларнетистерінің жеке стиллдік сипатына байланысты ерекшеленеді. Мақалада И.Брамстың камералық шығармаларын сомдаудағы негізгі орындаушылық дәстүрлер қарастырылады.

Тірек сөздер: Иоганнес Брамс, романтизм, кларнет, орындаушылық ерекшеліктер.

Abstract

The purpose of the article is to study the history of the creation of two sonatas for clarinet and piano by Johannes Brahms, their place and significance in the chamber instrumental music of both the composer himself and in modern performing practice. Brahms' sonatas are included in the classical repertoire of clarinetists, and their performance is evidence of a high level of professional skill. The growth of the professional performing clarinet school is associated, among other things, with the comprehension of the greatest examples of chamber-instrumental works by Johannes Brahms. Sonatas for clarinet and piano reflect the features of the late style of the author, created in close collaboration with the outstanding clarinetist Richard Mühlfeld. Their concert destiny is connected with the activities of many outstanding performers. In the process of working on the topic, the author uses a historical and stylistic approach, and analyzes the performance of sonatas for clarinet and piano by foreign clarinetists – Richard Stoltzmann, Karl Leyster, Martin Frost. Performing interpretations of the sonatas for clarinet and piano by I. Brahms differ depending on the individual characteristics of the style of clarinetists of various performing schools. The article traces the main performing traditions in the approach to I. Brahms' chamber works.

Keywords: Johannes Brahms, romanticism, clarinet, performance features.

Одним из центральных представителей эпохи романтизма является Иоганнес Брамс — немецкий композитор, дирижер и пианист, про которого еще великий Роберт Шуман говорил: “Вот музыкант, который призван дать самое высокое и идеальное выражение духу нашего времени” [1, 193].

Вступив в музыкальную жизнь как преемник Р. Шумана, И. Брамс шел по пути широкого и

индивидуального претворения традиций разных эпох немецко-австрийской музыки и немецкой культуры в целом.

И.Брамс сочинял музыку практически во всех жанрах, за исключением оперы. В обширном творческом наследии Брамса камерная музыка – едва ли не самая богатая и разнообразная область в наследии композитора. Она вместила все основные идеи его творчества, начиная с раннего этапа и кончая поздним, последовательно отразив эволюцию стиля. Камерно-инструментальные произведения занимают значительное место, став подлинной творческой лабораторией композитора. Уже в ранних своих произведениях И. Брамс проявляет самобытность и самостоятельность, а благодаря упорному труду в этом направлении ему удалось создать классически совершенные образцы камерной музыки, отмеченные индивидуальным стилем.

Нельзя сказать о произведениях Брамса, что он находился под влиянием кого-либо предшествовавших композиторов. Сочинения композитора конца 1980 года подготовили переход к позднему периоду творчества, отмеченному господством камерных жанров. В тот жизненный период, очень требовательный к себе Брамс, боясь истощения творческой фантазии, думал о прекращении композиторской деятельности. Однако встреча весной 1891 года с кларнетистом Мейнингенского оркестра Рихард Мюльфельдом побудила его к созданию некоторых сочинений, таких как: Трио для кларнета, виолончели и фортепиано, a-moll, op.114 (1891), Квинтет для кларнета и струнного оркестра, h-moll, op.115 (1891), а затем и двух кларнетовых сонат, f-moll и Es-dur, op.120 (1894), подытоживших творческие искания композитора. Эти произведения принадлежат к числу наиболее совершенных в творческом наследии Брамса. Композитор проникся уважением к Мюльфельду настолько, что отчислял ему все гонорары за исполнение своих сочинений для кларнета и

передал ему рукописи обеих сонат после их публикации.

Встреча с Р. Мюльфельдом сыграла судьбоносную роль в творчестве композитора. Он был кларнетистом-самоучкой: долгое время играл в оркестре герцога Мейнингена на скрипке, а кларнет освоил для собственного удовольствия, и не уступал в мастерстве профессионалам. В дуэте с Брамсом музыкант не только осуществил премьеру его сонат, но и провел с композитором двухмесячные гастроли по Австрии и Германии. Замечательные выступления Мюльфельда на концертах вызвали восторг и восхищение Брамса, начавшего изучать возможности инструмента кларнет. Брамс, сочиняя для него пьесы, не только опирался на виртуозные фиоритуры, а концентрировался в первую очередь на великолепных тембровых возможностях этого инструмента.

Обе кларнетовые сонаты были написаны в форме сонатно-симфонического цикла в сопровождении фортепиано и прозвучали в 1895 году в Вене, а затем и в других городах Австрии и Германии (в гастрольном турне).

Фортепианный квинтет А. Жайыма «Күйшашу» был написан в 2011 году по заказу ректора КНК им.Курмангазы Ж.Я. Аубакировой [4]. Представляет собой блестящий, концертный по характеру тартыс для 5 роялей. С огромным успехом «Күй шашу» был исполнен на отчетном концерте консерватории 9 декабря 2011 года в Центральном концертном зале «Казахстан» в г. Нур – Султан. Исполняли данное произведение прекрасные музыканты – пианисты – Ернар Нуртазин, Нурболат Базарбаева, Александр Романенко, Алияр Отетлеу, Аскар Кулшарипов. Хотелось бы отметить профессионализм исполнения на пяти роялях, и четкую сыгранность пяти прекрасных исполнителей данного произведения.

Также Арман Жайым является автором сборников собственных сочинении: «Концерт №1» для скрипки и оркестра (2017);«Кюй дастан» (2018); «Скерцо, сюита Коркыт, Концерт для кобыза и оркестра» (2019); «Хрестоматия для кобыза» совместно с Алматом Сайжан (2019); Составитель сборника «Кобызовые кюй, обработки для кобыза и фортепиано» совместно с Алматом Сайжан (2019).

Композитором написаны: Опера «Бейбарыс» (совместно с Айткали Жайымовым, либретто Улыкбек Есдаулет, Айткали Жайымов), опера «Ақбөбек» (либретто Айткали Жайымова), балет «Алпамыс» (сюжет Айткали Жайымова по народному эпосу «Алпамыс батыр»), музыка к театрализованной постановке «Төле би» (совместно с Айткали Жайымовым, либретто Маралтай Райымбекулы), музыка к кинофильму «Шыңырау» (режиссер Жанабек Жетиру), симфонические поэмы, сочинения для казахского оркестра, концерт для различных инструментов с оркестром, камерно-инструментальные и вокально-хоровые произведения, а

также свыше 200 оркестровок и обработок произведений других композиторов.

Разносторонность творческой личности А. Жайыма проявилась в многообразии жанров, в которых умело работает композитор. Он пишет различные оркестровые, камерно-инструментальные, вокально-хоровые произведения, обработки и переложения для симфонического, народного оркестров, струнного и фольклорного ансамблей, работы для хора, солистов и отдельных инструментов. Отдельное внимание заслуживает его музыкально-этнографическая работа (около 40 песен) по записи и расшифровке песен казахских композиторов, проживающих в Китайской республике.

Произведения Армана узнаваемы и популярны в концертном репертуаре творческих коллективов. Ему характерно жанровое многообразие, глубоко индивидуальное воплощение особенностей казахской народной музыки и современных средств музыкальной выразительности и, безусловно, максимальное использование богатейших ресурсов всех инструментов и исполнительской техники.

Список литературы

1. Егизбаева, Г.А. Фортепианная соната А. Жайыма: стилистические особенности и исполнительский анализ:дис. …магистра искусства, 36с.
2. Толепберген Г.Б. Рапсодия для пяти роялей «Кюй-Шашу» А. Жайыма: Особенности воплощения домбровой традиции и исполнительства:дис. …магистра искусства, 75 с.
3. Козырина О.Ю. Опыт исполнительства в фортепианном творчестве Н. Мендыгалиева, А. Серкебаева и А. Жайыма:дис. …магистра искусства, 72с.
4. Туткасинова А.А. Драматургия оперы «Ақбөбек»А. Жайыма:дис. …магистра искусства,76с.

Автор туралы мәлімет:

Сатиева Раушан– Қазақ ұлттық өнер университетінің 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, пед. ғылым докторы – Досанова Алма Әбілханқызы.

Сведения об авторе:

Сатиева Раушан – магистрант 2 курса Казахского национального университета искусств.

Научный руководитель доцент кафедры «Музыковедение и композиция», кандидат пед. наук – Досанова Алма Абилхановна.

Зайрагүл СҮЙЕКЕНОВА, Лаура ЖҰМАБЕКОВА
Құрманғазы атындағы ҚҰК
Алматы, Қазақстан

ЕРКІН НҰРЫМБЕТОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Аннотация

Мақалада Еркін Нұрымбетовтің көп қырлы шығармашылығының жалпы сипаты берілген. Өнер иесінің өмірі мен шығармашылығы, дирижерлық келбеті, композиторлық ерекшелігі қазақ оркестрінің дамуы мен аспаптық музыка мәдениетінің өркендеуіне қосқан сүбелі үлесі қарастырылған. Мақаланың кіріспесінде Е. Нұрымбетовтің алғаш өнер жолына келуі, кәсіби маман ретінде қалыптасуы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрінің репертуарын көтеру бағытында ізденістері қарастырылған. Негізгі бөлімде композитордың лирикалық әндерінің ерекшеліктеріне, сонымен қатар, халық аспаптар оркестрінің репертуарының қалыптасуына қосқан үлесі жайлы ақпараттар берілген. Кәсіби маманның дирижерлік өнердегі шеберлігін шыңдау негізінде жасалған қадамдары, үздіксіз өсу жолындағы еңбектеріне шолу жасалынған. Әр жылдары жазылған партитуралары, ұлт аспаптар оркестрлеріне арналған поэмалары мен күйлері, театр қойылымдарына жазған музыкасының ерекшеліктері зерттелген. Өнердегі шығармашылығына шолу жасалып, дирижерлік, композиторлық қырлары жеке қарастырылған. Қазақ музыка мәдениетінің дамуына қосқан айтарлықтай үлесі жүйеленіп жазылған.

Тірек сөздер: композитор, дирижер, оркестр, музыка, мәдениет.

Аннотация

В статье дается характеристика многогранного творческого облика Еркина Нурымбетова. Объектом внимания являются жизнь и творчество известного музыканта, его вклад в развитие казахского оркестра и инструментальной музыкальной культуры как дирижера и самобытного композитора. Во введении к статье рассмотрены вопросы становления Е. Нурымбетова как профессионала, его творческие изыскания в поисках репертуара для Казахского национального оркестра имени Курмангазы. В основной части представлена информация об особенностях лирических песен композитора, а также о его роли в формировании репертуара для оркестра народных инструментов. Осуществлен обзор его трудов по повышению дирижерского мастерства. Изучены партитуры, поэмы и кюи для оркестра, музыка к театральным постановкам. Отдельное внимание уделено рассмотрению дирижерского и композиторского граней его таланта. Тем самым, предпринята попытка систематизации его вклада в развитие казахской музыкальной культуры.

Ключевые слова: композитор, дирижер, оркестр, культура, музыкант.

Abstract

The article gives a general description of the multifaceted creativity of Yerkin Nurymbetov. The life and work of the owner of the art, the conductor's appearance, the composer's identity have made a significant contribution to the development of the Kazakh orchestra and the development of instrumental musical culture. In the introduction to the article, the issues of E. Nurymbetov's formation as a professional, his search for improving the repertoire of the Kurmangazy Kazakh National Orchestra are considered. The main part presents information about the features of the composer's lyrical songs, as well as his contribution to the formation of the repertoire of the orchestra of

folk instruments. The review of the professional's steps to improve his skills in conducting art, his works on the way to continuous growth is made. The scores, poems and kuis for orchestras of folk instruments, features of music for theatrical productions written in different years are studied. A review of his work in art is conducted, conducting and composing aspects are considered separately. A significant contribution to the development of Kazakh musical culture has been systematized.

Keywords: composer, conductor, orchestra, music, culture

Өнердің қай саласы болмасын, өзіне жан-тәнімен, бар болмысымен берілген дарынды ұнатады. Сондай дарын иесі ғана өнердің құдіретін, оның киесін түсіне алады.

Мақаламыздың арқауы болып отырған Еркін Нұрымбетовтің өнердегі шығармашылығы кәсіби дирижерлігімен, әндерінің ерекше әуенділігі баурап алады. Ол өнердің қадір-қасиетін түсінген адам. Ол өзінің лирикалық әндерімен, өңдеушілік талантымен көзге түседі. Оның аспаптық шығармаларында ұлттық бояулар, дәстүрлі нақыштар, жаңа әуендік ой, құлаққа жағымды сарын, музыка фактурасының жазу стилін жақсы меңгергені көрініс табады. Оның күйлері мен поэмалары халықтың сүйіп тыңдайтын шығармаларына айналған.

Тәуелсіз еліміздің музыкалық мәдениетіне еркін қадам басып, өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп жүрген – Еркін Шаяхметұлының есімі дирижер, композитор, домбырашы ретінде таныс.

Алты алаштың анасы болған – Сыр елінде дүниеге келген Еркін Нұрымбетов Қызылорда қаласындағы №1 балалар саз мектебінде Махамбет Мәмбетназаровтан білім алып, дәулескер домбырашы Айтберген Жаңбыршиевтің сыныбынан оқуын жалғастырады. Өнерге қабілетті дарынды ұстазы өзі жетекшілік ететін фольклорлық ансамбльдің репертуарын дайындауға ерте араластырады. Өнердің қыр-

сырын терең меңгеруге талаптанған Еркін Алматы қаласындағы П.И.Чайковский атындағы музыка училищесінде Ермұрат Үсеновтың класына оқуға қабылданады.

Студент кезінде Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің конкурсына қатысып, домбырада бірінші тенордың екінші пультінің орнын алып, домбыра тобының концертмейстері, бірінші пульттегі дәулескер күйші Тұяқберді Шәмеловтың артында отыру мәртебесіне ие болады. Өнер иесінің сол күннен бастап оркестр музыканты ретінде жұмыс тәжірибесі басталды. Училищені қызыл дипломмен бітірген ізденуші жоғары оқу орнына Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына домбырашы мамандығымен Айтқали Жайымовтың класына оқуға түстеді. Үшінші курстан бастап студенттік оркестрдің концертмейстрі қызметін атқарады.

Еркін Шаяхметұлы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын домбырашы (А.Т.Жайымов), қазақ халық аспаптары оркестрінің дирижеры (Т.А.Абдрашев) мамандықтары бойынша кәсіби білім алады.

Еркін Нұрымбетов 1992-2001 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің құрамында мол тәжірибе жинап, домбырашы және дирижер ретінде абыройлы қызмет атқарды.

Халық аспаптар оркестрі құрылған күннен бастап оның дирижерларына ерекше рөл берілгені белгілі. А. Жұбановтың ізбасарларының әрқайсысына тек дирижер ғана емес, сонымен қатар осы жаңа ұжымның репертуарын жасау үшін жұмыс істеуге тура келген. Халық әндері мен күйлерінің көптеген лайықтауларында дирижердің кәсібилігі мен шынайы шеберлігі нәзік түйсігі мен оркестрдегі әр аспап пен аспаптардың топтардың дыбысталуын өте жақсы білу керектігі белгілі. Дирижер әр аспапты тыңдап, оркестрге бейімдеп, құрылымы жағынан, көңіл-күй,

музыкалық мазмұны және композициясы мен драматургиясын толығымен ашып, мүмкіндігінше күшейту үшін бар күшін салуы сөзсіз. Бұл тұрғыда халық аспаптары оркестрі дирижерінің шығармашылық ізденістерінің деңгейі композитордың бірлескен авторы, белгілі бір шығарманы жасаушы рөліне сәйкес келуі мүмкін.

Бұл пікірді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, музыка зерттеуші Жарқын Шәкәрімнің сөзі дәлелдейді: «Оркестр – ұжым. Ал оны басқару дирижердің міндеті. Бұл айтуға ғана оңай. Әйтпесе, шығарманың нотасы қолына тигеннен бастап оны тыңдаушыға жеткізгенге дейінгі аралықта дирижер оркестр ұжымымен біте қайнасып, қажымай-талмай еңбек етеді. Осы уақыт ішінде қаншама тер төгіледі десеңізші!» [1].

Дирижер Еркін Нұрымбетовтың осындай табиғи талантының бар екенін кезінде көрнекті дирижер Алдаберген Мырзабеков атап өткен еді: «Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан облысының қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, өзіміздің ең талантты шәкіртіміз – Еркін Нұрымбетов. Ол осы оркестрдің қалыптасып, орындаушылық шеберлікке шыңдала түсуіне үлкен үлес қосты. Үш жүзден астам шығарманы оркестрге лайықтап, өңдеп түсірген Еркін халық музыкасы мен халық таланттары жайлы да үнемі зерттеулер жүргізеді. Бұл ретте Ақжайық өңіріне арналған шығармалармен топтастырылған жаңа партитуралар жинағын өте құнды еңбек деп есептеймін. Оны дәйім ізденіс үстінде жүретін өрелі музыкант екендігін әр кез туындап жататын осындай зерттеушілік зердесінен де байқап, талғам амплуасына да қызыға қараймыз…» [2].

Композитор ретінде Еркін Шаяхметұлының музыкасында лирикалық әуен басым. Дәстүрлі өнерді бойына сіңірген ол, өз шығармаларында қарапайым консонанстық гармонияны пайдаланып, ұлттық аспаптарды реңі мен мүмкіндігіне сай еркін қолданады. Сауатты, кәсіби

деңгейде жазылған оның туындылары еліміздің әр аймағындағы халық аспаптары оркестрлері мен фольклорлық ансамбльдердің репертуарында, ал әндері елімізге танымал әншілер мен көптеген музыканттардың орындауында әртүрлі сахналардан естіліп, қалың жұртшылық жүрегіне жол тауып келеді.

Жеке саз-сырнай мен оркестрге арналған «Балдырған» шығармасы композиторлардың республикалық «Астана-Бәйтерек» конкурсында 2 орын иемденсе, «Елім менің» патриоттық әндер конкурсында «Қазақстаным» әні лауреат атанды. Халық қаһарманы, композитор Н.Тілендиевке арнаған «Дара тұлға» поэмасы қоғамдық маңызы бар шығарма есебінде мемлекеттік грант жеңіп алды. Мұқан Төлебаев атындағы композиторлар конкурсында фортепианоға жазылған «Мыстан кемпір» пьесасы балаларға арналған шығармалар номинациясының жүлдегері болса, жеке дауыс (баритон) пен оркестр мен хорға арналған «Мұқан Ата» әні композитордың 100 жылдығына арналған «Кестелі орамал» республикалық конкурсында лауреат атанды. «Оралым – асыл қалам» әні туған жер, Отан тақырыбындағы үздік әндер қатарына кірсе, «Теректі толқыны» әні ауданның ресми әнұраны ретінде айтылады. Сондай-ақ, ол Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры сахналаған «Құрманғазы», «Махамбет», «Мезгілсіз келген махаббат», «Сақал саудасы», «Капитан қасқыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакльдерін музыкамен көркемдеді.

Республикалық Ш.Қажығалиев, Н.Тілендиев, М.Төлебаев, Б.Рзаханов атындағы конкурстардың лауреаты, дирижер Еркін Нұрымбетов – Қазақстан композиторларының шығармаларын кеңінен насихаттап, Академиялық Құрманғазы, Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы», Тәттімбет атындағы және түрлі облыстық оркестрлермен шығармашылық концерттерін өткізіп жүрген орындаушы. Композиторлар Одағының Оралдағы заманауи

музыка фестивальдерінің ұйымдастырушысы.

Музыканттың шығармашылығын Астана қалалық Академиялық филармониясының қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Айтқали Жайымов: «Еркін ойлы, терең сезімді, ішкі дүниесі бай, байсалды музыкант. Жасаған партитураларынан жинақылығы, тиянақтылығы өзіне ғана тән қолтаңбасымен айқын сезіледі. Алматы консерваториясында менен дәріс алып, бүгінде жан-жақты толысып, музыка әлеміндегі оркестрлік шығармаларға түсінігі мол дирижер ретінде әр қырынан танылып жүр. Алғашқы кезде оны шағын ансамбльге, бірте-бірте оркестрге лайықтап түсіруші ретінде музыканттар қауымы танып білді. Кейіннен дирижерлік пультке шығып, талант тынысы еркін ашылды. Композиторлық қабілеті де айқын көрінді. Ұлт аспаптар оркестріне арналған бірнеше поэмалары мен күйлері, әндері бар. Әндерін елімізге белгілі әншілер Нұрғали Нүсіпжанов, Ғафиз Есімов және басқа да әншілер орындайды. Еркін оркестрдің музыкалық тіліне жетік болғандықтан оның партитурасы әр кез үн-бояуы қанық, көркем дүние боп жазылып жатады. Композиторлардың да өз шығармалары жөнінде оған үміт артуы осы озық талантын танығандықтан да болу керек» деп ойлаймын [4].

Е.Нұрымбетов халық композиторларының өмірі мен шығармашылығына арналған жиырмадан астам ғылыми-зерттеу мақалалар мен «Асыл адам», «Жүрек сыры», «Балдырған» (авторлық әндер мен аспаптық шығармалар), Махамбет «Қиыл қырғыны», «Теректі толқыны» (партитуралар), «Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры», «Сыр сүлейі – Әлшекей» (этнографиялық жинақтар) атты еңбектердің авторы.

Еркін Нұрымбетов бүгінде жан-жақты толысқан өнердегі белгілі тұлға. Оның шығармашылық ізденістері көркем және әр қырынан жарқырайды. Үш жүзден астам лайықтаулар жазды, соның ішінде: Жантөренің

«Шалқымасы», Құрманғазының «Қуанышы», Махамбеттің «Қиыл қырғыны», «Исатайдың Ақтабаны-ай», Дәулеткерейдің «Бапас», «Жеңгем сүйері», Төлеген Момбековтың «Досыбай», Шал Мырзаның «Бес қыз» күйлері. Еуропа классикасынан: Моцарттың «Дон Жуан» операсынан дуэттиносы, Брамстың екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, «Венгер билері», татар композиторы Назиб Жигановтың екі симфониялық сюитасы, монғол композиторы Чулуунның «Уранхас» балетінен вальс. Аталған партитуралардың барлығы Еркін Нұрымбетовтың әр жылдарда жазған еңбегінің бір көрінісі ғана.

Дирижерлік шеберлігін шыңдай беру мақсатында жан-жақты өсіп, толысқан талант 2004 жылы Алматыда Нұрғиса Тілендиев атындағы дирижерлар конкурсында үшінші орын, 2011 жылы Талдықорғанда Мұқан Төлебаев атындағы дирижерлар конкурсында екінші орын, сол жылы Ақтауда өткен Боздақ Рзаханов атындағы дирижерлар конкурсында Гран-При жүлдесіне ие болып, лауреат атанды. Үздіксіз өсу жолы оны кемелдендіре түсті. Дирижер ретінде ол Қазақстан композиторларының шығармаларын кеңінен насихаттап, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі, Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы», Тәттімбет атындағы оркестр, Астана мемлекеттік филармониясының және түрлі облыстық А.Жұбанов, М.Төлебаев, Тұрмағанбет, Абыл, Дина атындағы оркестрлермен шығармашылық концерттерін өткізіп жүрген шебер орындаушы.

Еркін Нұрымбетов – Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Құрмет» грамотасымен марапатталған, Мәдениет саласының үздігі.

Еркін Нұрымбетов Дәулеткерей атындағы оркестрдің кәсіби деңгейін көтеруге жан-жақты үлес қосып, міне, бүгіндері осы ұжымның көркемдік жетекшісі және бас

дирижері қызметін атқарып келеді. Дирижерлық әуезінің палитрасы оркестрге ерекше көрік беретін өрелі музыкант.

2003 жылдан бері Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Мәдениет және өнер институты «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының меңгерушісі, доцент. 2002 жылдан «Бапас сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің ұйымдастырушысы және жетекшісі. БҚМУ-нің қауымдастырылған профессоры.

Қорыта келе, Еркін Нұрымбетовтің шығармашылығы көп қырлылығымен және терең мазмұнымен ерекшеленеді. Ол музыкасының барлық құрылымы мен сезім нақыштарынан айқын аңғарылады. Өнер иесінің шығармашылығы қазақ музыка мәдениетіне айтарлықтай үлесін қосты. Өнерге жән-тәнімен берілген дарын иесінің еңбектері қазақ өнерін, қазақ мәдениетін ілгері дамыта берері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. *І.Жақанов* «Лирикалық эссе», - 28.03.2016
2. https://artcul.wku.edu.kz/professorsko-prepodavatelskij-sostav-3/118-n-rymbetov-erkin-shayakhmet-ly
3. *Е.Нұрымбетов* - «Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры», Алматы, «Исламнұр», 2005.
4. *А.Жұбанов* «Замана бұлбұлдары», Алматы 2001

Авторлар туралы мәлімет:

Сүйекенова Зайрагүл – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Жұмабекова Лаура Әбдіманапқызы, өнертану ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы музыкатану және композиция кафедрасының оқытушысы.

Жұмабекова Лаура Әбдіманапқызы **–** өнертану ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы музыкатану және композиция кафедрасының оқытушысы.

Сведения об авторах:

Суйекенова Зайрагуль **–** магистрант 2 курса кафедры кобыла и баяна Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Жумабекова Лаура Абдиманаповна, кандидат искусствоведения, преподаватель кафедры музыковедения и композиции Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ОТАНДЫҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ В XXI ВЕКЕ

Анара АЯЗБАЕВА
Құрманғазы атындағы ҚҰК
2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ҚОБЫЗЫНЫҢ XXI ҒАСЫРДА ДАМУЫ. (ЭЛЕКТРЛІ ҚОБЫЗ: ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ)

Аннотация

Доклад посвящен изучению вопросу возникновения в отечественной музыкальной культуре электрического кобыза и его морфологическому описанию. Электрокобыз стал следующим (после внедрения трехструнного и прима-кобызов) этапом рекострукции кыл-кобыза. Как известно, в 1934 г. в связи с формированием оркестра казахских народных инструментов, в целях расширения диапазона и исполнительских возможностей инструментов началась реконструкция домбры и кобыза. Кобыз стал трехструнным, а позже, в1956 г.– четырехструнным. Таким образом, если, с одной стороны, электрокобыз является трансформированным видом своих предшественников – кыл кобыза и прима- кобыза, то с другой – он этнический вариант электронного инструментария.

На пути к воплощению своей идеи – создания электронного инструмента участники ансамбля «Асыл» прошли через несколько лет поисков и экспериментов. В настоящее время инструментальный состав ансамбля составляют каркасный электрический кобыз, полуакустический электрокобыз, акустические кыл-кобыз и прима-кобыз с электрическими звукоснимателями.

Ключевые слова: массовая музыкальная культура, электрокобыз, кобыз, национальный музыкальный стиль.

Аннотация

Баяндама отандық музыка мәдениетімізде электрлі қобыздың пайда болуы мен оның морфологиялық сипатын көрсету мәселесіне арналған. Мұндай аспаптың дүниеге келуі – мамандардың қобызды жетілдіру жолында үш және төртішекті қобыздарды жасау үдерісіне жалғасқан реконструкцияның келесі кезеңі болып табылады. XX ғасырдың 30-шы ж.ж. қазақ ұлт аспаптар оркестрінің құрылуына байланысты қобыз аспабына үш, ал 1956 ж. – төрт ішек тағылып, аспаптың диапазоны кеңейіп, дыбысы өзгеріп, орындаушылық мүмкіндіктері артқаны белгілі. Электрлі қобыз өзіне негіз болған қылқобыз және прима қобыз аспаптарының жаңа заман бұқаралық мәдениетіне бейімделіп өзгерген түрі болса, екінші жағынан ол электронды аспаптың этникалық нұсқасы болып табылады.

Электрлі қобызды жасату жолында «Асыл» тобы мүшелері бірнеше жыл ізденіп, нәтижесінде көздеген мақсатына жетті. Қазіргі кезде ансамбль каркасты электрлі қобыз, жартылай акустикалық электрлі қобыз, дыбыс өткізгіші бар акустикалық прима-қобыз және қыл-қобыз секілді төрт аспаптан тұрады.

Тірек сөздер: бұқаралық музыка мәдениеті, электрлі қобыз, қобыз, ұлттық музыкалық стиль.

Abstract

The article is devoted to the study of the origin of the electric qobyz in the domestic musical culture and its morphological description. Electroqobyz became the next (after the introduction of three-string and prima-qobyz) stage of the kyl-qobyz recostruction. As you know, in 1934, in connection with the formation of the orchestra of Kazakh folk instruments, in order to expand the range and performance capabilities of instruments, the reconstruction of dombra and qobyz began. Qobyz became three-stringed, and later, in1956 – four-stringed. Thus, if, on the one hand, electrocobyz is a transformed form of

its predecessors - kyl qobyz and prima qobyz, on the other hand, it is an ethnic version of electronic instrument.

On the way to the realization of their idea – the creation of an electronic instrument, the members of the Assyl ensemble went through several years of searches and experiments. Currently, the instrumental composition of the ensemble consists of a frame electric qobyz, semi-acoustic electric qobyz, acoustic kyl-qobyz and prima-qobyz with electric pickups.

Keywords: mass musical culture, qobyz, electroqobyz, national musical style

Электр қобызы отандық заманауи бұқаралық мәдениетінде он шақты жылдан бері пайдаланып келе жатқанымен, этномузыкатану ғылымында ол туралы еңбектердің болмауы баяндама тақырыбының **өзектілігін** көрсетеді. Баяндама **мақсаты** – қазақтың бұқаралық мәдениетінде электрлі қобыздың пайда болуы – жаһандану жағдайындағы еліміз бен жалпы әлемнің тарихи-әлеуметтік және мәдени дамуының нәтижесі екенін көрсету.

Баяндамада қойылған **міндеттер:**

1. Қобыз аспабының ХХ ғасырдағы жетілдіру алғышарттары мен жүзеге асқан нәтижелеріне тоқтау;

2. Шетелдердегі электрлі аспаптардың пайда болу тарихына қысқаша шолу жасау;

3. Электрлі қобыз түрлерін және оның морфологиялық құрылымын сипаттап, оның акустикалық қобыздан айырмашылығын көрсету болып табылады.

Баяндамада дискриптивті, кешенді және жүйелі-этнофониялық **әдістер** қолданылды.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ тарихындағы орасан әлеуметтік-экономикалық және мәдени бетбұрысқа байланысты, елдің музыкалық өміріне де елеулі өзгерістер келгені белгілі. Ұлттық музыка өнерімізде Еуропа музыка мәдениетінің концерттік - ұжымдық формалары

қалыптасқан кезде қазақтың ұлт аспаптар оркестрінің құрылуы маңызды оқиға болды. Қазақ ұлттық музыка аспаптарын жинаушы, көрнекті зерттеуші - ұстаз Б. Сарыбаев өзінің қобыз аспабы туралы мақаласында революциядан кейін Қазақстандағы мәдениеттің өркендеуіне сай қобыз қайта туғанын және оның 1934ж. тұңғыш рет халық аспаптары оркестрінің құрамына енгенін жазған. «Осыған байланысты қобыз қайта жабдықталды. Қосымша ішек орнату арқылы диапазоны кеңейіп, дыбысы өңделе бастады, қобыздың түрі жақсарды. Ысқыш осы заманғы скрипканыкімен алмастырылды. Мұның өзі ойнау техникасын жетілдіріп, үн шығару мен ойнау шеберлігінің мүмкіндігін арттырды»,– деп жазды. [1, 93-94]. Ғалымның ғылыми мұрасын зерттеген белгілі маман, халықаралық этномузыкатану қауымдастығының беделді мүшесі С. Өтеғалиева оркестрлік ұжымның туылуына байланысты қазақтың екі жетекші аспабы – домбыра мен қобыз жетілдіріліп, А. Жұбанов және музыка аспаптарының шеберлері И. Романенко мен Қ. Қасымовтардың мақсаты – бірқалыпты стройды жасау болғанын, нәтижесінде Андреев атындағы Орыс халық аспаптарының үлгісі бойынша домбыра және қобыз аспаптарының прима, альт, тенор, бас (контрабас) түрлері пайда болғанын жазады [2,206]. Сонымен қатар, басқа көптеген шетелдердің ұлттық музыка аспаптарының даму және жетілдіру тәжірибесімен жақсы таныс этномузыкатанушы 1930 және 1950-ші ж.ж. қобыз аспабының реконструкциясы толыққанды жасалмағанын, оның кем тұстары бар екенін айтады. Ғалым: «Аспаптарды реконструкциялау олардың сапасын жақсартуға көп әсерін тигізбеді. Домбыра-тенор көп жағдайда ХХ ғасырда өзгерген отандық музыкалық өмір қажеттіліктерін қанағаттырса, сол кездегі мәдени ахуалға орай жаңаруға тиісті қобызға 1956 ж. төртінші ішек қосылып, скрипка техникасына жақын орындаушылық әдістері меңгеріліп, техникалық мүмкіншіліктері өскеннен кейін де дыбыстық

сапасы бойынша әлде де кемеліне жетпеді. Оның басты кемшілігі – музыка орындауға киындықтар туғызатын дыбыс диапазонының әртүрлі болуы» – деп жазды[206][13] Бұл пікірдің орындаушылар тарапынан да мойындалғанын Қазақ ұлттық өнер университетінің магистранты С. Мурзалиеванын: «реконструкция нәтижесінде қобыздың акустикалық, динамикалық, виртуоздық техникалық кемелденуі, репертуарының кеңеюі, ансамбль мен оркестрде пайдалануға жарамды болуы секілді міндеттердің жүзеге асуы оның этникалық төлтума ерекшеліктерін айтарлықтай әлсіретіп, аспаптың дыбыс сапасын еуропалық стандартқа жақындатты»,– деген пікірі дәлелдейді [6, 32].

Жоғарыда келтірілген деректер орасан тарихи оқиғалар мен ондағы көптеген қарама-қайшылықтармен ерекшеленетін ХХ ғасырда бұрынғы Кеңес одағының және сол кезде оның ішіне кірген Қазақстан мәдени өміріндегі музыкалық- тәжірибелік ізденістерінде түрлі нәтижелер және сонымен байланысты түрлі пікірлер болғанын білдіреді.

1930 және 1950 ж.ж. реконструкцияланған прима-қобыз музыка мәдениетімізде көнеден келе жатқан қыл қобызбен қатар отандық мәдениетімізде тұрақты орнын алып, соңғы жетпіс жыл ішінде ұжымдық және жеке орындаушылық формаларда тарауда. XXI ғасырда аталған аспаптардың электрлі түрлерінің шыққандағы ұлттық музыканы дыбысы жаңа сападағы аспаппен кең аудиторияға насихаттау идеясы сол көпшілік аудиторияға арналған бұқаралық музыка мәдениетінің өзіндік талаптарымен үндесті.

ХХ ғасырда бірқатар электронды аспаптар әртүрлі

[13] Ұжымдық орындаушылыққа тәуелді ұлт аспаптарының жетілдірілу үдерісі тарихымызда қалыптасқан жеке орындаушылықтағы дәстүрлі музыканың тембрлік аймақтық, мектептік, стильдік ерекшеліктерін көрсетуге нұқсан тигізді деген пікір аға буын және жас буын мамандар еңбектерінде де айтылып келген [3,4,5]

елдерде академиялық және ұлттық аспаптар негізінде жасала бастады. Қобыз аспабында ұлттық және академиялық репертуар орындалатындығынан алдымен осы екі бағыттағы электронды аспаптардың қысқаша тарихы мен бұл құбылыстың ғалымдар тарпынан алған бағасымен танысып өткен орынды.

Электронды контенттің (Википедия) деректері бойынша белгілі этноорганолог ғалымдар Э. Хорнбостель пен К. Закс музыкалық аспаптардың жіктеуі бойынша электронды аспаптар классификацияның «Электрофондар» деп белгіленген бесінші тобына жатады. 1940 ж. жіктеуге еніп, оның жоғары деңгейінде орналасқан электрофондар тобына электр қуатын қажет ететін аспаптар кіреді. Өз ішінде Электрофондар үш тараушаға жіктелді [7].

Белгілі әлеуметтанушы ғалым, ХХ ғасырдағы музыкалық авангард ағымын қалыптастырушы А. Шенбергтің шәкірті –Т. Адорноның ХХ ғасыр мәдениеті туралы пікірлері көптеген еңбектерде келтірілетіні белгілі. Ол автордың: «Композитор тыңдаушыны белгілі бір ғажап дыбыс үндестігімен таңғалдыруы қажет. Бұл мақсатқа жету үшін басты үндестікке жеткізетін бір-біріне қарама- қарсы үндестіктер болуы керек. Егер ондай болмаса, тыңдаушы құлағы біркелкі үндестікке үйренген соң, ол тың нәрседен қатты әсерленбейді»[8] деген пікірі шетелдік және отандық бұқара музыкалық мәдениетіндегі электронды музыка мен ол музыка орындалатын электронды аспаптардың пайда болу үдерісімен үндес.

Электронды музыка аспаптарының дүниеге келуі, олардың қалыптасу себептері мен академиялық музыкадағы жарқын болашағы туралы ХХ ғасыр музыкатанушыларының бірқатары өз ой-пікірін білдірді. Мысалы, академиялық бағыттағы музыка композициясының маманы Ю. Холопов электронды музыканың шығу тарихы дыбыс материалының сонорлы пайдаланып дамуы мен заманауи техниканың

мүмкіндіктеріне байланысты болды [9][14] десе, академик Б. Асафьев: «Өзінің биіктік диапазонының, күші мен тембрлік байлығының арқасында электрлі музыка аспаптары композиторлармен қатар, музыкант-орындаушылардың да шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ал олардың анық және сұлу дыбысы, тембрлерінің әуезділігі мен айшықтылығы, орындау техникасының аса күрделі болмауы электр аспаптарының кеңінен таралуына септігін тигізіп, биік музыка мәдениетінің тұрмысқа енуінің маңызды факторы болып табылады» деп, электромузыкалық аспаптар мүмкіндігінің кеңдігіне үлкен сеніммен қараған [11].

Жас зерттеуші А. Қадыров «Электронная музыка: первые шаги как культуры» атты мақаласында электронды музыканың пайда болуын 1930 ж.ж. музыка мәдениетімен байланыстырады. Бұл туралы автор: «Өткен ғасырдың 1920-1930 жж. Музыкалық дыбысты кеңістіктік уақыттық негізде қолданып, тәжірибе жасап, жаңа музыкалық тіл, музыкалық эстетика және музыка аспаптарын жасауға әрекеттенген композиторлар қатары көбейе бастады. Траутониум, мелохорд, электрохорд... секілді жаңа аспаптар шықты. Алайда оларды композитор көп қолданбағандығынан, олар тез ұмытылды. Дыбыстық киноның пайда болуы

---

[14] Алғашқы электронды аспапты 1901 ж. АҚШ тұрғыны Тадеуш Кэхиллл жасап шығарды. Жеті тонналық *телармониумда* электр генератор, дыбыс дөңгелектері, күрделі клавиатураның көмегімен дыбысталған музыканы Нью-Йорк тұрғындары телефон тұтқасы арқылы тыңдай алды. 1921 ж. орыстың өнертапқыш инженері Л.Термен Кеңес Одағында тұңғыш рет терменвокс аспабын шығарды. Оның дыбысы екі радиожиілігі бар генераторлардың көмегімен шықты. Ол аспаптағы дыбыс құрал грифінде бар электр магнитті өріске әсер ететін орындаушы қолдарының еркін қимылдарымен пайда болды. Дыбыс биіктігі бір қолдың оң жақ антеннаға, ал динамикасы – екінші қолдың сол жақ антеннаға жақындағанына тәуелді болды. 1950-ші ж.ж. француз композиторы және инженері Э.Варез электр валторна, электр флейта және магнит таспасына арналған бірқатар композициялар жазды [10].

музыкадағы синтезделген дыбыстарға негізделген бағыттағы шығармашылықтың өсіп өркендеуіне жол ашты. Дж.Кейдж бен Э. Варез алғаш рет магнитофон таспаларымен жұмыс істей бастады. Кейін соған байланысты “tape music” ... деген көркемдік бағыт қалыптасты», – дейді [12,267].

Зерттеуші Я. Кайсиди жазғандай, «Көпғасырлық бұқаралық мәдениеттің жалғасы болып табылатын бұқаралық қазіргі заман көпшілік музыкасының бұрынғы формалардан басты айырмашылығы – оның ғылыми-техникалық прогресс дәуірі соңғы жетістіктеріне сүйенуінде» [13, 19].

Техниканың дамыған дәуірінде электрлі аспаптардың пайда болуы бұқаралық мәдениетке зор серпіліс әкелді. Белгілі музыкатанушы В. Конен пікірінше, электрлі аспаптардың пайда болуы көпшілікке арналған музыка мәдениетін аса маңызды өзгерістерге алып келді. Автор бұл туралы: «бұқаралық жаңа жанрларға бағытталған бетбұрыс Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстарды басынан өткерген буындардың психологиясындағы терең өзгерістерге және өнердегі коммерция ролінің қатты ұлғаюына тәуелді болған жоқ. Электр аспаптарының дүниеге келуі, сөзсіз, XIX және XX ғасырлардағы «үшінші қатпар» арасына айқын сызат түсірді», – деп жазды [14, 56][15].

Әлемдік бұқаралық музыка аясында аспаптардың электрлі түрге айналуы гитарадан басталғаны белгілі. Ол көптеген аспаптардың, соның ішінде қобыздың электрлі

---

[15] Как подчеркивает В. Конен, «переход к новым массовым жанрам нашего времени был обусловлен не только глубокими переменами в психологии поколений, переживших первую и вторую мировые войны. И не громадный рост коммерции в искусстве сыграл здесь решающую роль. Изобретение электрических инструментов, несомненно, наметило ясную грань между жизнью «третьего пласта» в XIX и XX веках. Все это было важным, но не решающим» [14, 56]

түрін жасау үлгілерінің бірі (басы) болды. Сонымен қатар, қазақ қобызының төртшекті нұсқасы – қобыз-прима тікелей скрипкамен байланысты болған соң, электрлі қобыздың туылу алғышарттарын білу үшін аталған екі аспаптың электрлі түрлеріне қысқаша тоқтап өткен абзал.

Скрипка – академиялық музыкада қолданылатын аспап болса, оның электрлі варианты соңғы жылдарда негізінен заманауи бұқаралық музыкада (джаз, блюз және рок, поп, метал, кантри, авангард сияқты танымал жанрларда) қолданылып жүрді. Қазіргі таңда оның қолдану аймағы кеңейіп, ол академиялық аспаптық музыка мен эстрадалық симфониялық оркестрлерде кездеседі. Егер қарапайым скрипканың дыбысы оның корпус элементтерінің акустикалық құрылымына байланысты болса, аспап *акустикалық* болып саналады. Егер де дыбыс электронды немесе электромеханикалық компонентер арқылы шығатын болса ол *электрлі-скрипка.* Ал егер дыбыс екі компонентті тиісті дәрежеде қалыптастырса, онда ол – *жартылай акустикалық аспап* ретінде жіктеліп анықталады.

Электрлі жабдықталған скрипка аспабы түрлі формалармен 1920 жылдары жасалынғанын және алғашқы болып джаз бен блюз жанрында музыкант Stuff Smith қолданғанын және оның қолданыста жүрген түрлерімен ғаламтор кеңістігінде танысуға болады [15].

Радиотехника мен электрлі музыканың кезеңі деп белгіленетін XX-ғасырда туған электрлі аспаптар – дыбысты генерациялау мен синтездеу үшін түрлі электронды схемаларды қолданатын музыкалық аспаптар. Мұндай аспаптар орындаушының шығарып жатқан дыбысының дауыс көлемін, тазалығын сондай-ақ дыбыс ұзақтылығын бақылауға және оны қалауынша өзгертуге үлкен мүмкіндіктер береді.

Өнертабыстағы бұл жетістік жалпы музыка әлемінде бұрын соңды болмаған сенсациялық жаңалық болып, көптеген талантты инженерлердің қызығушылығын оятып,

электронды аспаптарды әрі қарай дамыту жолында жаңа жетістіктерге ұмтылуға серпін берді.

1930-1940 жж. джаз-бэндте дыбысөткізгіш құралын пайдаланылуы – музыка әлемінде «ғасырлық революция» секілді орасан оқиға болды. Бастапқыда мамандар дыбыс бұрмаланғанын (искажение звука) «дыбыстық брак» деп қабылданған болса, кейін ол дыбыстың бұрын соңды естілмеген, белгісіз, түрлі тембрлерді шексіз тудыруы мүмкін екендігі анықталған. Кейін электрлі гитара ондаған жылдар бойы «гитаралық *рор*» жанрынан «ауыр металл»-ға дейінгі бірнеше жаңа стильдердің маңызды аспабына айналды.

Қазіргі заманда да әлем көлемінде кәсіби музыканттар мен радиоәуесқойлардың электрлі гитараға деген қызығушылығы ұдая түсуде. Алғашқы магнитті дыбыс шешетін құралын 1924 жылы Gibson компаниясында жұмыс жасаған инженер-өнертапқыш Ллойд Лоэр жасап шығарды. Ол аспаптың ішіне енгізген дыбысөткізгіш құралы ішектің вибрациялық сигналын түрлі дыбыстық эффекттерді шығаруға және акустикалық системасы арқылы дыбысын мейлінше ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осыдан кейін аспаптық шеберлер басқа да музыкалық аспаптар бойынша электр модельдерін жасай бастады [16].

Эксперименталды электр қобызы алғаш рет 2009 жылы «Асыл» тобы шығармашылығында пайдаланыла бастады. Сондықтан оны отандық бұқаралық музыка тарихына тұңғыш енгізген осы топ болып саналады. Сонымен қатар, бірнеше жылдан бері аталған аспапты насихаттауда белгілі орындаушы Л. Тәжібаеваның еңбегін атап кеткен орынды.

Электр қобызы сол кездегі жас қобызшылар триосының аспапты және онымен орындалатын ұлттық музыканы қазіргі заманға бейімдеп, бұқаралық мәдениеттің негізгі тұтынушысы – жас аудиторияға кеңінен насихаттау ниетінен туды. Электр аспабын жасауға байланысты отандық және шетелдік аспап шеберлерімен келіссөздер көп

уақыт бойы нәтиже бермеді. Алайда «асылдықтардың» мақсатшылдығы мен табандылығының арқасында Т. Жүргенов атындағы Қазақ өнер академиясының аға оқытушысы – Рақымбеков Ердос пен электрлі гитараның шебері, өнертапқыш маман В. Качановтың еңбегі жемісті болып, электрлі қобыз жасалынды. Ұлттық бағытты ұстанған ансамбль мүшелері сыртқы эстетикалық келбетінің де сол идеяға сәйкес болуына, қобыз триосының концерттік репертуарына айрықша көңіл бөліп, қазақ музыкасы арқылы жастарды отандық мәдениетке баулуға тырысты. Бәсекелестігі мол бұқаралық мәдениет саласында өз стилін қалыптастыруға бар күшін салды.

Осылайша, қазақтың заманауи музыка өнерінің тарихында пайда болған электрлі қобыз аспабы бойынша жасалған тәжірибелік жұмыс әрі қарай жалғасып, қазіргі таңда «Асыл» тобының құрамында *төрт* аспап, оның ішінде *қыл-қобыз* бен *үш түрлі прима-қобыздар* бар. Анығырақ айтқанда, олар – каркасты электрлі прима-қобыз (дыбысы тек электрлі жүйемен ғана шығады); жартылай акустикалық электрлі прима-қобыз (жартылай акустикалық электрлі гитара негізінде жасалынған), акустикалық прима-қобыз (электрлі дыбыс өткізгіш жүйесімен жабдықталған) және дәстүрлі акустикалық қыл-қобыз(электрлі дыбыс өткізгіш системасымен жабдықталған).

Акустикалық қобыз бен оның электрлі нұсқасына ортақ ерекшеліктері – бұл қобыздың ағаштан жасалған корпусы, подставкасы, оның ішектері мен құлақ бұрауы. Электрлі аспаптың акустикалық қобыздан негізгі құрылымдық айырмашылығы – ерекше пішінді каркасты корпус пен электрлі дыбыс өткізгіш жүйесімен жабдықталғаны. Мұндай құралдың жұмыс принципі электрлік гитара/скрипкада ойнау принципіне ұқсас. Музыкант үшін дыбыс жазуға, дыбыстық эксперименттерге, ол дыбысты түрлендіріп өңдеуге және т.б. көптеген мүмкіндіктер береді.

Аспаптың техникалық және функционалдық ерекшеліктері төмендегідей:

- *Дыбыс деңгейі.* Акустикалық құралдың дыбыс күші көптеген факторлармен шектеледі. Ал, электрлі қобызда орындаушы кез келген дыбыс деңгейін орната алады. Демек үлкен концерттік алаңдарда, сонымен қатар ірі оркестрлік құрамда өнер көрсету мүмкіндігі;
- *Дыбыс жазу.* ЭҚ-дың дыбысын жазу және өңдеу әлдеқайда оңай, оған әртүрлі музыкалық эффекттер қойылады. Демек, дыбысты жазу процессінің жайлылығы мен ыңғайлылығы едәуір артады;
- *Электр энергиясына қажеттілік*. Акустикалық аспап корпустың резонаторынан дыбысталса, электрлі нұсқасында дыбысты дыбыс күшейткіш аппаратураға беру арқылы дыбысталады.
- *Аспаптың дыбысын* заманауи бағдарламаларда егжей-тегжейлі *өңдеу мүмкіндігі*;
- *Жанрлық мүмкіндіктері*. Қазіргі музыкант үшін ең бастысы – әртүрлі дыбыстармен тәжірибе жасау мүмкіндігі. Fuzz, Distortion, Overdrive – осындай түрлі эффектіні қолдану арқылы классикадан рок пен ауыр металға дейін кез-келген жанрда ойнауға мүмкіндік береді.
- *Меңгеру жеңілдігі.* Электрлік аспапта ойнау барысындағы қателіктер классикалық аспапқа қарағанда әлдеқайда қатты байқалады. Сондықтан, жаңадан үйреніп жатқан орындаушыға акустикалық аспапта ойнауды үйренуге кеңес беріледі және негізгі білім мен тәжірибе алынғаннан кейін электрлі нұсқасын меңгеруге кеңес беріледі.
- *Салмағы.* Электрлі қобыздың салмағы акустикалық түріне қарағанда едәуір ауыр. Бұл аспапты игеруде қосымша қиындықтар туғызады.

Осыдан: электрлі қобыздың көмегімен академиялық музыкалық бағыттарды ғана емес, сонымен қатар, қазіргі заманғы ағымдарда – рок, джаз, металл және т.б. стильдерді орындауға болады деген өте маңызды қорытынды шығады (Иә, Distortion эффектісі бар қобызшы гитаристерден кем емес шебер ойнауы мүмкін). Электрлі аспаптың техникалық мүмкіндіктерінің ішінде үлкен өнімділік пен ірі концерттік алаңдарда тікелей жұмыс істеу ыңғайлылығын атап өткен

абзал.

Электрлі қобыздың кемшілігі де жоқ емес. Музыканттың бастапқы жаттығуы үшін ЭҚ мүлдем жарамсыз. ЭҚ-бұл классикалық аспапта кәсіби шеберлікті меңгерген, таза дыбысты шығарудың әрбір жеке нюанстарын түсінетін, қалыптасқан музыканттардың ісі. Электрлі қобыздың маңызды кемшілігі осында.

Сонымен, ЭҚ – көптеген музыкалық бағыттарда тәжірибелер жасауға болатын заманауи құрал.

Қазіргі таңда «Асыл» тобының құрамындағы төрт аспаптың (оның ішінде үш түрлі прима-қобыз бен қыл-қобыз) сипаттамасы төмендегідей:

Каркасты электрлі прима-қобыз (КЭПҚ). Каркасты корпус. Дыбысы тек электрлі жүйесімен шығады. Яғни, шығатын дыбысқа әсер етпестен тек қана жақтау (корпус) функциясын орындайды. Дыбысөткізгіш системасыз бұндай аспаптың дыбысы әрең естілердей шығады.

- Мастер: Рақымбеков Ердос
- Электрлі дыбыс жүйесімен жабдықтаған: В. И. Качанов
- Салмағы: 1126-гр
- Ұзындығы: 66 см
- Сурет: А. Палатовский

Жартылай акустикалық электрлі прима-қобыз (ЖАЭПҚ). Жартылай акустикалық электрлі гитара негізінде жасалынды. *Резонаторлық корпусты* қобыз. Дыбысы мейлінше жұмсақ, құлаққа өте жағымды болып келеді. Тек эф тесіктері (f) жабық болуы тиіс, ол аспаптың электрлі дыбысөткізгішінсіз бөлек дыбыс шығаруға жол бермейді.

- Мастер: В. И. Качанов
- Электрлі дыбыс жүйесімен жабдықтаған: В. И. Качанов
- Салмағы: 521-гр
- Ұзындығы: 68,5 см
- Сурет: А. Палатовский

Акустикалық электрлі прима-қобыз (АЭПҚ). Электрлі дыбысөткізгіш системасымен жабдықталған дәстүрлі прима-қобыз.

- Мастер: З. Утешов
- Электрлі дыбыс жүйесімен жабдықтаған: В. И. Качанов
- Салмағы: 603-гр
- Ұзындығы: 68,5 см
- Сурет: А. Палатовский

Акустикалық электрлі қыл-қобыз (АЭҚҚ). Электрлі дыбысөткізгіш системасымен жабдықталған дәстүрлі қыл-қобыз.

- Мастер: Қазақбаев Қанат
- Электрлі дыбыс жүйесімен жабдықтаған: В. И. Качанов
- Салмағы:700-гр
- Ұзындығы: 66 см
- Сурет: А. Палатовский

Арнайы дыбыс өткізгіш жүйесі. Электрлі аспаптарда

әдетте *магнитті* немесе *пьезоэлектрлік* дыбыс өткізгіш жүйесі пайдаланады.

- Магнитті дыбыс өткізгіш аспапқа ферромагниттік, темір немесе болат негізіндегі ішектердің қолдануын талап етеді.
- Пьезоэлектрлік дыбыс өткізгіші әдетте әмбебап болып келеді. Ол физикалық дыбыс толқындарын корпустың ішінен немесе корпустың сыртындағы (көбінесе аспаптың подставкасынан) дыбыстың вибрациясын анықтайды.

Электрлі аспаптардың дыбысталуы аспаптың:

1. Ішектеріне
2. подставканың конструкциясына
3. резонанстық корпусы болған жағдайда оның құрылымына
4. қолданылатын түрлі дыбыс өткізгіш системаларына
5. музыканттың орындау шеберлігіне
6. қолданатын дыбыс эффекттерінің процессорларына байланысты.

Жоғарыда жалпы электрлі аспаптардың қысқаша сипаттамасы беріліп, оның түрлері мен қолдану жағдайлары қарастырылған. Сонымен қатар, бұл сипаттама XX ғасырдың 80-ші ж.ж. орыстың электрлі шекті аспаптарын зерттеген ғалымдарының: «Қазіргі уақытта халық аспаптарының динамикалық диапазоны мен тембрлік сипаттамаларын едәуір кеңейту мүмкіндігі пайда болды, бұл оларды аспаптық музыканың әртүрлі жанрларына енгізуге одан әрі ықпал етеді», деген ойымен сабақтас [17].

Болашақ зерттеу жұмыстарында электрлі қобызды тарихы бір ғасырға таянған электрлі гитара мен электрлі скрипка аспаптарымен салыстырмалы-типологиялық және жүйелік-акустикалық әдістерді пайдаланып қарастырғанда оның өзіндік ерекшеліктерін тереңірек ашуға болады.

Зерттеуші Т. Егінбаева бұқара мәдениетіндегі қобыз

аспабының жай-күйін: «Бүгінде қобыз өнері өз дамуында жаңа кезеңді бастан кешуде. Жаппай музыкалық мәдениеттің жалпы мазмұнына ене отырып, ол батыстандыру мен жаһанданудың әлемдік тенденцияларын көрсетуде», – деп сипаттайды [18,5]. Қобызды насихаттауға мақсаттанған «Асыл» тобы шығармашылығын жаһандық бұқаралық музыка мәдениетінің заңдылықтарымен санаса отырып дамытуда. Сонымен қатар, электрлі қобыз қазіргі заманда акустикалық қобызбен қатар тарауда. Ол аспап түрлерінің әрқайсысының өз тыңдаушы аудиториясы бар. Тарихы үшінші мыңжылдыққа аяқ басқан қыл-қобыз аспабы мен қобыз күйлерінің осы уақытқа дейін сақталуы елдің терең дүниетанымдық ұстанымдары мен жадысының мықтылығына тәуелді болса, реконструкцияға ұшыраған аспаптар өміршеңдігін негізінен дарынды композиторлар мен орындаушылар өнерімен дәлелдеп отыр. «Асыл» ансамблі мен жеке орындаушылар қолданып отырған электрлі қобыз бұқаралық музыка мәдениеті аясында өз орнын тапты. Оның болашақта сол саламен ғана шектелмей, әрі қарай даму жолдарының анықталуы – орындаушылармен қатар, музыка авторларының да үздіксіз ізденістерін қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сарыбаев Б. Қобыз // Сарыбаев Б. Ғалым мұрасы. Наследие ученого.–Алматы. ТЮРКСОЙ,2019.–336б.-93-94 б.б. .
2. Утегалиева С. Б.Сарыбаев и его научое наследие// Сарыбаев Б. Ғалым мұрасы. Наследие ученого.–Алматы. ТЮРКСОЙ,2019.–202-211 бб.].
3. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и ХХ век. Алматы: Дайк-ПРЕСС, 2002
4. Омарова Г. Проблемы традиционного и современного бытования кобыза (тезисы)// Кобызовая традиция.

Вопросы изучения казахской традиционной музыки.– Алматы,2009.–142-144 с.с.
5. Недлина В. Электродомбра и другие эксперименты в казахском инструментостроении: В поисках утраченных смыслов// Сборник статей и материалов Восьмого международного инструментоведческого конгресса «Благодатовские чтения» (2–5 декабря 2013 г.) Санкт-Петербург 2014. –276-281с.с.
6. Мурзалиева С. С Казахский кобыз в контексте современного функционирования в обществе / Диссертация на соискание академической степени магистра искусствоведческих наук. Астана 2015. 63 с.
7. Система Хорнбостеля-Закса. Электронный ресурс.Материал из Википедии — свободной энциклопедии. Сайтқа кіру датасы– 26.01.2022
8. Адорно, Т. В. Избранное: социология музыки. СПб.: Университетская книга, 1999. – 445 с.
9. Соколов, А.С. Музыкальная композиция XX века: диалектика творчества [Текст]. –М.: Композитор, 2007. – 272 с.
10. Электро́нные музыка́льные инструме́нты (ЭМИ) Материал из Википедии– свободной энциклопедии . Сайтқа кіру датасы – 26.01.2022
11. Орлов Б. «На пути к электромузыке» [Электронный ресурс]. URL: http://www.etheroneph.com/retrozvuk/285-na-puti-k-elektromuzyke.html (Сайтқа кіру күні: 19.01.22)
12. Кадыров А. «Электронная музыка: первые шаги как культуры» //(Не)классическая музыка в современном искусстве: Материалы междунар. науч. конф. / Ред.Р. К. Джуманиязова, В. Е. Недлина. – Алматы: Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, 2018. – 310с.

13. Кайсиди И. Становление вокально-эстрадного исполнительства в современном искусстве Казахстана 6D040800 – Искусство эстрады Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). Алматы,2018.–164 с.
14. Конен В. Третий пласт. Новые массовые жанры в музыке XX Века. —Москва: Музыка, 1994.
15. Электроскрипка. Материал из Википедии — свободной энциклопедии. Сайтқа кіру күні - 26.01.2022
16. Электрогитара. Материал из Википедии — свободной энциклопедии. Сайтқа кіру күні - 26.01.2022
17. Медведовский Д.С., Гузевич О.Н М42 Электромузыкальные щипковые инструменты. / Л.:Энергия, Ленингр.отд-ние, 1979. - 128 стр.
18. Егинбаева Т. Ж. Кобызовое исполнительство в современном Казахстане / Культура и Искусство Казахстана XXI века: кобызовое и контрабасовое искусство (сборник научных статей). – Нур-Султан: ТОО «Мастер ПО», 2020. – 105 с.

Авторлар туралы мәлімет:

Аязбаева Анара **–** Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Бердібай Айжан Рахманқұлқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD).

Сведения об авторе:

Аязбаева Анара – магистрант 2 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Бердыбай Айжан Рахманкуловна, доцент кафедры «Музыковедения и композиции» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, доктор философии (PhD).

Ақниет ЕРАЛИЕВА
Құрманғазы атындағы ҚҰК
1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ҚАРАТАУ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІНДЕГІЕРГЕНТАЙ БОРСАБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Аннотация

Мақалада Қаратау күй мектебінің белгілі күйшісі, атақты Сүгір Әлиұлының шәкірті Ергентай Борсабайұлының өмірбаяны қарастырылады. Күйшінің ұлы Сыздық Ергентайұлының жинақтаған мәліметтеріне анализ жүргізіліп, Е. Борсабайұлына қатысты естеліктер жинақтарына назар аударылған. Отбасы туралы мәліметтер жинақталып, Ергентай Борсабайұлының әкесі Борсабай Рахметовтың тұлғасы айшықталған, сонымен қатар Сүгір Әлиұлымен туыстық байланысына мән беріліп, Ергентай Борсабайұлының өнер жолының басталуы сипатталған.

Белгілі музыка зерттеушісі, профессор Біләл Ысқақов, Сабырбек Олжабай, профессор Қаршыға Ахмедияров, КСРО және Қазақстанның халық артисі Асанәлі Әшімов, композитор, профессор Кенжебек Күмісбеков сынды тұлғалардың естеліктеріне шолу жасалып, Ергентай Борсабайұлының өмірін толыққанды айшықтауға қадам жасалған. Мақалаға өзек болған бірқатар деректер ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Жаңғали Жүзбаевтан алынды.

***Тірек сөздер*:** Ергентай Борсабайұлы, шертпе күй, Сүгір шәкірті, Қаратау мектебі.

Аннотация

В статье рассматривается жизнь и деятельность видного представителя каратауской домбровой традиции –

Ергентая Борсабайулы. Основателем вышеназванной традиции, как известно, был Сугир Алиулы.

Автором осуществлен анализ материалов, собранных сыном Е.Борсабайулы – Сыздыком Ергентайулы. Было уделено большое внимание музыкальному окружению кюйши, а именно, семье и личности отца Е.Борсабайулы – Борсабая Рахметова, рассмотрены его родственные отношения с Сугуром Алиулы. В работе также представлен обзор материалов о Ергентае Борсабайулы на основе воспоминаний таких деятелей культуры, как профессора Билала Искакова, Сабырбека Олжабая, профессора Каршиги Ахмедиярова, народного артиста СССР и Казахстана Асанали Ашимова, композитора, профессора Кенжебека Кумисбекова. Также были использованы материалы, представленные автору заслуженным деятелем РК, профессором Жангали Жузбаем.

***Ключевые слова*:** Ергентай Борсабайулы, шертпе кюй, ученик Сугира, Каратауская школа.

Abstract

The article discusses the life and work of a prominent representative of the Karatau dombra tradition – Yergentai Borsabayuly. The founder of the above tradition, as is known, was Sugir Aliuly. The author analyzed the materials collected by the son of E. Borsabayuly – Syzdyk Ergentaiuly. Much attention was paid to the musical environment of kuishy, namely, the family and personality of

E. Borsabayuly's father – Borsabay Rakhmetov, his family relations with Sugur Aliuly were considered.

The article also provides an overview of materials about Yergentai Borsabayuly based on the memoirs of such cultural figures as professor Bilal Iskakov, Sabyrbek Olzhabay, professor Karshiga Akhmediyarov, people's Artist of the USSR and Kazakhstan Asanali Ashimov, composer, professor Kenzhebek Kumisbekov. The materials presented to the author by the hon-

ored worker of the Republic of Kazakhstan, professor Zhangali Zhuzbaevwere also used.

Keywords: Ergentai Borsabayuly, shertpe kuy, student of Sugir, Karatau school.

Сүгірдің талай күйін бойына сіңірген тума талант Ергентай Борсабайұлының есімі бүгінде аз аталып барады. Ол күйшілер арасында өзіндік стилі бар, ұлттық мақтанышқа айналған бірегей күйші – композитор Сүгір Әлиұлының сирек шәкірттерінің бірі болды. Сүгір шертпе күйдің негізін қалап, импровизациялық үрдістің классикалық үлгісін жасап, музыканың тілін өздігінше әрлеп, қазақ жеріне жаңаша ырғақ әкелсе, сондай-ақ орындаушылық шеберлігімен, күй тілінің қайталанбас иірімдерімен қайырмасы, тербеліс дірілдер арқылы өзіндік көркем келбет қалыптастырғаны аян. Десекте, Сүгір күйлерінің нәзік орамдарын, музыкасындағы ырғақтық, тақырыптық өзгерістерді көптеген күйші дәл келтіре алмады. Себебі домбыраның ішегін кезек қағып, қажет болған жағдайда саусақтармен басып, мыңдаған ерекше дыбыстарды шығарып, күйді өзгертіп отыру үлкен шеберлікті қажет етті. Бұл ретте Сүгірдің жолымен нық жүріп өткен ерекше дарынды шәкірті әрі беймәлім тұлға – Ергентай Борсабайұлының шығармашылығы мән беріп зерттеуді қажет етеді.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда Ергентай Борсабайұлы жайлы мәліметтер қысқа өмірбаянымен көзітірісінде көргендердің естеліктерімен шектеледі. Күйшінің бел баласы – Сыздық Ергентайұлы әке мұрасын жинап, баспадан шығарған еңбегінің арқасында Ергентай Борсабайұлына қатысты біраз мәліметтер мен оның қалған шығармаларымен танысуға мүмкіндік туындады.

Ергентай Борсабайұлы 1927 жылы Оңтүстік Қазақстан обылысы, Созақ ауданында дүниеге келген. Өмір бойы осы

ауданда әртүрлі қызметке араласқандығы белгілі. Жары Төребике он құрсақ көтерген. Тұңғышы Төлепберген қайтыс болған. Одан кейін үш қыз дүниеге келді, олар: Рахима, Рахия және одан кейінгі Арқашты Тоғызбай аталары бауырына салыпалған екен. Содан кейін зарығып ұл күтіп жүргенде дүниеге Сыздық келеді. Баласының айтуынша ол туыла сала «Борсабайдың баласы», деп атанып кеткен екен. Бұны Ергентайдың анасы Рабиғаның баланы «үлкен әкеңе тартқансың» деп отыратын әдетімен байланыстырады [1, 6]. [1,6].

Ергентай Борсабайұлы ұяң адам болса керек, әлде қазақилықтың сол кездегі көрінісі ма екен баласының: «Шіркін! Қазақтың қанымызға сіңген, ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қасиеті-ай. Сонау көшпенді елден қалған ерекше этиканы санасына сары алтындай сактағаны ма, әкем Ергентай біз Шәкизада екеуміз үйленген күні бірінші рет маңдайымнан сүйді», - деген естеліктерінен осыны байқай аламыз [1, 5].

Ергентай Борсабайұлының әкесі Борсабай ел ішінде аса беделді, ел басқарған, қиын қыстау кездері бір рулы елге бас болған адам еді. Ашаршылық жылдары осы төңіректегі халықты аштықтан құтқаруға ат салысқан. Ұлы Отан соғысы жылдары ер азаматтарды жаппай әскерге алып жатканда, сол кездегі саясаттың құрбаны болып кетуден қорықпай, қашпай, Созақ өңірінде мекен еткен рулардың әрбіреуінен бір-бір ер азаматты қан майданға жібермей, алып қалуды жүзеге асырған.

Осы тұста, «Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі» Сабырбек Олжабай Ергентайдың әкесі туралы естеліктерін келесідей сипаттап өтеді: «Әкем Борсабай елге сыйлы, өткен ғасырдың аласапыран, коллективтендіру, колхоздастыру кезінде белсене еңбек сіңірген, соның нәтижесінде ауылдық кеңестің төрағасы болған кісі еді. Ол Созақ көтерілісінің куәгері. Ашаршылықты да бастан өткерді. Ұлы Отан соғысы кезінде ауыл тұрмысын көтеруге көп еңбек сіңірді» [2].

Борсабай Сүгір Әлиұлымен немерелес ағайынды болып келеді. Әкесі Ергентайды он - он бір жас шамасында қолынан жетектеп: «Осы ұлға күй үйретші», деп Сүгірге тапсырған. Сүгірдің баласындай болған Ергентай ұлы күйшінің үйінен шықпай, күйіне құлақ түріп, әңгіме аңыздарын бойына сіңіріп өскен. Кейін басқа ауылға көшіп, есейген шағында ғана қайта қауышқан. Ергентайдың естеліктеріне қарағанда Сүгір жаңылмай, талмай бір күнде сексен бестей күй тартқан екен. Ал кейде, тіпті апталап, айлап қолына домбыра ұстамай қоятын кездері де болған. «Ара - арасында бір нәрсе қағып қалып жүріп үйрендік қой», деп Ергентай Борсабайұлы Сүгірден қалай тәлім алғанын әңгімелеп айтып отырады [1, 6].

Сабырбек Олжабай мұны толығырақ баяндап өтеді: «Біз Сүкеңмен Жайылма деген жерде іргелес отырдық. Менің әкем Борсабай Рахметов №12 ауылда, яғни, «Қызыл ту» колхозында ауылдық кеңестің төрағасы еді. Оның үстіне Сүгірдің әкесі Әлі мен біздің Рахмет аталарымыз көңілдері жақын ағайынды кісілер болған. Сүкең біздің үйге жиі келеді. Ол келгенде әкем алдына домбыра әкеліп қояды. Сүкең домбыраны баптап, шертіп тартады. Оған сабалап тарту жат. Керемет ызыңдар бой-бойымызды аралап өтіп, буын-буынымызға дейін майдай ерітеді. Мен күй таусылмаса, Сүкең тарта түссе екен деп жатамын. Сүкең күйді селқос тыңдап отырған жанды аңғарса, домбырасын тастай салады. Біз қыбыр етпей ұйып тыңдауға тырысамыз. Оның үстіне Сүкең күй тартқанда дем шығару қайда? Тіптен, мал екеш мал да күйсегенін қойып, күйге елітіп қалғандай тым-тырыс бола қалушы еді.

– Мына Ергентайым сенің күйлеріңді ұйып тыңдайды. Осыған күй тартуды үйретсеңші, – дейді әкем Сүкеңе.

– Әлі жас қой, бұған домбыра үйрену қайда? – деп Сүкең қыңырайып қалады.

Сол Сүкең кейде киіз үйде домбыраны бір өзі отырып тартады. Домбыраның қос ішегі бебеу қағып, небір әуезді

әуенді мың құбылтады. Мұндайда үйге кіріп келсеңіз, атақты күйші домбырасын шанағынан қақ бөліп, үйден шыға жөнелуден тайынбайды. Сонысын білетін біз күйді киіз үйдің сыртынан тыңдаймыз. Мен де осылай тыңдап жүріп көптеген күйлерін өзімше үйреніп алдым» [2]. Міне, осы естелік үзінді қазақтың дәстүрлі қоғамындағы тыңдау мәдениеті әрі Сүгірге тән орындаушылық мәнер ерекшеліктері жайын жеткізеді. Ал құйма құлақтық тек көру әсері ғана емес, тыңдау арқылы құлаққа құйып алудың маңыздылығын көрсетеді.

Шамамен 1965-1967 жылдары екінші-үшінші сыныпта оқиған баласы Сыздық жаздық каникулда әкесіне еріп, автоклубпен жайлаудағы шопандарды, ауылдарды аралап, концерттерді де тыңдап өсті. Баласының айтуынша, әкесі күймен қоса, термелерді де тамаша орындап, ауылда талай келіннің бетін ашты. Әйсе де, Ергентай Борсабайұлы еш уақытта орындаған күйін «өз жанымнан шығардым», деп мақтанып айтқан емес. Сол кездегі елдің көзі ашық азаматтары: «Әй, әкеңнің мына терме-жырларын таспаға басып алу керек еді» - деп ескертетін, баласы және өкінішпен: «Уақыт солай болды ма? Әлде мүмкіндік болмады ма? Әлде қолдың қысқалығы ма? Әйтеуір, әкемнің көп дүниелері өзімен бірге кетті ғой. Әсіресе, Тоқабай атамыз жәйлі әңгімелерді жырғып айтып отыратын», - деп еске алады[1, 7]. Баласы әкесінің туындыларының арасында күймен қатар Ергентай Борсабайұлының күлдіргі, әзіл - оспақ термелерінің де болғандығын тілге тиек етеді.

Ергентай Борсабайұлының азын-аулақ шығарған өлең-термелерін, баласы Сыздықтың жұбайы Шахизада көзі тірісінде «Көкесінікін» - қайтесің менікі жәй әншейін өзім үшін ғана айтылатын өлеңдер дегеніне карамай, «Көкелеп» жүріп жинаған екен. Ел ауызында қалған әңгімелерге қарағанда Ергентай Борсабаев өлең-сөздің соңына түспеген, аракідік айтқандарын келіні Шахизада «Көке тағы бір қайталаңызшы», деп қояр да қоймай жазып алып отырған-

ды. Тіпті: «Сықа, байқаймысың көкемнің өз жанынан шығарған өлең-термелері әжептәуір», - деп тамсанып Сыздыққа айтқызып отырған [1, 7].

Сыздық Борсабаев жарының әкесіне қатысты естеліктерін жинақтап, артынан қалдырып кеткен елеулі еңбегін келесідей сипаттап өтеді: «Күнделікті күйкі тірліктен аса алмай жүргенімде келіні Шахизада сол олқылықтың орнын толтыра білген екен, қолыңызға тиіп отырған кітап соның айғағы», деп естелік кітабының алғы сөзінде жазып қалдырыпты.

Ергентай Борсабайұлының еңбекқор болғаны туралы жазушы Шаханұлы Беріктің естеліктерінен аңғара аламыз: «Қазақтың ең ұлы өнері — күй өнерінің қайталанбас шебері, сөнбейтін жарық жұлдыздардың бірі Сүгір Әлиевтің өзінен домбыра үйреніп, кезінде санаулы шәкірттерінің бірі болған, сол кісінің мұрасын кейінгілерге жеткізушілердің бірі болған Ерекең өмір бойы ауылда, қатардағы еңбеккер болып, қызмет жасапты. Өз қоғамының, дәуірінің лайықты бір перзенті ретінде ғұмыр кешіпті. Тәрбиелі ұл-қыз өсіріп, ел санатына қосыпты. Ауылдағы шаруашылықты сан-салалы жұмыстарына жегіліп жүріп, сары домбырасын қолынан тастамапты. Сүгірдің құдіретті, киелі саздарын ел арасында бір кісідей насихаттапты. Сөйте жүріп ақын жанды азамат қойын дәптеріне әркез көңіл-күй толқынысынан туған өлең шумақтарын түсіре беріпті. Көз көрген кім-кімнен сұрасаңыз да Ерекең туралы ілтипатпен айтады. Артында жақсы сөз қалсын деген осы болар» [1, 75].

Күйшінің өмірбаянын ашуға септігін тигізер тағы бір естелік ҚР жазушылар Одағының мүшесі Сансызбай Құттыбаевқа тиесілі болды: «Ергентай аға Созақ өңірінде туып, сол өңірді жайлап, сол өңірде мәңгілік жайын тапқан. Руы - кіші жүздің сауырлы руы Тама. Ергентай ата Сүгірге немере болып келеді және Сүгірдің күйінің сүлей орындаушысы, халыққа жатпай-тұрмай таратушысы еді. Кездескен сайын әңгімеге сусындап алғасын ол кісі Сүгірдің

күйін тартатын-ды. Бәріміз күйдің құдіретіне бір тағзым етсек, орындаушылық өнердің өресіне екінші мәрте бас иетінбіз. Алдымызда сүлей Сүгір отырғандай сезінетінбіз. Бабамыздың өзі отырмағанымен көзі отырғанына көңіліміз бітіп тәубеге келетінбіз.

Сондай отырыстардың бірі еріксіз еске түседі, өйткені бұл ағамен болған соңғы оты- рыс еді. 2004 жыл. Сыздық әкем келіп жатыр, деп үйіне шақырды. Қуана - қуана бардық, өйткені бұндай отырыс бір ғанибет отырыс боп өтуші еді. Барсақ, кілең кешігіп жүреміз ғой, үй толы адам, ығайлар мен сығайлар. Төрде аға отыр. Айналасы кілең атақтылар. Қаршыға Ахмедяров – көл-дәрия күйші, Берік Шаханов – жазушылар одағының төрағасының орынбасары, Жаулыбай Иманәлиев, консерватория деканы – Біләл Ысқақов және өнер институтының біраз оқытушылары бейне бір осы шағын пәтерге бүкіл қазақ өнерінің тарландары көшіп келгендей. Біз тындаушылармыз. Қаршыға ағамыздан бастап бәрі күйдің бұлағын ағызсын кеп. Мәз мәйрамбыз. Енді бір кезде ағаны қолқаладық. Ол кісі де тәлімсімеді, өзі де солай еді ғой. Бәрі таспаға жазылып жатты. Ағаны сол күні де консерваторияға әкеліп таспаға түсірген. Студенттермен кездесіп, тәлімін тәптіштеген.

Бұл Ергентай ағамен болған бір-ақ сәт күй мен көңілге шомылып, бақытқа кенелген сәт» [1, 82-83].

Ергентай Борсабайұлының шығармашылық өміріне келер болсақ, белгілі профессор, музыка зерттеушісі Біләл Ысқақов Ергентай Борсабайұлы туралы келесідей пікірін білдіріп өтеді: «Шығармашылық қалпын тұрақты түрде сақтай отырып, оны біртұтас өнер туындысы ретінде қалыптастыра отырып, ерекше өзгеріссіз, импровизациялық негізде дамитын музыкалық жүйенің қалыптасуына орындаушының қосқан үлесі ерекше болды. Қолдан қолға, ұстаздан шәкіртке ауысу күйі оқушының қолында жаңғыртылып, сақталып отыруымен қатар, керісінше,

дайындығы жоқ оқушыда туындының өзі сұлулығын жоғалтып, қолынан бірте-бірте жоғалады. Сүгір күйлерінің ғұмыры Ергентай деген талантты шәкірттің қолында ұзарып жанданғаны да сондықтан болар. Ергентай орындаған «Бес жорға», «Жолаушынның жолды қоңыры», «Шалқыма», «Ыңғай төк» күйлері басқа орындаушыларға қарағанда көбірек дамып, өзгеріссіз қалды. Оның үстіне «Бес жорғаның» Ергентай орындауындағы нұсқасы жаңаша күйдегі музыкалық партияларға өте бай. Ергентай күйшінің орындаушылық шеберлігінен кәсіби, өз бетінше, құрылымды көркемдік ағымды көреміз», - дейді домбырашы [2].

Сөз соңында күй саласының маманы Біләл Ысқақов: «Күй өнері еш халықта жоқ, ол шежіре өнерінің қазынасы. Ал Ергентай Борсабайұлы – дәстүрлі күй өнерінің соңғы могиканы», - деп тоқталып кетеді.

Профессор Қаршыға Ахмедияров: «Ергентай Борсабайұлы арнайы оқу орнын аяқтамаса да, домбыра тартқаны дәстүрлі классика. Оның өзіндік орындаушылық қолтаңбасы бар», - деп бағалап өтсе, КСРО және Қазақстанның халық әртісі Асанәлі Әшімов те осыған сай ойын білдірген. Белгілі өнерпаз орындаушымен бірге көңіл көтергенін, Ергентайдың домбырадағы шеберлігіне тәнті болғанын сөзге тиек еткен.

Кезінде профессор, белгілі композитор Кенжебек Күмісбеков «Қазақ күй өнерінде саздылығымен, құрылысымен ерекшеленетін бір бағыт бар, бұл Қаратау өңірінің күй мектебі», деп жазып кеткен болатын.

Созақ сахарасы расында көптеген өнер майталмандарының, оның ішінде домбыра тартатындардың мекені болған. Сондықтан да жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Созаққа барсаң, өзіңді күйші демей-ақ қой», деп бекер айтпаса керек [3].

Ергентай Борсабайұлы өмірінің соңғы жылдарын Байдәулетов Мәди жоғарыда келтірілген естелікте

қамтылып өткен кездесуді толығырақ тарқатып, былай баяндайды: «Кешегі кеңес үкіметі тарағанға дейін Қазақ радиосынан, сирек болса да, Ерекеңнің орындауында Сүгірдің күйлері беріліп тұратын еді. Оны өзіміз сол Қазақ радиосынан талай рет тыңдадық та. Неге екені белгісіз, еліміз тәуелсіздік алғалы бері Ерекеңнің орындауындағы Сүгірдің күйлерін ести алмай жүрміз. Ерекең 2002 жылы 20 желтоқсанда Ықылас Дүкенұлы атындағы мұражайда өткен Сүгір күйшінің туылғанына 120 жыл толуына байланысты өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияға келген сапарында, яғни 21 желтоқсан күні Казақ радиосының «Күй құдіреті» бағдарламасын жүргізетін белгілі сазгер, күйші Қалқаман Жүнісбекұлына сұхбат бере отырып, Сүгірдің сегіз күйін, Ықыластың үш күйін жаздырған болатын. Ерекеңнің орындауындағы сол жазылған күйлердің не себептен Қазақ радиосында берілмей келе жатқаны түсініксіз болып тұр. Сүгірдің күйлері Жаппас Каламбаев, Төлеген Момбеков, Әлімхан, Жанғали, Сәрсенғали Жүзбаевтардың, Саян Ақмолдалардың орындауларында жиі беріліп тұрғанымен, Ерекеңнің орындауында өзі жаздырған күйлердің бірде-бір рет берілмеуі өкінішті-ақ. Олай дейтініміз, күнделікті Шалқардан беріліп тұратын «Күй құдыреті» бағдарламасынан басқа күйшілерді тыңдап жүргенімізбен, Ерекеңді тыңдай алмадық. Ерекең сол келген сапарында Сүгір күйшінің шығармаларына байланысты орын алған кейбір келеңсіз жағдайларды тарқатып, талдап, мамандардың алдында дәлелдеп, орын-орнына қойып беріп кеткен еді. Ерекеңнің қатысуымен өткен конференция ертеңіне 21 желтоқсан күні Білəл Ысқақтың шақыруы мен Құрманғазы атындағы консерваторияда жалғасты. Ерекеңді Қаршыға Ахмедияров, Уəли Бекенов, Білəл Ысқақ, тағы басқа мамандар мен домбыра класының студенттері ыстық ықыласпен қарсы алды. Ерекең сол жерде Сүгірдің оншақты, Ықыластың үш күйінің шығу тарихын айта отырып, орындап берді. Бас қосу 22 желтоқсан күні Ерекеңнің үлкен

ұлы, игі бастамаларға ұйытқы болып жүрген азамат Сыздықтың үйінде жайылған кең дастархан басында Қаршыға Ахмедияров, Біләл Ысқақ, Берік Шаханұлы, Жаулыбай Иманалиев, Оралбек Сарбасов, тағы басқалардың қатысуымен жалғасты. Қаршыға да, Біләл да сексенді алқымдаған Ерекеңнің күй тартысына дән риза болып, Ерекеңнің домбырасымен кезек-кезек күй тартысып, қанағаттанғандық сезімдерін білдіріп тарқасқан еді. Бұл Ерекеңнің Алматыға соңғы сапары, менің Ерекеңмен соңғы кездесуім еді» [1, 112-114].

Осы тұста, Ергентай Борсабайұлының Сүгірдің сегіз күйін, Ықыластың үш күйін қалдырған жазбасы мен Сүгір күйлеріне байланысты орын алған келеңсіз жағдайлар туралы ескертпесі мен түзетулерін жарыққа шығару алда тұрған міндет деп білуіміз қажет.

Қорытындылай келе, Олжабай Сабырбектің Ергентай Борсабайұлымен сұхбаттасып отырып сөз соңында қозғаған мәселесін сипаттап өтсек болады:

«Ерекең ұзақ әңгіме шертті. Мен Ерекеңді Сүгірге ұқсаттым. Бәлкім, мақсаты егіз жандар бір бейнеге айналып кетеді деген сөз рас та шығар – ау.

Ергентайлар - тірі тарих. Көнекөз қарияның аузынан Сүгір туралы әлі талай шертілмеген сыр табуға болады. Әттең, оған біздің немқұрайлығымыз кедергі жасай бермек. Сүгірдің күйеу баласы түсірген жалғыз сурет сынды оның көзін көргендер де сиреп қалды. Қазір Сүгірдің көзін көргендердің естеліктерін де жиып ала-алмайтын қауіп бар. Бұл әлі талайларды өкінтері анық. Сондықтан өнер зерттеушілері Ерекеңді ұмытып кетпесе екен деген тілек бар. Сондай - ақ, Ерекең жөнінде зертеушілері телефильм жасаса артық болмас еді» [1,119-110].

Демек, жиналған дерек, ел ішінде сақталған естелік әңгімелерімізді қорытындылар болсақ, Сүгір күйшінің ізін жалғастырған сұңғыла күйші Ергентай Борсабайұлының орындаушылық мәнері мен күйшілік мұрасы арнайы

зерттеуді қажет ететініне көз жеткізеді. Ол болашақ ұрпаққа ұлы мұра тағлымын төкпей-шашпай болашаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Қосымшалар

1-сурет. Ергентай Борсабаев
2-сурет. Ергентай Борсабаев пен жары Төребике

3-сурет. ЕргентайБорсабайұлының баласы Сыздық Ергентайұлы
4-сурет. Сыздық Ергентайұлының жары Шахизада Ыбырашқызы Ергентай келіні)

5-сурет. Отырғандар: Ергентай Борсабаев, немересі Жалғас, жары Төребике
Тұрғандар: баласы Сыздық, Аңсар, келіні Шахизада

Әдебиеттер тізімі

1. Борсабаев С. Е. Өткен күнім - Естелік. Мақалалар, өлеңдер, термелер. Алматы:Ләйлік, 2007. – 140 б.
2. Олжабай С. Сүгірдің саңлақ серігі [Электронный ресурс] // Режим доступа URL: https://qazaqadebieti.kz/16133/s-girdi-sa-la-serigi (дата обращения: 16.01.2021)
3. Қаратаудың күйшілік керуені [Электронный ресурс] // Режим доступаURL: https://okg.kz/post?id=25353&slug=qarataudyn-kuishilik-kerueni (дата обращения: 16.01.2021)

Автор туралы мәлімет:

Ералиева Ақниет – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Сабырова Алия Сұлтанмұратқызы, қауымдастырылған профессор, өнертану кандидаты.

Сведения об авторе:

Ералиева Акниет – магистрант 1курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Сабырова Алия Султанмуратовна, доцент, кандидат искусствоведения.

Галия ИЗБАСАРОВА,
магистрант 2 курса
КНК имени Курмангазы
Алматы, Казахстан

НАРОДНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПЕСНЯ МАНГЫСТАУ

Аннотация

В данной статье рассматриваются зарождение народно-профессиональной песни Мангыстау, музыкальное творчество и характеристика певцов «адайдың жеті қайқысы». Автор раскрывает понятие «профессионализма» через исследования филологов и этномузыковедов, дает характеристику певцов типа «қайқы», «сал» и «сері», обосновывает их общие и отличительные черты. Песенная культура Мангыстау до сих пор в полном объеме не исследована. Изучение народно-профессиональной песни Мангыстау – большая и актуальная задача этномузыковедения на сегодняшний день. Последние публикации нотных материалов значительно облегчают эту задачу и призывают к скорейшему освоению и анализу этого музыкального наследия.

Ключевые слова: Мангыстау, понятие «профессионалмзма», народно-профессиональная песня, қара өлен, синкретичность искусства, «сал», «сері», «қайқы».

Аннотация

Бұл мақалада Маңғыстаудың халықтық-кәсіби әнінің пайда болуы, әншілердің музыкалық шығармашылығы мен "адайдың жеті қайқысы"сипаттамасы қарастырылады. Автор филологтар мен этномусикологтардың зерттеулері арқылы "кәсібилік" ұғымын ашады, "қайқы", "сал" және

"сері" сияқты әншілерге сипаттама береді, олардың жалпы және ерекше ерекшеліктерін негіздейді. Маңғыстаудың ән мәдениеті әлі толық зерттелмеген. Маңғыстаудың халықтық-кәсіби әнін оқу-бүгінгі таңдағы этномузыкасытанудың үлкен және өзекті міндеті. Музыкалық материалдардың соңғы басылымдары бұл тапсырманы едәуір жеңілдетеді және осы музыкалық мұраны тез игеруге және талдауға шақырады.

Тірек сөздер: Маңғыстау, "кәсіпқойлық" ұғымы, халықтық-кәсіби ән, қара өлең, өнердің синкретикасы,"сал","сері","қайқы".

Abstract

This article examines the origin of the Mangystau folk professional song, musical creativity and characteristics of the singers "adaydyn zheti kaikysy". The author reveals the concept of "professionalism" through the research of philologists and ethnomusicologists, characterizes singers such as "kayky", "sal" and "seri", substantiates their common and distinctive features. The song culture of Mangystau has not yet been fully investigated. The study of the Mangystau folk-professional song is a big and urgent task of ethnomusicology today. Recent publications of musical materials greatly facilitate this task and call for the speedy development and analysis of this musical heritage.

Keywords: Mangystau, the concept of "professionalism", folk-professional song, kara olen, syncretism of art,"sal","seri","kayky".

Казахское песнетворчество, рассматриваемое по А.В.Затаевичу в региональных стилях состоит из *восточной* (аркинская), *западной* (мангыстауская, уральская) и *юго-западной* (сырдарьинская кармакчинская) песенных традиций.

Песенная традиция Мангыстау, как и эпическая,

зародилась в древности и имеет многовековую историю. В отношении казахских песен, как отмечает С.Елеманова, используется такое понятие как *народно-профессиональная и устно-профессиональная.* Б.Г.Ерзакович также отмечает о *профессиональности* творчества музыкантов и певцов еще в *дореволюционное время*: «Носителями и популяризаторами музыкального искусства были певцы (өлеңші, әнші), сказители (жыршы) и музыканты (күйші), деятельность которых носила *профессиональный* характер. Репертуар профессиональных певцов и музыкантов содержал обычно такие произведения, для исполнения которых надо было обладать сильным, большого диапазона голосом и вокальным мастерством или безупречной техникой игры на инструменте» [1, 22].

О профессиональности певцов писали в своих очерках и трудах многие путешественники. Е.К. Мейендорф (1794-1863) собиратель казахских песен, в книге «Путешествие из Оренбурга в Бухару» (М., 1975) рассказывает о традиции казахов, об исполнителях песен и поэм, называя их *профессиональными певцами*. П.И.Пашино (1836-1891) и Г.Н.Потанин (1835-1920) в своих исследованиях отмечали о профессионализме казахов в пении.

Народно-профессиональная песня начала свою историю во второй половине XIX начале XX веков. В наши дни она функционирует в центральных и восточных районах Казахстана. С.Елеманова отмечает отличие стилистики народно-профессиональной песни Мангыстау от аркинской, поясняя «различными условиями их существования и соседства – влияния исконно профессиональных институтов: в Арке-аркинского, в Мангыстау – эпического творчества» [2, 125]. Исследователь поднимает проблему малоизученности народно-профессиональных песен Мангыстау. Она

отмечает, что отдельные песни авторов Мангыстау стали известны благодаря тому, что попали в репертуар народного артиста КазССР Гарифуллы Курмангалиева. Это песни Кайыпа «Ақбөбек» и «Жадау көк», Ускембая «Кербез Айша», Адиля «Жайма қоңыр» и др.

Филолог К.Сыдыков в своем исследовании пишет об исполнителях песен «семи кайкы» современнике Сугура Бегендикулы *Карагуле Конаршиеве, Жеткизгене Сеитове* (1954) жыршы и әнші, певце *Токтамысе Орак Байдалы* родственнике и современнике Абыла (по сведениям Орисбая Алданулы). До нашего времени дошли песни кайкы Кайыпа Корабайулы (1853-1918) «Ақбөбек» (1887г), «Жадау көк» («Отощавший конь»), посвященной своей возлюбленной, кроме этой песни он посвятил ей, по сведениям К.Сыдыкова, еще 30 песен, из них песня «Дариғай» (3-ий вариант «Ақбөбек»). В сборнике «1000 песен казахского народа» (Оренбург, 1925) А.В.Затаевича размещены два варианта песни «Ақбөбек». В наше время варианты песен «Ақбөбек» поются не только в Западном Казахстане, но и в Актюбинской, Тургайской областях. В 1921 г. в Оренбурге А.В.Затаевичем были записаны и размещены 39 адайских песен без текста в сборнике *«Адай уезі».* В записи участвовали 11 уроженцев Мангыстау, среди которых был Жылау Мынбаев. От него были записаны песни «Ақтан», «Акбөбек», «Жуас қоңыр», «Қараторғай». Еще 16 песен были записаны от певцов Басыгарина Тажимана, Нураханова Курмаша, среди них песня Досата «Бос мойын» («Акзер»), «Ақ қөйлек», «Ораздың әні». Последняя песня принадлежит автору, народному певцу Оразу Онгалбаеву.

В конце XIX начале XX века на Мангыстау жила и творила группа певцов, именуемые как «семь адаевских қайқы» («адайдың жеті қайқысы»): Ускенбай Калмамбетулы, Шолтаман, Адиль Отегулулы, Тастемир Шыршыгулы, Жылгелды Тенизбайулы, Досат Мустафаулы,

Турсын Алдашулы. Эти семь певцов разъезжали вместе по Мангыстау, Хиве и Хорезму, Жему и Жайыку и представляли народу свое искусство. Они участвовали в музыкально-поэтических состязаниях, тоях, окружали себя другими талантливыми молодыми певцами, поэтами и создавали *кочующий театр*, являясь частью культурной жизни народа, оказывая эстетическое влияние на них. «*Постоянные странствования профессиональных деятелей музыкального искусства помогали им глубже познавать жизнь народа, его думы и чаяния*» [1, 23]. Эпосовед, писатель Кайрат Жанабаев дает пояснение: «Если давать точное определение, то салы и сэри — народные актеры кочующего театра» [4]. Профессиональный певец мог быть и исполнителем жыров и терме и поэтом. Их искусство синкретично, а деятельность была многогранна. Приведем слова из песни Кожантая Койбаса Жалбырулы «Маңғыстаумен қоштасу» где поется о странствовании певцов, о их кочевой свободной жизни, строка «*Сайқылық* құрдық сабылып» означает «собрались мы друзья вместе, чтобы петь...».

В1989 г. в свет выходит пластинка народно-профессиональных песен «Семи адаевских кайкы» в исполнении Куруша Тасболатова (1941-2019). Биографии народно-профессиональных певцов и некоторые записи их песен впервые появились в 1994 г., в сборнике «Манғыстау әуендері» (21 песня). Это издание, подготовленное известным певцом и акыном Избасаром Шыртановым (1941-2001), где были размещены биографические сведения и характеристика «Семи адаевских кайкы» (Адайдың жеті қайқысы). В 2001 г. в Алматы выходит книга «Адайдың жеті қайкысы» Алтынбека Жумашулы Тлегенова с нотировками тринадцати песен певцов.

В книге С.Елемановой «Казахское традиционное песенное искусство» дана характеристика и анализ народно-профессиональных песен «Адайдың жеті

қайкысы». Это песни Досата «Досаттың әні», «Босмойын», «Жамал-ай», Тастемира «Маңғыстау», Кайыпа Корабайулы (1853-1918) «Ақбөбек» (1887г), «Жадау көк», Медета Жылгельды «Құнан нар», Каржау Турсына «Оймауыт», «Айырық», Смагула Кенжеали «Әлеушан», Адиля «Әділдің қара әні», Шолтамана «Дәләйшім» («Тал кеме»), «Аққербез», Ускембая "Жеті бұлбұл", "Қербез Айша", "Жирен жорға". Народно-профессиональная песня Мангыстау по исследованию С.Елемановой имеет связь с двумя традициями региона – народной песней қара-өлен и эпическим искусством. Автор отмечает: «Значительная часть народно – профессиональных песен сочинена в структуре *кара олен* (из известных только три песни созданы в самостоятельной народно-профессиональной форме – «Манғыстау», «Ақбөбек», «Досаттың әні»), все остальные в форме повторенной полустрофы с припевным дополнением или без него. Почти во всех песнях звучат типичные для народных кара олен темы и поэтические обороты».

Для наглядности обратимся к песне Ускембая «Жеті бұлбұл», где есть такие слова: «Бірігіп *серілікпен* елге жеттік» («И отправились бродить, как странствующие *серэ* (странствующие рыцари)»), «Өнер мен мерекені ермек еттік» («Мы сделали своей забавой искусство и праздник»), «*Қара өлен* төртен салып дөнгелеттік» («И пускаем по кругу вчетвером *қара өлен*»). Из этих слов песни можно сделать вывод, о коренной связи народно-профессиональных песен с қара өлен. Так, в сборнике «Адайдың ырғамасы. Мангыстау эндері, жыр-саздары» (2005 г., составитель А.Жанбырши) размещены пять қара өлен Бораша, Бактыбая, Кенгали, Казихана и еще народная қара өлен. В исполнении певцов С.Нуржанова, К.Тасболатова, Е.Емила в сборник вошли нотировки песни Тастемира «Маңғыстау» (2 варианта), Турсына «Қөлқайнар» (2 варианта), «Айырық», «Оймауыт», Досата

«Босмойын» (2 варианта), Адиля «Жайма қоңыр», «Бес өрдек», Ускембая «Қербез Айша», «Жирен жорға», «Жеті бұлбұл» и др. Также были размещены песни таких авторов как Хамит Ускинбайұлы, Есен Корабай, Смагул Кенжалулы, Бораш Кыдырбайулы, Шегем Бактыбай, Нәрік, Актан, Айша, Сугурали Кенгали, Койбас, Утеш, Шеркеш Кыздырбай.

Тематика народно-профессиональных песен Мангыстау была различной. Так, песни Кайапа «Акбобек», «Жадау көк» («Отощавший конь»), «Дариғай» трагическая история любви Кайыпа и Акбобек. Кайып сравнивает себя с слабым немощным конем, уставшим от испытаний судьбы. Песня Тастемира «Маңғыстау» о любви к Родине, к природе, Ускембая «Қербез Айша» о грациозной танцовщице Айше и.т.д

В отношении певцов используются такие понятия как «сал», «сері», «кайкы». По словам И. Шыртанова, «кайкы», салы и сері - одна и та же категория носителей национального искусства, если в Арке певцов величали «сал», «сері», в местности Сырдарии их назвали «сүлей», то в Мангыстау мужчин певцов звали «қайқы», а женщин «сәйкі». Этномузыковед Б.Турмаганбетова пишет о «қайқы»: «*қайқылық* – жыршылық ортада синкреттік әншi-композитор-ақын-күйші-жыршы тұлғасының әншілік өнерінің басым түскендігіне берілген атақ екен» [7, 46] (искусство қайқы синкретично, оно объединяет в себе задатки певца, композитора, акына, кюйши и жырши»), «қайқылар шығармаларының орындалуы мен табиғаты (мазмұны, екпіні, өлшем-ырғағы, аспап сүйемелі, көркемдігі) [7, 48]- кербез әндер деп сипаттауға лайық» («исполнение произведений қайқы с учетом выразительнях средств таких как содержание, темп, метро-ритм, инструментальное сопровождение, художественность можно отнести к разряду «изящных» песен.

Е. Турсунов поясняет значение слов *сал и сері* как

синонимов, «сал и сері были акынами, певцами, заводилами веселья, носили одежду сшитую из дорогой материи, ездили на аргамаках, забавлялись охотой с ловчими птицами и в сопровождении спутников разъезжали по аулам в поисках веселья» [8, 222]. Отличие *сал и сері* было в том, что *сері* не одевались ярко, броско, экстравагантно, они вели себя сдержанно, этично, были рассудительны. Их репертуар состоял в основном из *лирических* песен, они имели сильный красивый голос, сочиняли оды, импровизировали и участвовали в айтысах. Е.Турсунов переводит значение слова сери как «рыцарь» подразумевая галантность и рыцарственность поведения. Певцы *салы* были близки к актерской деятельности, в своих выступлениях показывали цирковые номера, фокусы, жонглировали. Вот как он поясняет: *«По характеру излюбленных образов и мотивов, идейно-тематическому содержанию и жанровому составу поэтическое творчество сэри и салов чрезвычайно близко друг другу. Подобно салам и в отличие от акынов, сэри не принимали участия в руководстве и проведении семейных и родовых обрядов. Основная область поэзии сэри, как и поэзии салов, богемная лирика, основные мотивы- мотивы степной богемы, то есть земных радостей, любви и дружбы»* [8, 225].

Эпосовед Кайрат Жанабаев пишет о творчестве певцов: «салы и сэри были представителями музыкально-театрального искусства. В их творчестве присутствовали и *эпос*, и лирика, и драма, и даже мифологическое начало, так как они олицетворяли собой древний культ плодородия, вечно торжествующей любви, цветущей жизни и весны» [4] С. Елеманова также отмечает о связи народно-профессиональной песни с эпосом: «Народно-профессиональная песня Мангыстау широко использует ладовые и композиционные средства *эпических* полотен, но в рамках миниатюрной песенной формы» [2, 149].

Таким образом, из исследований двух авторов, мы можем сделать вывод, что народно-профессиональная песня связана с задатками эпоса, она имеет автора и более сложна и масштабна в исполнении, чем қара өлен.

На пути к изучению народно – профессионального искусства Мангыстау, сегодня было рассмотрено творчество выдающихся певцов «Адайдың жеті қайқысы», общее и отличие типов «қайқы», «сал» и «сері». Особенностью художественного содержания в песнях является отражение философских идейных взглядов автора, его душевных переживаний и культа любви. Изучение народной и народно-профессиональной песни Мангыстау – большая и актуальная задача этномузыковедения. Последние публикации нотных текстов значительно облегчают эту задачу и призывают к скорейшему освоению и анализу этого музыкального наследия.

Список литературы

1. Б.Г.Ерзакович Песенная культура казахского народа. Алма-Ата, 1966. – 397 с.
2. Елеманова С.А. Казахское традиционное песенное искусство / С. А. Елеманова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000г
3. Қ.Сыдиықұлы. Сарқылмас казына. – Алматы: Жазушы, 1996г.
4. Легенды великой степи: салы и сэри. [Электронный ресурс]. – URL: https://voxpopuli.kz/legendy-velikoy-stepi-saly-i-seri-13723/
5. Тілегенов А. Ж. «Адайдың жеті қайқысы». Алматы. - 2011
6. «Адайдың ыргамасы. Мангыстау эндері, жыр- саздары». –Алматы, 2005
7. Б.Ж.Тұрмағамбетова Қазақстанның батыс аймағының ән мәдініеті. Алматы. – 2009.

8. Турсынов Е.Д. Древние типы носителей казахского фольклора (генезис и типология): автореф.…д.филол. – Алматы. 2003
9. І.Шыртанов. Адайдың жеті қайқысы //Алтын Орда. - 2000. – 28қантар.
10. С. Елеманова «Александр Затаевич и проблемы современного этномузыкознания в Казахстане»//Музыкальное искусство Евразии. Традиции и современность, 2020/1, с.35-43.

Автор туралы мәлімет:

Ғалия Избасарова – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты.

Ғылыми жетекшісі – Елеманова Саида Абдрахимовна, өнертану ғылымдарының докторы, профессор.

Сведения об авторе:

Галия Избасарова – магистрант 2 курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Научный руководитель – Елеманова Саида Абдрахимовна, доктор искусствоведения, профессор.

Марина ПАК
магистрант 1 курса
КНК им. Курмангазы,
Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМА ПРОФЕССИОНАЛИЗМА В КАЗАХСТАНСКОМ МУЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация

Отандық музыкатанудың, ең алдымен этномузыкатанудың іргелі мәселелерінің бірі – ауызша дәстүрдің кәсібилігі. Өткен кезеңнің үздік ғалымдары жүгінген бұл мәселе – қызметі дәстүрлі музыканы зерттеумен тығыз байланысты, қазіргі XXI ғасыр қазақстандық зерттеушілері үшін де өзекті. Кәсібилік мәселесінің түрлі аспектілеріне қатысты шетелдік және қазақстандық музыкатанушылардың мәтіндеріне мазмұнды-талдау жұмыстары жүргізілді. А. Затаевичтің, А. Жұбановтың, Б. Ерзаковичтің еңбектерінде кәсіби ауызша дәстүрді зерттеудің алғышарттары байқалады. Дәстүрлі қазақ музыкасын дербес проблематика ретінде қарастырып, кәсіби мәртебеде зерттелуіне көбіне А. Даниелудің Азия елдерінің халықаралық трибунасындағы баяндамасы түрткі болды. В. Беляев пен Н. Шахназарованың еңбектері әдістемелік негізге айналды. С. Елеманова ауызша дәстүрдің кәсібилігін зерттеу мәселелерін қазақтардың ән мәдениетінен қарастырады. Зерттеуші кәсіби өнердің әлеуметтік мәнін және оның нақты тарихи формаларын зерттеу, мәдениеттің морфологиясын талдауға мүмкіндік береді деп жазады. Д. Амирова қазақтардың халықтық-кәсіби дәстүрдегі ән мелосының аспаптық алғышарттары және Арқа дәстүрінің ауызша-кәсіби ән жанрының табиғаты сияқты проблемаларға назар аударады. А. Мұхамбетова кәсібилік мәселесіне тарихи-типологиялық тұрғыдан

қарайды. Нәтижесінде, қазақ музыка тарихындағы кәсібилік мәселесін зерттеу, отандық музыкатанудың дамуындағы маңызды кезең болды деген қорытындыға келеміз. Оның нәтижесі музыкалық мәдениеттің құрылымын неғұрлым толық түсіну, ауызша дәстүрді таратушылардың мәртебесін және олардың кәсібилігін мойындау болды. Осылайша, ауызша дәстүрдің кәсібилік мәселесі қазақстандық музыкатану ғылымының іргелі мәселелерінің бірі болып қала береді.

Тірек сөздер: Кәсіби музыка, қазақстандық музыкатану, кәсібилік типтері, ауызша-кәсіби шығармашылық, дәстүрлі музыка.

Аннотация

Одна из фундаментальных проблем отечественного музыкознания и, прежде всего, этномузыковедения – профессионализм устной традиции. Вопрос о профессионализме, к которому так или иначе обращались практически все ученые прошлых лет, актуален и для казахстанских исследователей XXI века, деятельность которых тесно связана с изучением традиционной музыки. Нами проведён контент-анализ текстов зарубежных и казахстанских музыковедов, касающихся различных аспектов проблемы профессионализма. Предпосылки к изучению профессионализма устных традиций наблюдаются в трудах Затаевича, Жубанова, Ерзаковича. Толчком к изучению казахских музыкальных традиций в статусе профессиональных и к выделению его в самостоятельную проблематику во многом послужил доклад А. Даниелу на Международной трибуне стран Азии. Методологической основой послужили труды В. Беляева и Н. Шахназаровой. С. Елеманова рассматривает вопросы изучения профессионализма устной традиции в песенной культуре казахов. Исследователь пишет, о социальной сущности профессионального искусства и, что изучение с этой точки

